

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі ұсынған

Р. Зайкенова
Л.Н. Нұрланова

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің
10-сыныбының жаратылыстану-математикалық
бағытына арналған оқулық

10



ӘОЖ 373. 167.1
КБЖ 84 қаз-44 я72
З -15

А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының сарапшыларымен келісілді

Зайкенова Р. ж.б.
З -15 **Қазақ әдебиеті.** Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбының жаратылыстану-математикалық бағытына арналған оқулық. Зайкенова Р., Нұрланова Л.Н. / – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы, 2019. – 128 бет.

ISBN 978-601-318-225-4

Оқулық жалпы орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып жазылды. Оқулықтың тілі жеңіл, оқушылардың өз бетімен білім алу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

ӘОЖ 373. 167.1
КБЖ 84 қаз-44 я72



ISBN 978-601-318-225-4

© Зайкенова Р.,
Нұрланова Л.Н., 2019
© «Арман-ПВ» баспасы, 2019

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

Шартты белгілер

Жаңа тақырыпты меңгерту тапсырмалары – функционалдық сауаттылықты қалыптастыру тапсырмалары



– ақын-жазушылар туралы пікірлер



– танымал тұлғалардың философиялық ойтолғаулары



– тақырыпты кеңейтетін танымдық мәліметтер



– әдебиеттану ғылымының түсініктері



– әдебиет теориясын меңгерту тапсырмалары



– қосымша дереккөз материалдары



– тақырыпқа қатысты қызықты мәліметтер



– қосымша оқуға ұсынылатын әдебиеттер



– шығармалар үзінділері мен кейбір мәліметтердің аудионұсқасы



Назар аудар

Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда, қосымшаны *arman-pv.kz* сайтынан тауып, өз компьютеріңе жүктеп алуыңа болады

АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты жас шәкірт! Жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймыз!

Қолындағы оқулық өзінді қазақ әдебиетінің маржандарымен таныстырады. Оқулық «Қалың елім, қазағым», «Қазақтың Қанышы», «Парасат пайымы», «Тарих тағылымы» тарауларынан тұрады.

«Қалың елім, қазағым» тарауы Абай аталарыңның шығармашылығына, дәлірек айтқанда, «Сегізаяқ», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Лай суға май бітпес, қой өткенге» өлеңдері және «Он жетінші», «Отыз екінші» қарасөздері мен «Масғұт» поэмасына арналады.

«Қазақтың Қанышы» тарауына Медеу Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесі кіріп отыр.

«Парасат пайымы» тарауы қазыналы тарих қойнауынан сыр шертетін А.Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесін, Оразақын Асқардың «Шетте жүрген бауырларға» өлеңін және Талап Сұлтанбековтің «Көшпелі алтын» ғылыми-фантастикалық әңгімесін қамтиды.

«Тарих тағылымы» тарауында тарихи кезең – репрессия дүрбелеңін суреттейтін Ш.Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасы және Ж.Бөдештің «Жалғыз» поэмасы ұсынылған.

«Зергер сөз», «Зерделі ой», «Білгенге маржан», «Білген үстіне біле түс», «Міне, қызық!» айдарларындағы мәліметтерді де оқып, зерделеріңе тоқи жүрсең, білімің де, ой-өрісің де арта түседі.

«Ойталқы», «Себебін анықта», «Тобыңда талдап көр», «Дәптеріңе жаз», «Түйінде», «Қалай ойлайсың?», «Үйде орында» және тыңдалым тапсырмалар тобын орындау барысында жаңа тақырыпты жеңіл меңгересің.

Әдебиеттану ғылымының түсініктері – «Әдебиет теориясында» жинақталған мәтінді оқып, «Қолданып көр» тапсырмасын орындап, әдебиет теориясын игере аласың. Оқулықта көркем шығармалардың талдаулары, ал хрестоматияда шығармалар (көлемділерінің үзінділері) берілді. Сол себепті оқулықты хрестоматиямен және қосымша әдебиеттермен бірге оқып отыруды ұмытпа.

Алайда оқу бағдарламасын толық қамтып, материалдарды жан-жақты түсіну үшін тек оқулық мазмұнын білу аздық етеді. Сондықтан «Кітап – асыл қазына» айдарымен қосымша оқуға ұсынылатын әдебиеттерді және оқулық соңында өзге де ресурстарды ұсындық. Автордың шығармаларымен танысқанда олардың өмірбаяндарын, олар туралы жазылған кітаптарды да оқығаның абзал.

Оқулық авторлары білім айдынындағы сапарыңа сәттілік тілейді.

I ТАРАУ

ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.

Абай

Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Міржақып Дулатұлы

Асыл сөзді издесең,
Абайды оқы, ерінбе.
Адалдықты көздесең,
Жаттап тоқы көңілге!

С.Торайғыров

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ



Абай Құнанбайұлы
(1845–1904)

*Абай қандай отбасында дүниеге келген?
Неше ағайынды болған?*

Абай Семей облысындағы Шыңғыс тауын жайлаған Тобықты руының ішінде 1845 жылы туған. Абайдың өз әкесі – Құнанбай, атасы – Өскенбай, арғы атасы – Ырғызбай. Аталарының барлығы да ру ішінде үстемдік жүргізген.

Абай әкесінің 41 жасында дүниеге келген. Құнанбай – көп әйел алған кісі. Үлкен әйелі – Құңқеден Құдайберді деген баласын көрді. Екінші әйелі – Ұлжан. Ол Құнанбайдың інісі Құттымұхамбетке айттырылған қалыңдық екен. Інісі қайтыс болған соң Құнанбай келінін алған. Ұлжаннан туған балалары: Төңірберді, Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан. Үшінші әйелі – Айғыздан Халиолла, Ысмағұл деген балалары болған. «Атадан алтау, анадан төртеу» дейтін Абайдың өлеңінің мәнісі осы. Құнанбайдың төртінші әйелі – Нұрғанымнан бала болмаған.



Ахмет Риза
мешіт-медресесі

Абай қайда білім алды?

Әкесі Абайды 10 жасқа келгенде Семей қаласындағы оқуға берген. Мұнда алғаш Ғабдұлжапар деген татар имамынан сауатын ашады. Содан соң әкесі одан шығарып алып, Ахмет Риза деген имамға тапсырған. Екеуінің де мешіттерінің жанында медреселері болған. Оқушы шәкірттің көбі медреседе жатып оқыған. Мұнда, негізінен, дін сабағы, араб және парсы тілдері оқытылған. Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уақытта Абай жалғыз мұсылманша оқумен шектелмей, Семей қаласындағы «Приходская школаға» түсіп, орысша да оқи бастаған. Бірақ мұндағы оқуы ұзақ болмайды. Бас-аяғы үш-ақ аймен орысша оқуы бітеді. Үш жылмен мұсылманша оқуы да доғарылады.



Зерделі ой

Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай... бірінші ақынымыз деп қабіріне халқы жиі-жиі зиярат етер, халықпен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар.

Міржақып Дулатұлы



Зергер сөз

Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр.

Мұхтар Әуезов



Зерделі ой

Қазақтың бас ақыны – Абай сөзінің дұрыс емес, қате айтылған, теріс айтылған, жұмбақ қылып, ашпай айтылған еш нәрсесі жоқ. Дұрыс, түзу, тиісті орнында айтылған сөздер. Оған оқушылар түсінбесе, ол Абайдың үздік ілгері кетіп, оқушылары шаңына ере алмағанын көрсетеді. Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек!

Ахмет Байтұрсынұлы

Абайдың қоғам ісіне араласуы неден басталды?

Осылайша Абай 13 жасқа толғанда әкесі оқудан шығарып алып, ел билеу жұмысында өзіне серік қылмақ болып, баули бастайды. Сонымен, Абай 1870 жылдарға дейін, бір жағынан, әкесінің ығында болса, екінші жағынан, сол әкесінің басындағы міндеттерді, барлық жаулары мен талас-тартыстарының бәрін өзіне аударып, жауапкершілігіне ала бастайды.

Зере әжесі мен анасы Ұлжанның халық ауыз әдебиеті мен қазақтың ежелгі салт-дәстүрін жақсы білуі оның жастайынан ел даналығын тануына үлкен мектеп болады. Қазақтың халық даналығын жақсы меңгерген адам жүйрік ой мен шешен сөзге жетік келеді. Мұны Абайдың «Өліпбимен жазылған тілекхат», «Тайға міндік», «Сап, сап, көңілім» сияқты өлеңдеріне қоса, «фольклор көлеміндегі Дулат, Шөже» сияқты жастық шағында ауызша айтуға машықтанған «Көкбайға», «Қыздарға», «Қара қатынға», «Масақбайға», «Көжекбайға», «Күлембайға» деген тәрізді толып жатқан эпиграмма, өзін өлеңдерінен көруге болады. Абай шешендігі оның ел ісіне араласа бастағанда, Құнанбайдың сөзге жүйрік тұрғыластары мен дос адамдарына қайтарған жауабынан да көрінеді.

Абай орыс тілін қалай үйренді?

Абай жасы 30-дан асқан соң, бұрынғы аздықөпті білгенін есіне түсіріп, орыстың тілін жаттайды. Қалада жатып, азын-аулақ сөздерді меңгеріп, кітап оқуға кіріседі. Содан біраз жыл өткенде Абайдың күнделікті өмірінде үлкен орынды кітап оқу алады. Семейде, бір жағы, ел жұмысымен, екіншіден, әдейі қала кітапханасынан кітаптар алу үшін де қысқы айларда ұзақ уақыт жатып, өзі ізденіп, оқи бастайды.

Абай 1880 жылдарда Петербордан (Санкт-Петербург) айдалып келген төңкерісшіл, халықшыл Е.П.Михаэлиспен танысады. Е.П.Михаэлис ол кезде жас, Петербор университетінің студенті екен. Ол сол замандағы орыстың төңкерісшілдік пікірінде жүрген адамдардың басшысы, атақты Н.Г.Чернышевскийдің жақын танысының бірі болған. Е.П.Михаэлис Семейдің кітапханасынан

өзіне керек бір кітапты іздеп келіп тұрғанда, Абай да Л.Н.Толстойдың кітабын сұрап тұрады. Е.П.Михаэлиске қыр қазағының толстойшылдығы таңсық көрінеді. Сондықтан ол Абайға келіп, «Толстой неге керек?» деп сұрағанда, Абай Л.Н.Толстойдың кітабын оқығысы келгенін айтады. Содан екеуі кітапханадан бірге шығып, әңгімелеседі. Мұның арты сыйластыққа, достыққа ұласады. Абай Е.П.Михаэлис арқылы адвокат А.Гросс, жас доктор Н.И.Долгополов сияқты халықшылдармен де араласады.

Абайдың ақындыққа ден қоюы қай кезеңнен басталды?

1884–1885 жылдары «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» сынды бірді-екілі өлеңдерді шығарса, 1886 жылы Абай нағыз ақындыққа бет бұрып, көп көңіл бөле бастайды: 16–17 өлең шығарады.

1882 жылдан бастап, әсіресе 1885–1886 жылдарда А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтовтан бірен-саран өлеңдерді қазақшаға аударып та байқайды. 1880 жылдардан бұрын кітап оқуға кіріскен Абай ел ішіндегі шаруалармен айналысса да, кітабын тастамаған. Сонымен бірге 1886 жылдан 1889 жылға дейін тағы да ел жұмысымен, кітап оқумен қатар өлеңдерін де жазып отырған. 1889 жылы шамамен 25 өлең, 1890–1891 жылдарда жиырма шақты өлең дүниеге келеді.

Абай бірнеше рет болыс болған. Күшік Тобықты еліне 1866–1868 жылдары, содан соң 1872–1874 жылдары болыстыққа сайланады. 1876–1878 жылдары Қоңыркөкше еліне, 1893 жылы Шыңғыс еліне болыс болады. 1885 жылы Қарамола деген жәрмеңкеде бірнеше дуан (округ) елдің бас қосқан төтенше құрылтайына төбе би сайланады.

Тобықты ішінде жер дауы, жесір дауы, құн дауы сияқты салмақты мәселелерде жау жағы Абайға келіп билік айтқызуға әрқашан ынтық болады екен. Тіпті Құнанбай заманынан бері қарай ұдайы жаулықпен күн кешкен Жігітек те үлкен даудың тұсында алдымен Абайға баруға өзі ұмтылады екен. Осындай істерге билік айтқанда Абай үнемі өзіне жақын кісілерге кесіктің ауыр салмағын көбірек салып, өзі түсінген әділдік шарты толық болсын деп, жау жағына кеңірек қарауға тырысады екен. Осылайша 1898 жылдарға дейін Абай ел сөзі мен ел жұмысынан шыға алмай, көбінесе әділ билікпен тыныштық орнатып, тым болмаса дау-шарды тоқтатармын деген үмітте болған. Мұндай жолға Абайдың түскені тек соңғы айтылған жылдарда ғана емес, бұдан көп бұрын – 1880 жылдардан басталған. Бірақ уақыт өткен сайын, ел сөзінен шынымен қашып жүрсе де, еріксіз кірістірген уақытта көп еңбегін осы жаққа салады:

Болды да партия –
Ел іші жарылды.
Әуремін, мен тья,
Дауың мен шарыңды, –



Ақылбай, Абай,
Тұрағұл. 1896 ж. Семей қ.

дейді.

1898 жылы Абайдың философиялық даналығын көрсететін атақты «Өлсем, орным қара жер» жазылған соң ғана өзінің бұдан бұрын жазған барлық өлеңдерінің жиналғанын қалайды. Абай 1899 жылға дейін өлеңді едәуір көп мөлшерде жазады.

Абай қандай сынақтарды басынан өткізді?

1891 жылға дейін ел іші біраз уақыт тыныш болып келіп, дәл сол жылдың жазында Оспан мен Оразбай қайтадан ерегесіп, араздаса бастайды. Абай басында екеуін татуластырмақ болады, бірақ екеуі де алған бетінен қайтпай, жауласып кеткен соң, інісі жаққа шығады. Осы жаулық тоқтамайтын болып, ұлғайып өсіп, тағы да Шыңғыстың шегінен асып, Тобықтыға жетіп, одан басқа сырт елдерге де жайылады. 1892 жылы Оспан қайтыс болады. Ол Абайды ел істерінің барлығынан босатып, өз мойнына алған еді. Өзге туысқан ішінде ең жақсы көрген інісі болғандықтан, бұл қаза Абайға өте ауыр тиеді. 1892 жылғы өлеңдерінің көбінде Абай Оспанның өлімімен уланып дерттенген жүрегін жиі сездіреді.

Әбдірахман Абайдың қатты сүйеніш көріп, үміт қылған баласының бірі еді. «Михайловская-артиллерийская школаны» бітіріп, енді әскери артиллериялық академияға түскісі келіп жүргенде, құрт ауруымен науқастанып, 1895 жылдың қаңтарында қайтыс болған. Оспанның қазасынан соң Абайды қатты күйдірген өлімнің бірі осы еді.

Мағауия Абайдың жасынан денсаулығы нашар болғандықтан, қаладан толық ілім-білім ала алмаса да, әкесінің тәрбиесін бойына сіңіріп өскен баласы еді. Елден шықпай отырса да, Еуропа тәрбиесін алған адамдай, ақыл-мінезі, адамгершілігі түгелімен мәдениетті кісінің деңгейінде болған. Ол да

әкесі сияқты қырда отырып-ақ, өзі ізденіп, көп оқып, мол білім алған жан еді. Ел жұмысына кіріссе, әкесінің ісін өз мойнына алатын. Жұмсақ мінезді болғандықтан, елдің көпшілігіне аса жағымды болған. Осындай ақылды да абзал баласы – Мағауия қатты науқастанып, қайтыс болған соң, Абай құса болып, ауруға шалдығады. Төсек тартып жатып қалмаса да, ешбір жанмен сөйлеспейді де, еш нәрсемен өзін алдарқатпайды. Ауруын ешкімге көрсетіп емдетпейді де, мұның бәрін қажетсіз деп біледі. Осылайша Мағауия қазасынан кейін 40 күннен соң, 23 маусымда 1904 жылы жаны жаралы ақын жарасы мен өмірде татқан уларын өз ішіне жиып, дүниеден өтеді. Оның сүйегі Жидебайдағы өз қыстауының жанына қойылады.

Зергер сөз

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанның
Әлемнің құлағынан әні кетпес!

Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,
Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.
Көз ашып, жұртың ояу болған сайын,
Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар.

Мағжан Жұмабаев

Зерделі ой

Абай есімі – қазақ халқының ұлттық санасының оянуы мен рухани қайта жаңғыруының қоғамның озық күштерінің өркениеттілікке ұмтылысы мен әлеуметтік әділдіктің символы.

Зәки Ахметов



Ойталқы

1. Бүгінгі күні «Адамзат ардағы, адамзат ақыны, адамзат ақылгөйі» атанған Абайды тағы қандай сөзбен сипаттар едің? Қандай өлеңдерін жатқа білесің?
2. «Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні» деген М.Әуезовтің пікірінде заманға байланысты қандай тұжырым бар?



Себебін анықта

1. Неліктен Абай 30-дан асқан шағында орыс тіліне ден қоя бастады?
2. Мағауия не себепті қалада оқи алмады?



Тобыңда талдап көр

Оқулықтың 9-бетіндегі З.Ахметовтың Абай туралы пікірін ұлттық мүдде тұрғысынан ашып, талдап көріңдер.



Дәптеріңе жаз

Абай туралы білгеніңді «Түртіп алу кестесіне» жаз.

V – «Білемін»	– «Мен үшін түсініксіз»	+ «Мен үшін жаңа ақпарат»	? – «Мені таңғалдырады»



Түйінде

Хрестоматияда берілген Тұрағұлдың естелігі мен оқулықтағы мәліметті мұқият оқып, Абай образы туралы ойыңды түйіндеп жаз.



Қалай ойлайсың?

Көп тілді меңгеру қажеттілігі туындар болса, сен қандай тәсілдерді қолданар едің?



Үйде орында

«Болмасаң да ұқсап бақ» демекші, Абай аталарың сияқты ел азаматы болу үшін не істей алатыныңды ойластырып, болашағыңа жоспар құр. Ата-ана, туыстарыңмен ақылдасуыңа болады.



Білгенге маржан

Төбе би. Тіркес мағынасы – негізгі шешімді айтатын басты би. Қазіргі түркі тілдері ішінде якуттарда да «төбе» сөзі біздің түсінігіміздегі «бас» мағынасында қолданылады. Бұдан әрегірек барсақ, моңғол тілінде «тойв», бурят тілінің бір диалектінде

«томо» дыбыстық құрамдағы сөздер «үлкен», «ірі» ұғымдарында айтылады. Деректерде келтірілген «бас, үлкен, ірі» мағыналарын беретін «төпү», «төбе», «томо» сөздерінің бірімен «би» сөзі тіркеске түсіп, «төбе би» тұрақты тіркесі қалыптасқан.

«Бес жүз бес сөз» кітабы



Міне, қызық!

Абай бар болғаны 3 жыл мұсылманша, 3 ай орысша оқыған. Алайда ол орыс, араб, парсы және шағатай тілдерін білген.



Кітап – асыл қазына

1. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа (Ибраһим Құнанбайұлының ғұмырнамасы). Оқу құралы (Құр., алғы сөзін жазған М.Мырзахметұлы). – Алматы: Санат, 1997. – 416 б.
2. Мырзахметұлы М., Шойынбет Ж., Әліпхан М. Абай мұрасының өзекті мәселелері. Оқу құралы. – Алматы, 2010. – 140 б.
3. Абайтану (Қазақ және орыс тілдерінде библиографиялық көрсеткіш). Құрастырған: М.Мырзахметұлы. – Алматы: Мектеп, 1988.
4. Байғалиев Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде. – Алматы: Арыс, 2001. – 134 б.
5. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 2013.

«Сегізаяқ» өлеңі

Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең, өзің біл.

Абай

«Сегізаяқ» өлеңі несімен ерекшеленеді?

«Сегізаяқ» өлеңі (1889 ж.) – оқшау тұрған соны туынды. Абайдың қазақ поэзиясына 8 тармақты етіп, тыңнан қосқан шумақ өрнегі. Өлеңнің өзі сегіз тармақты 25 шумақтан тұрады. Мұндағы басты ерекшелік – әр шумақтың сегіз жолдан қайырылуында. Сондықтан өлең «Сегізаяқ» деп аталады. Соңғы екі тармақта айтайын деген ойын қорытындылап отырады. Бұл шығарманың ырғақтық құрылысы да өзгеше. Шумақ 5 буынды тармақтар мен 7–8 буынды тармақтардың жүйелі түрде үйлесуі арқылы түзілген. Мұнда 4 түрлі дыбыс үндестігіне негізделген «а а б в в б г г» деген үйлесім бар.

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған;



CD 01

«Сегізаяқ» өлеңін тыңдап, ақынның көңіл күйін таны.

Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған,
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең өзің біл.

Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі,
Өрнегін сендей сала алмас.
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар бәһра ала алмас.
Қиналма бекер, тіл мен жақ,
Көңілсіз құлақ – ойға олақ.

Қайнайды қаның,
Ашиды жаның.
Мінездерін көргенде,
Жігерлен, сілкін.
Қайраттан, беркін,
Деп насихат бергенде,
Ұятсыз, арсыз салтынан,
Қалғып кетер артынан.

«Сегізаяқ» өлеңінің шумақтық өрнегі қазақ поэзиясына жаңа түр болып қосылып, қалыптасты. Мәселен, XX ғасырдың бас кезінде осы түрді Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, С.Торайғыров пайдаланса, 1970 жылдары сатирик-ақын Қажытай Ілиясұлы «Сегізаяқ» өлшемінің негізінде «Өгіз аяқ» деген өлең жазып, қазақ пародия жанрына жаңаша серпін берді.

«Сегізаяқ» – сатиралық өлең. «Қайнайды қаның, Ашиды жаның, Мінездерін көргенде» деп Абай қазақтың мінез-құлқының жағымсыз жақтарын сынап, кемшілігін бетіне баса отырып, биік тұғырға, өрелі ойға жетелейді. Мұнда тұнып тұрған әлеуметтік пәлсапа бар. Мысалы:

«Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең, өзің біл»;

«Білгенге маржан,
Білмеске арзан»;

«Көп айтса – көнді,
Жұрт айтса – болды –
Әдеті надан адамның»;

«Бойда қайрат, ойда көз,
Болмаған соң, айтпа сөз»;

«Көңілсіз құлақ – ойға олақ»;

«Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей»;

«Біріңді, қазақ, бірің дос,
Көрмесең, істің бәрі бос»;

«Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
Аздырар адам баласын»;

«Не ол емес, бұл емес,
Менің де күнім – күн емес»;

«Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп,
Екі жаққа үңілдім»;

«Жартасқа бардым,
Күнде айғай салдым,
Онан да шықты жаңғырық»;

«Атадан алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ»;

«Моласындай бақсының,
Жалғыз қалдым – тап шыным!».

Міне, осындай өлең жолдарының көпшілігі бүгінгі күнде афоризмге айналып, халықтық сипат алып кетті.

«Сегізаяқ» – Абайдың көзі тірісінде халық арасына кең таралып кеткен әндерінің бірі. Сондықтан оның сегіз түрлі нұсқасының болуы заңдылық және бұлардың барлығын әншілер мен Абайдың көзін көрген туыстары түпнұсқалық сипатын сақтай отырып, біздің заманымызға жеткізген.



Ойталқы

Өлеңнің ерекшелігі неде?



Себебін анықта

1. Неліктен Абайдың «Сегізаяқ» өлеңі қазақ поэзиясына жаңалық әкелген болып саналады?
2. Өлең жолдарының көпшілігі не себепті афоризмге айналып кеткен?



Тобыңда талдап көр

Өлеңдегі «Білгенге маржан, Білмеске арзан» қолданысын ой-танымдық тұрғыдан талдап көріңдер. Өлеңде көтерілген мәселені ұлттық мүдде тұрғысынан анықтаңдар.



Дәптеріңе жаз

«Сегізаяқ» өлеңі бойынша әрбір шумақты бөліп алып, сол шумақ бойынша синонимдік қатар жаса.

Мысалы, Ағайын бек көп, Айтамын ептеп, Сөзімді ұғар елім жоқ – «Ағайын бар болса, көре алмайды, жоқ болса, бере алмайды».



Түйінде

«Сегізаяқ» әнін Интернеттен тыңдап, «Төрт сөйлем» тәсілі бойынша негізгі идеясын түйіндеп жаз.

1. Пікір. Нақыл сөздер бойынша туындаған өзіндік пікіріңді бір сөйлеммен келтір.
2. Дәлел. Келтірілген өзіндік пікірді тағы бір сөйлеммен дәлелде.
3. Мысал. Енді өзіндік пікірді тағы да бір негіздеп кетуің үшін бір сөйлеммен мысал келтір. Мысалды өмірден алуың қажет.
4. Қорытынды. Өзіндік пікірді тағы да бір рет пысықтап, қорытынды шешімді бір сөйлеммен келтір.



Қалай ойлайсың?

«Сегізаяқ» өлеңі стиліндегі өлеңдер қазақ поэзиясында жиі кездесе ме? Хрестоматияда берілген Қ.Илиясұлының «Өгіз аяқ» өлеңімен салыстырып көр.



Үйде орында

Абай атаң қазақ әдебиетіндегі сатираны жаңартты. Сен де айналаңдағы бір жайтқа арнап, сатираның бір түрін жазып көр. Адамдарды жазықсыз ренжітіп алмау жағын да ескер.



Білгенге маржан

«Атадан алтау, Анадан төртеу, Жалғыздық көрер жерім жоқ» дегенде өз шешесі Ұлжаннан Тәңірберді, Абай (Ибраһим), Ысқақ, Оспан деген төрт ұл туады. Құнанбайдың бәйбішесі Күңкеден туған Құдайберді ертерек қайтыс болып кеткендіктен, бұған әкесінің үшінші әйелі Айғыздан туған Халиолла мен Ысмағұлды қосады. Сондықтан: «Атадан алтау, анадан төртеу, жалғыздық көрер жерім жоқ», – дейді. Бұларды санамағанда басқа ағайыны да жетерлік. Бірақ айналасында көп кітап оқып, төрткіл дүниенің тілін білген, терең білімі бар, өзімен тең дәрежеде сөйлесе алатын адам жоқ болғандықтан: «Ағайын бек көп, Айтамын ептеп, Сөзімді ұғар елім жоқ», – дейді.

«Моласындай бақысың, жалғыз қалдым – тап шыным». Мұнда «мола тәрізді дөңкиген (мола – өлген адамның сүйегі жерленген бейіт)» деген мағынада айтылып тұр. «Бақы – ертеде ел қыдырып, ауру-сырқауды емдейтін балгерден «гөрі жын-дарын шақырып», жай адамның қолынан келмейтін неше түрлі іс-әрекет көрсеткендігімен аты шыққан тәуіп. Көбінесе аурудың бойынан «жын-шайтандарды» қуып «емдеуге» шебер болған». Сол ортаның түсінігі бойынша Абай өзінің рухани жалғызсырауын «бақысың моласына» теңеп отыр.

Р.Зайкенова «Абайтану» оқулығы



Білген үстіне біле түс

Өзіне дейін ешкім таппаған қиын ұйқасты өлең түріне арнап Абай ән де шығарған. Бұл әннің әр жылдары жазылған сегіз нұсқасы бар. Әннің 1-түрін 1920 жылдары Ақмола облысын аралаған А.Э.Бимбоэс әнші-ақын Мұстафа Нұрбаевтан жазып алып, нотаға түсірген. Екіншісін 1922 жылы А.В.Затаевич Орынбор қаласында Құстай Мырзабеков пен Кәрім Қашқымбаевтың айтуы бойынша нотасын жазған. Үшінші-төртіншісін композитор Л.Хамиди 1935 жылы Әрхам Кәкітайұлынан және 1938 жылы Жүсіпбек Елебековтен жазып алса, бесінші-алтыншысын 1938 жылы музыка зерттеушісі, профессор Б.Г.Ерзакович Темірболат Арғынбаевтан және 1939 жылы Қуан Лекеровтен жазып алып, нотаға түсірген. Әннің 7–8-нұсқасын 1984 жылы Мәкен Мұқаметжанова мен Қали Байжановтың орындауында музыка маманы Қайролла Жүзбасов нотаға түсірген. Композитор С.И.Шабельский «Абайды еске алу» деген фортепианолық триосының бір бөлімін осы «Сегізаяққа» арнаған.

«Абай» энциклопедиясы



Әдебиет теориясы

Пародия (фр. *parodie* – керісінше қайталанған өлең) – белгілі бір шығарманы немесе оның авторын, әдеби ағымды, тұтас бір жанрды соған еліктеп, сынап-сықақтайтын әдебиет, театр, музыка және эстрада жанры. Қазақ әдебиетінде пародия нышандары халық ақындары шығармасынан, ақындар айтысынан байқалады. Пародия әдебиетте сын нысанына, мақсатына қарай юморлық және сатиралық болып бөлінеді. Юморлық пародия жеңіл әзілді, достық әуенде болса, сатиралық пародия өткір тілді болады.

Пародияның мақсаты – кісіні мазақ қылу емес, адамның жақсы қасиетімен бірге өзі байқамайтын кейбір кемшін тұстарын жеңіл әзілмен жеткізу.

Пародия жасайтын адам пародист деп аталады.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігі»



Қолданып көр

Өз таңдауың бойынша жас ақындардың біріне юморлық пародия жасап көр.



Міне, қызық!

«Ұлы ақынның жазушылық еңбегінің тұсында туған үлкен бір белгісіндей әрі мол, әрі бар жағынан көркем, келісті шыққан зор шығарма», – деп, кезінде М.Әуезов әділ баға берген Абайдың осы өлеңіне еліктеп, 1915 жылы Сұлтанмахмұт Торайғыров алты шумақ, сегіз тармақтан тұратын «Алты аяқ» деген өлеңді туғызса, 1935 жылы Қасым Аманжолов та осы тәсілмен «Шықтым өмір шыңына» деген өлең жазған.



Кітап – асыл қазына

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. / Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қарасөздер. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 488 б.
2. Өмірәлиев Қ. Абай афоризмі. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 128 б.

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңі

Осы мен өзім – қазақпын.

Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе?

Егер жақсы көрсем, қылықтарын
қостасам керек еді.

Абай

Ақын қалың елі – қазағына не айтқысы келген екен?

1886 жылы он бір буынды қара өлең ұйқасымен жазылған бұл өлеңде халық мүддесі, ақынның өзі өмір сүрген қоғамның тарихи шындығы бейнеленеді. Абай «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген бір сөйлемге соншама үлкен мағынаны сыйғызған. Мұнда туған халқына деген шексіз сүйіспеншілік сезімі жатыр. Оны «Бет бергенде шырайың сондай жақсы, Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың» деген өкінішті сөзінен де байқауға болады. М.Әуезов те: «Жоғын жоқтап, мұңын мұңдап отырғаны – «қалың елі, қазағы»... Оны «қайран жұртым» деп, бар жанымен ынтыға сүйеді», – деп көрсетеді.

Абай дерті – елдігінен айырылып, берекесі қашқан қалың елі қазағының тарихи трагедиясы. Ресей империясының отарына айналып, «өз малын өзімдікі дей алмай», етекбасты күн кешкен қазағының ауыр халі жанына батып, қанын қайнатты. Ұлттық мінез психологиясына түскен өзгерісті Абай қоғам қасіретімен байланыстырады.

Ғасырлар бойы көшпелі тұрмыс кешкен, тіршілігінің тиегі төрт түлік мал болған халықты күштеп отырықшылыққа көндіру қазақ жеріне үлкен қасірет әкелді. Патшалық Ресейдің қазақ даласын билеу жөнінде сол кездегі үш дүркін жасаған реформасының (1822, 1824, 1868) әуелі елдік ұйытқымызды жойып, ұлттық тұтастықтан, содан кейін әр ұлысымызды бөлшектеп, әр бөлек губернияға теліп, аумақтық тұтастықтан айырғанын көреміз. Әсіресе Ресей



Абайдың хаты

патшалығының 1867–1868 жылдардағы реформасы нағыз бюрократтық, әскери-отаршылдық саясатының ең жоғарғы биігі болды. Міне, қазақтың «екінші ұртының қан болып, ұстарасыз мұрты аузына түсетін» себебі сол. Өйткені «бұратана» елге қолданған бірнеше ғасырға созылған отаршылдық саясаттың соңы Абай заманында заңды түрде орнықты, енді Ресей патшалығы қол астындағы жұртты ұршықша үйіріп, айтқанына көндіре бастаған. Абайдың «Жақсы менен жаманды айырмайсың» дегені – бір ұрты май, бір ұрты қан – сол тұстағы әлеуметтік құрылымға байланысты туындаған пікір. Сондықтан да ақын замана туғызған келеңсіз құбылыстарды сынамай тұра алмайды. Қазіргі тілмен айтқанда елдің сиқын бұзып жүргендер – мансабы жоғары шенеуніктер. Оларды Абай «Бас-басына би болған өңкей қиқымға» теңейді. Өйткені бұларда өз бастарының қамынан өзге мақсат жоқ, ұлтының қолынан шығып бара жатқан ырықты ұстап қалудың жолын ойлап, әуре болмайды әрі «өңкей қиқымнан» жиналған, яғни шала сауаттылардан құралған тобырдың тайталасуға өресі де таяз. Осындай қазақтың өз ішінен шыққан «өңкей қиқымнан» құралған шенқұмар, мансапқор сатқындардың саны артып, күннен-күнге көбейді. Сондықтан Абай ел ішіндегі алауыздыққа, берекесіздікке, екіжүзділікке, тұрлаусыздыққа зығырданы қайнап, «мұртың, ұртың, сыртың, қыртың, ұйқың, тыртың, бұртың, қиқым, сиқын, ырқың, құлқын, байлығың, шырқын, қырқың, қылпың, жыртың-жыртың, астыртын» деген бірыңғай ұйқасым тапқан сөздермен қатты сынаиды.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.
Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың.
Көрсекызар келеді байлауы жоқ,
Бір күн тыртың етеді, бір күн – бұртың.
Бас-басына би болған өңкей қиқым,



CD 02

Өлеңде көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан аш.

Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың.

Былайғы уақытта ауызға ілінбейтін қарапайым сөздерге жан бітіп, әрқайсысы кекті, айбарлы, сұсты сөздерге айналған. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп басталған тұнып тұрған сезім-күй лирикасы осылайша өткір сатираға ауысады. Мағынасыз «жыртың-жыртың» етіп, бірліксіз, берекесіз, өзара шуылдасқан көпшіліктің ұлттың басына төніп келе жатқан «бодандықпен» шаруасы жоқ, тығырықтан шығудың жолын да іздемейді. Осыны ойлағанда ақын амал жоқ, халқының кемшілігін бетіне баса отырып, кесір-кесапат пен қалың сордан құтылудың жолын «ызалы жүрек, долы қол, улы сия, ащы тілмен» жеткізеді.

Өлең ағылшын, араб, әзербайжан, қарақалпақ, қырғыз, татар, түрікмен, орыс, ұйғыр т.б. тілдерге аударылған.



Ойталқы

1. Өлеңнің тақырыбын ашу үшін қандай сөздер мен сөз тіркестерін немесе мақал-мәтелдер қолданар едің?
2. Сол кезеңдегі көршілес елдердің жағдайы қандай еді?



Себепін анықта

1. Неге Абай «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп күйзеледі?
2. Не себепті ақын өмір сүрген заманда шенқұмар, мансапқор сатқындар көбейіп кеткен?



Тобыңда талдап көр

1. Өлеңдегі *мұртың, ұртың, сыртың, қыртың, ұйқың, тыртың, бұртың, қиқым, сиқын, ырқың, құлқын, байлығың, шырқын, қырқың, қылпың, жыртың-жыртың, астыртын* сөздерінің адам мінезін ашудағы қызметін талдаңдар.
2. «FILA кестесін толтыру» әдісі бойынша төрт адамнан тұратын шағын топтарға бөлініп, өлеңдегі кейіпкерлер жүйесін жинақтап, талдаңдар. Өрбір топ тапсырма түрлерін бөліп алады, қорытындысында жұмыстарын біріктіріп, кестені толтырады.
F / Дерек/ – шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын деректер жинау;
I / Пікір/ – кейіпкер туралы өздерінің ой-пікірі;
L / Сұрақ/ – кейіпкердің образдық тұлғасын ашатын сұрақтар;
A / Іс-әрекет/ – автордың кейіпкерлерді суреттеудегі қолданған тәсілі.



Дәптеріңе жаз

Топтарда талқылانған кейіпкерлерге тура және жанама мінездеулер беріп, дәптеріңе жаз.



Түйінде

Өлеңдегі көтерілген мәселені сыни тұрғыдан түйіндеп, эссе жаз.



Қалай ойлайсың?

1. Қазіргі кезде қоғамдағы осындай проблемаларды көтеріп жүрген адамдар бар ма?
2. Жалпы проблемасыз қоғам бола ма?



Үйде орында

Өлеңдегі негізгі ойды алып, «Креативті жазу» әдісімен ХХІ ғасырға сәйкес етіп қайтадан жазып көр.



Білгенге маржан

Өлең алғаш рет 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Басылымдарында аздаған текстологиялық өзгерістер кездеседі.

Мүрсейіт қолжазбаларында, 1954 жылғы жинақта 12-жол «Бір күн тыртың етеді, бір күн жыртың» делінсе, 1939, 1945, 1957 жылғы басылымдарда «Бір күн тыртың етеді, бір күн бұртың» болып алынған. Мүрсейіт қолжазбаларында, 1909 жылғы жинақта 13-жол «Өз басына би болған өңкей қықым» болса, кейінгі басылымдарда «Бас-басына би болған өңкей қықым» деп берілген.

Р.Зайкенова «Абайтану» оқулығы



Білген үстіне біле түс

1867–1868 жылдардағы патша үкіметі реформасының негізгі мақсаты қазақ өлкесінде отаршылдық тәртіпті нығайтуға бағытталды. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы өзгерістер де бұған едәуір ықпалын тигізді. Капитализмнің кеңінен дамуы үшін де Қазақстандағы бұрынғы басқару жүйесін өзгерту қажет болды. Осы міндетті жүзеге асыру үшін ХІХ ғасырдың 60-жылдары басында қазақтардың саяси-әкімшілік, сот ісін басқару жүйесін қайта құрудың жобасын әзірлеуге арнаулы комиссия құрылды.

«Қазақстан тарихы» оқулығы



Міне, қызық!

Бұрынғы басылымдарда осы өлеңнің «Өздерінді түзелер дей алмаймын, Өз қолыңнан кетпесе енді өз ырқың» деген жолдары түсініксіз болып келген. Алайда өлеңді аударған С.Липкин «өз қолыңнан кетпесе» дегенді Абайдың айтуы мүмкін еместігін түсініп, орыс тіліне

Не надеюсь на исправление твое,
Коль судьбу свою в руки народ не берет, –
деп аударған. Кейінгі басылымдарда дұрыс нұсқалары берілді:
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың.



Кітап – асыл қазына

1. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана: Фолиант, 2002. – 408 б.
2. Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011. – 616 б.

«Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңі

Көкірек толы қайғы кісінің өзіне де билетпейді,
бойды шымырлатып, буынды құртып,
я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады.

Абай

Терең философиялы ақын өлеңінің мағынасы неде екен?

Бұл өлең ақынның ұлы Әбдірахманның қазасына байланысты шығарылған. Халқын надандықтан арылтып, жарқын болашаққа бастар деп үміттенген баласы қайтыс болғанда ақын жанына таяныш таба алмай, дінге сүйенгісі келеді. Осы кезеңде (1895 ж.) жазылған «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңінде де Абай ойшылдығы мен сыршылдығы терең үндестік табады. Өлең өте күрделі. Ең алдымен «Лай суға май бітпес қой өткенге» деген өлең жолының өзінде үлкен мағына жатыр. Абайдың мысалға жылқы немесе сиырды алмай, қойды алуының өзіндік себебі бар. Қойдың етінің де, сорпасының да қуаты күшті болады. «Қойдың еті – қорғасын» делінетіні содан. Ал қойдың майы, әсіресе, құйрық майы – бірден-бір ем. Қойдікіндей құнарлы май басқа төрт түлікте болмайды. Сондай қасиеті болса да, лай судан қаншама қой өткенімен, өзгеріс жоқ. Судың мөлдір емес, лай болуында да мағына бар. Бұл жерде Абай жаратылыс құпиясына мән беріп отыр. Лай суды надандыққа теңесек, надан адамға ілім қонбайды, яғни «май бітпейді».

Өлеңнен Абайдың ішкі рухы, наным-сенімі, жан дүниесі, түсінік-түйсігі анық көрінеді. «Көңілдің жайлауынан ел кеткендей, қасқырша алақтап, түк таппаған» ақын көңілі бір Аллаға деген сенімі арқылы ғана тиянақ табады. Ақын Алланың құдіретіне шек жоқ, лай судан миллиондап қой айдап өтсең де, бәрібір май бітпейді және сол лай қалпында қалады деген ой түйеді. Өйткені Абай 38-сөзінде де: «Алла тағала өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі. Өлшеусіз бен өлшеуліні білуге болмайды» деген. Мұнда да осы пәлсапалық ой басқа қырынан қайталанады: өлшеулі дүние мен өлшеусіз дүниені танып-білу мүмкін емес. Бұл – тек бір Аллаға ғана тән сипат. Бұған жаратылыстағы тірі жанның «ақылы жетпейді», «ақыл-оймен білем десе де адасады». «Оймен

білген нәрсенің бәрі дәһрі» болады, мұндай дінсіз, құдайсыз адам дүниенің астан-кестенін шығарса да, сол мақұлық күйінде қалады.

Лай суға май бітпес қой өткенге,
Күлеміз қасқыр жалап, дәметкенге.
Сол қасқырша алақтап түк таппадым,
Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?

Көңілге шек шүбәлі ой алмаймын,
Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.
Ақылдың жетпегені арман емес,
Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын.

Жаратылысты адам баласы қанша өзгертуге тырысқанымен, лай су бәрібір бұлақ бастауындай мәлдір болмайды. Өйткені «Алла тағала өлшеусіз» деген 38-сөзіндегі ойды мұнда «ләмәкән» арқылы ұғындырып тұр. Ал адамзатқа мекен берген, өмір берген Алла тағаланың өз мекені – ләмәкән, яғни мекені жоқ, мәлім емес. Оны білуге қанша ұмтылғанымен, адамзаттың қолынан келмейді. «Өлшеусіз бен өлшеуліні білуге болмайды» деген пәлсапалық ойдың түйіні осында:

Мекен берген, халық қылған ол ләмәкән
Түп иесін көксемей бола ма екен?
Және оған қайтпақсың, оны ойламай,
Өзге мақсат ақылға тола ма екен?

Міне, Абай Аллаға шек келтірмейтінін, күмәнсіз сеніп, бір сәт есінен шығармайтынын «Сонда да оны ойламай қоя алмаймын» деген сөздермен жеткізеді. Абай Құдайға құрғақ жалбарынбайды, өйткені тіршілік иесі «тар соқпақтың» бір басын ғана иемденсе, Хақ тағала екі жағын да «иілтпін ұстайтын»

нын», сондықтан екі дүние қызығын да қатар ойлап, тура жолдан таймай, «Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ, Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ», – деген түйінмен аяқтайды.

Абайдың діни танымы, көзқарасы, мақсаты, құдіретті күшке шүбәсіз сенетіні, пәни дүние мен бақи дүниенің «әділет, шапағатын» қатар ұстағаны осы өлеңде айқын көрінген. «Оны құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ» деген шешімінен де тануға болады.



Зерделі ой

Абайдың пәлсапалық лирикасында орын алған басты мәселе – түп иені танып білу. Абай ой танымындағы сөз болатын пәлсапалық ой-пікірлердің бәрі де осы мәселе төңірегіне жинақталған... Түп иені ақылмен тани алмайсың, жүрекпен сезесің дегені сопылық танымның өзекті пәлсапасына соғады екен.

Мекемтас Мырзахметұлы



Ойталқы

1. Лай су деген не? Лайдың сумен араласуы физикада қалай аталады?
2. Судың қандай қасиеттері бар?



Себебін анықта

1. Неліктен Абай лай суды өлеңге арқау еткен?
2. Не себепті өлеңдегі кейіпкер «қасқырша алақтап түк таппаған»?



Тобыңда талдап көр

1. Шығармадағы «Көңілдің жайлауынан ел кеткен» деген өлең жолын және өзге де көркемдегіш құралдарды (теңеу, эпитет, метафора, психологиялық параллелизм) «Пирамидалық талқылау» әдісі арқылы топтарға бөлініп, мағынасын анықтаңдар.
Тіктөртбұрыштың сыртқы бөлігіне топтың әр мүшесі өз жауабын жазады, ал ішкі төртбұрышқа төрт пікірге ортақ түйінді ой жазылады.
2. Баласы қайтыс болып, көңілі құлазып қалған ақынға қазіргі заман перзенті ретінде қандай жұбату айтар едіңдер?



Дәптеріңе жаз

«Түп иесін көксемей бола ма екен?» деген тармақтағы «түп иесі» деген сөз тіркесінің мағынасын ашып жаз.



Түйінде

Өлеңдегі «Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ, Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ» деген жолдарды өз пікірің тұрғысынан түйіндеп жаз.



Қалай ойлайсың?

Осы өлеңдегі көтерілген мәселе қазіргі кезде өзекті ме? Мәселе «дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын» түйсінуге көмектесе ме?



Үйде орында

Тақырыптағы эпиграфты «ПОПС формуласы» әдісі арқылы талда:
«Менің ойымша ...»

«Себебі, мен оны былай түсіндіремін ...»

«Оны мен мына мысалдармен, фактілермен дәлелдей аламын ...»

«Осыған байланысты мен мынадай шешімге келдім ...»



Білгенге маржан

«Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңін Абай 1895 жылы жазған. Әрқайсысы 4 тармақты 7 шумақтан тұрады, көлемі 28 жол. Үлкен үміт күткен баласы Әбдірахманның өліміне байланысты шығарылған. Қараңғылық шырмауына шатылған елдің надандығына ыза болған ақын жан наласына сырын қапысыз қабылдар, айтса – түсінер, ақылдасса – ой бөлісер сүйікті ұлынан айырылу қайғысы қосылып, «берген бе тәңірім, саған өзге туыс» деп мұңданады, ақын көңіл жайлауынан ел көшкендей

болып құлазиды. Мағынасыз «бос қуыстай» дүниеден уақап таппай, «бір-ақ уыс» болып отырған ақын дінге иек артады. Қошы жоқ құлазыған көңіл күйін ғажап шыншылдық суретпен бейнелеп, шарасыз халін «халық», «махлұқ», «дәһрі», «ләмәкән» сияқты діни лексикамен бедерлейді. Содан ары созерцание ретіндегі ойларын тере келіп, ақын өзінің наным жөнін толғайды. Болып өткен ауыр қазаларға жоғарыда танылмаған кейбір түңілу сарындары қосылып келіп, ыза мен қазадан туған бір алуан діншілдік ойлар, күйлер шығады.

Мұхтар Әуезов



Білген үстіне біле түс

Тіл мамандарының әдебиетші ғалымдардан бір айырмашылығы – бұлар тек Абайдың қазақ әдеби тіліне қатысы (орны мен рөлі) туралы жалпы пікір айтып қана қоймайды, сонымен қатар ішінара тілдік материалдарға талдау жасайды. Сәрсен Аманжолов Абайдың сөз қолданысындағы кейбір тәсілдерін көрсетеді: «талаптың аты, жүрегіңмен тыңдамай, құлағыңмен қармарсың» тәрізді жаңа сөз тіркестерін жасағанын, бір сөзге бірнеше эпитет қосақтайтынын, өткен шақ көсемшені көмекші етістіксіз тиянақты тұлға ретінде қолданатынын, жатыс септіктегі есімшелерді баяндауыш қызметінде жұмсайтынын талдап көрсетеді. Сондай-ақ Абайдың архаизмдерді қолдану шеберлігін, сөйлемдегі сөздердің орнын ауыстыру тәсілін жаңаша пайдаланғанын, аудармадағы шеберлігін сөз етуге болатындығын айтады. Тілдік материалдарды талдауда Нығмет Сауранбаев та Абайдың стильдік тәсілдерін сөз етеді. Халық тіліндегі мақал-мәтел, фразаларды Абайдың сұрыптап, кейбіреулерін өзі жасап қолданғанын атайды, оған мысалдар келтіреді. Зерттеуші Абай текстеріндегі араб, парсы, орыс сөздеріне едәуір талдау жасап, қолданылу себептерін көрсетеді.

Абай тілінің грамматикалық ерекшеліктерін танып-білуге 1950 жылдардың соңғы кезінен бастап біз де кіріскен болатынбыз. «Абайдың прозалық шығармаларындағы негізгі морфологиялық ерекшеліктер» деген тақырыпқа кандидаттық диссертация қорғап, Абай тілін танып-білудегі ізденістерімізді әрі қарай жалғастырып, арнайы жазылған екі монография жарияладық.

Рабиға Сыздықова



Міне, қызық!

Шығармашылық иелері: суретші, ақын, жазушы, сазгер, күйші т.б. өнерпаздар ішкі қайғы-қасіретін сыртқа шығарып, туындыларында паш ету арқылы жеңілдей алады. Бұл құбылыс психологияда **сублимация** деп аталады.



Кітап – асыл қазына

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. / Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қарасөздер. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 488 б.

2. Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында. Екінші басылым (Жауапты редактор Ғ.Қабышұлы). Алматы, 2010. – 164 б.
3. Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті (Жауапты редактор: ф.ғ.д., профессор Ж.Ысмағұлов). Ұжымдық монография. – Алматы: Арда, 2009. – 392 б.
4. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 2013.

Абайдың қарасөздері. Он жетінші сөз



CD 03

Қарасөзді тыңдап, әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талда.



Зерделі ой

Абайдың қарасөз дейтін мұралары көркем прозаның өзіне бөлек, бір алуаны болып қалыптанады. Бұлар – сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған естелік, мемуар да емес. Стилль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар – Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбіне адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді.

Мұхтар Әуезов



Абайдың қолданған заттары

...Ақыры ойладым: осы ойыма келген
нәрселерді қағазға жаза берейін,
ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын,
кімде-кім ішінен керекті сөз тапса,
жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ де-
се, өз сөзім өзімдікі дедім де,
ақыры осыған байладым, енді мұнан
басқа ешбір жұмысым жоқ.

Абай. Бірінші сөз

Абайдың қарасөздерді жазуына не себеп болды екен?

Абайдың адамгершілік, имандылық, адалдық, парасаттылық, еңбекқорлық, қайырымдылық сияқты ізгі қасиеттер жайындағы ойлары «Он жетінші сөзінде» (1893 ж.) де айқын ашылады. «Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті». Осы қасиеттердің барлығын Абай пәлсапалық ой түйіндеу арқылы ғылымға төрелік айтқызады. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаса», аяғына бас ұрып, табынатын қасиетті адам сол екенін ескертеді. Бірақ үшеуі ала болып, басы бірікпеген жағдайда тым болмаса жүрегіңді таза сақта, құдайшылық, яғни мейірбандық сонда деген түйін жасайды. Адам баласы өмірге келгенде әртүрлі мінезбен келеді. Егер тәрбиесі дұрыс болмай, теріс ақыл үйренсе, бойындағы қайратына ие бола алмай, жамандыққа бой алдырса, бір мезгіл жүректі тыңдау керек деген ой тастайды. Өйткені ақыл мен қайрат жүре пайда болады, қолмен ұстап, көзбен көруге келмейді, бұлар – абстрактілі ұғымдар. Ал жүректі сезіне аласың, дүрсілін естисің, суретін көресің. Жүрек – сенің жаратылыстағы қалпың. «Көзімнің қарасы» деген өлеңінде Абай:

Ақылсыз би болмас,
Сәулесіз үй болмас.
Жүректе оты жоқ,
Адамда ми болмас, –

дейді.

Сондықтан осы ісім дұрыс па, қате ме деп бір мезет жүректі тыңдау керек, «жүрекке әмір жүрмейді» деу бос сөз. «Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет» деген сөзді Абай ғылымның аузына тегін салып тұрған жоқ. Оқыған адам – ақылды, оқыған адам қайратын дұрыс жұмсай алады, оқыған адам жүректің өміріне құлақ аса алады, тыңдайды. Дойырлыққа, надан, нашарлыққа бармайды (М.Әуезов).

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей» ұстаған «толық адамнан» еш уақытта жауыздық шықпайды. «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінде Абай: «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл берсеңіз» – дейді емес пе? Мәтін мазмұны парасат-пайымға тұнып тұр. Абай нұсқаған жолмен жүру өмірлік бағытыңды белгілейді, адаспайсың, тіршілікке ұмтыласың, өйткені ол – адамзаттың барлығына ортақ құбылыс. Абайды оқысаң, өмірден жаза баспайсың. Сондықтан «Абайды оқы, таңырқа», «Абайды оқы, ерінбе».

Зергер сөз

Абай мен Шәкәрімнің ойлау пайымына қазір Еуропа да, Шығыс та жете алмай отыр.

Мекемтас Мырзахметұлы



Ойталқы

1. Қарасөз дегенді қалай түсіндірер едің?
2. Абайдың қанша қарасөзі бар?



Себебін анықта

1. Абайдың қарасөздерін неліктен адамзаттың рухани азығы дейміз?
2. Абай не себепті «толық адам» туралы сөз қозғайды?



Тобыңда талдап көр

Абайдың қарасөздерінің қазақ әдебиетіндегі басқа қара сөздерден (әңгіме, новелла, эссе, повесть т.б.) айырмашылығын талдап көріңдер.



Дәптеріңе жаз

Қарасөздегі ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашып жаз.

«Соңғы сөзді мен айтайын» әдісі бойынша қарасөзден «Мәңгілік Ел» идеясы мен әлемдегі адами құндылықтарды байланыстырып көрсет.



Түйінде

Қарасөзде айтылған «толық адам» туралы ойды өз пікіріңмен толықтырып, түйінде.



Қалай ойлайсың?

Қарасөзде кейіпкер бар ма? Қарасөз қандай кәсіп иесіне арналған?



Үйде орында

Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек, – демекші, өз жүрегіңнің кеңесіне құлақ асқан кезің жиі бола ма? Өлде ақылға немесе қайратқа сүйенесің бе?



Білгенге маржан

Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – **қарасөздері**. Абайдың қарасөздері (Ғақлия) – ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын Абайдың қарасөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. Абай өзінің қарасөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған.

«Абай» энциклопедиясы



Әдебиет теориясы

Қарасөз (проза) – көркем әдебиеттің үлкен бір саласы. Өлең сөзден (поэзиядан) айырмасы – мұнда сөз ырғағы еркін келеді, өлең өлшемі, шумақ, тармақ болмайды. Қазақта қара сөз *ертегі, аңыз, әпсана, хикаят* түрінде туған. Қазір *роман, повесть, әңгіме, эссе* түрінде дамып отыр. Ал Абайдың қарасөздері 45 бөліктен тұрады. Жанрлық тұрғыдан алғанда Абай қарасөздеріне публицистика және эссе табиғаты (Бірінші, Отыз сегізінші) тән.

Әпсана (парс. аңыз, араб. хикаят-әңгіме) – ерте замандағы оқиғаларға, пайғамбардың, тарихи тұлғалардың, әулие-әнбиелердің ғажайып істерін баяндайтын діни сюжеттерге, халықтың наным-сеніміне негізделген фольклорлық проза жанры.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігі»



Қолданып көр

Абайдың қарасөздерінің өзіңе әсері туралы эссе жаз.



Міне, қызық!

Абайдың қарасөздерінің бірнешеуін ең алғаш М.Әуезов 1918 жылы Семейде шыққан «Абай» журналында жарияласа, 1933 жылы қарасөздерді толық қамтып, екі томдық жинағын құрастырды. Бұл жинақ латын әрпімен 1933 жылы Қызылорда қаласында жарық көрді. Кейіннен Абайдың қарасөздері орыс, қытай, француз, неміс, ағылшын т.б. тілдерге аударылды. Қазақ тілінен тікелей француз тіліне Ғалымжан Мұқанов, неміс тіліне Лариса Захарова, қытай тіліне Хабай (Ха Хуан Жан) аударды.



Кітап – асыл қазына

1. Мырзахметұлы М. Абайдың адамгершілік мұраттары. – Алматы: Рауан, 1993.
2. Мырзахметұлы М. Абай ойының өзекті желісі – «толық адам». / Кітапта: Абайтану. 1-кітап. 2-бас. – Астана: Interaktiv Kazakhstan, 2014. – 295–300-б.
3. Абай энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.

Отыз екінші сөз

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз.

Абай

ХІХ ғасырда өмір сүрген ақын ғылымға неге ынтық болды екен?

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл берсеңіз» деген Абай 1895 жылы жазған «Отыз екінші сөзінде» білім-ғылым үйренудің нақтылы жолдарын көрсетті. Мұнда ғылымға жетудің алты түрлі шарты болатындығын атады.

Абай ең алдымен, білім-ғылымды ұсақ-түйек пайда үшін жеке бастың есебімен үйренудің адамға келтіретін зиянына тоқталады. Ғылымға шын мейірлену керектігін ескертеді. Өйткені Абайша айтсақ: «Шала мейір шала байқайды». Сондықтан да ғылымды «ондай-мұндай іске, дүниенің бір қызықты нәрсесіне» жаратар едім деген мақсатпен іздемеу керек. Әуелі білім-ғылым үйренбекке қызығушылық болу керек. Әрбір білмегеніңді білген сайын дәулетке кенелгендей сезінгенде ғана адам бойында ризашылық, рахатшылық сезім оянады. Міне, сол рақат сезімді берік ұстаған жағдайда білімге деген құмарлық, ынтызарлық пайда болады. Шын жүрекпен құмартып игерген ғылым ғана адам баласына туған шешесіндей мейірленіп келеді, ал шала үйренген ғылым

өгей шешенің мейіріндей толық болмайды. Сол себепті адамды шала сауатты болудан сақтандырады. Бұл ғылым үшін де, талапкердің өзі үшін де аса қауіпті болатындығын ескертеді. Сондықтан «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түсетін» жағын ойластыру керек.

«Екінші – ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек» деген Абай ғылымның ақиқат жолына жұмсалуды насихаттайды. «Бес саусақ бірдей емес», адам баласының барлығы бірдей дарынды болып тумайды. Абайдың пайымдауынша, ғылымға қабілеттілігі әртүрлі адам ұмтылады. Ішінде «мен кімнен кеммін» деп өзін басқадан артық санайтын бақас та (күншіл) болуы мүмкін. Абай ондай адамдардың көбеюінен сескенеді, өйткені олар «адамды түземек түгіл, бұзады». Ең қорқыныштысы, жеке бастың қамын күйттегеннен басқа мақсаты жоқ адамдар ештеңеден тайынбайды. Олар бірде-ненің шетін білсе, соған дандайсып, өзімшіл пиғылын жасыра алмайды. Өзі соған сенгендіктен, көзі жетпесе де өтірікті те, өсекті де жасқанбай айтып, тіпті төбелеске дейін баруы мүмкін. Бұлардың адамдар арасында зияны зор, күндеушілікті зорайтқаннан басқа, ешкімге пайдасы тимейді.

«Үшінші – әрбір хақиқатқа тырысып иждихатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айрылма! Егер де ондай білгендігің өзінді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?» дегенде ғылым жолындағы ақиқатқа анық көзің жетсе, соны «көздің қарашығындай» қорғап, қадіріне жете білу керек деген ой айтады.

«Төртінші – білім-ғылымды көбейтуге адамның ішінде екі қару бар: бірі – мұлахаза (ойласу), екіншісі – мұхафаза (сақтау). Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде (күш жұмсау) болмақ керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды» дегені де адамның ғылым жолындағы төзімділігі мен ізденістерін көрсетеді.

«Бесінші – осы сөздің он тоғызыншы бабында жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинһар (қалайда), жаным, соған бек сақ бол, әсіресе, әуелі – құданың (құдайдың), екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші – ғибраттың, бесінші – ақылдың, ардың – бөрінің дұшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды» деп, ғылым жолына түскен адамға кесел келтіретін зиянды нәрселерден саналы түрде сақ болуды тапсырады.

Абай «Он тоғызыншы сөзінде» адам дүниеге келгенде есті болып тумайтындығын, үйрене келе есті болатындығын айта келіп, ол үшін естілердің айтқан сөзін ынта қойып тыңдау, ұқпаған жерін қайта сұрау, түйсіну, үлгі алу керектігін айтса, «Отыз бірінші сөзінде» төрт түрлі «ой кеселдерінен» сақ болуды атап көрсетті. Олар: 1) уайымсыз салғырттық, 2) ойыншы-күлкішілдік, 3) қайғыға салыну, 4) құмарлық пайда болу. Міне, болашақ ғалым осы зиянды нәрселерден сақ болса, құдай алдында адалдықпен ғұмыр кешіп, ел бетіне тік қарап, дәулеттің, ғибраттың, ақылдың, ардың иесі болатындығына кәміл сенетіндігін білдіреді.

«Алтыншы – ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып-үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық

мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!» – деп Абай намысты болуға тәрбиелейді. Бірсөзділікті, тұрақтылықты, ұстамдылықты Абай ақыл мен ғылымның сауытына теңейді. Бір нәрсені бастап, аяқсыз қалдыру, әр нәрсенің басын шалу берік мінезді бұзатындығын айта келіп, ғылымға деген адалдықты, төзімділікті, қайсарлықты насихаттайды.

Жалпы Абайдың қарасөздерінде ғылымға барар жолдың екі түрлі жағдайы көрсетіледі. Бірі – адамның ең қажетті ішкі жағдайы, яғни ынтамен оқу, мейірленіп іздену, жігерленіп талаптану, есіткенді ұмытпау, төзімді болу, т.с.с., екіншісі – өмір сүрген ортасы мен тұрмыс жағдайы. Міне, Абай даналығы сонда, ол осы «Отыз екінші сөзінде» адамның сыртқы жағдайы емес, ішкі жағдайына байланысты талаптанушыларға арнап ізденудің алты түрлі шартын көрсетіп берді.



Ойталқы

1. Абай білім-ғылым үйренудің неше шартын көрсеткен?
2. Ғылымды, ақылды сақтайтын не?



Себебін анықта

1. Неге ақын «Шала мейір шала байқайды» деген ой айтады?
2. Абай не себепті «білім» және «ғылым» сөздерін жиі қолданған?
3. Неліктен Абайдың пікірі таза ғылым жайлы болмаса да бүгінге дейін өзекті болып қала береді?



Тобыңда талдап көр

«Ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек» деген Абай сөзін «Рөлдегі оқушылар» әдісі бойынша талдап көріңдер.

1-қадам: рөлдерге бөлініңдер.

Баяндаушы – қарасөздің тақырыбы, идеясына талдау жасайды.

Сөз тапқыш – қарасөзде кездескен атауларға түсінік береді.

Бейнелеуші-суретші – қарасөздің мазмұны бойынша суреттер салады.

Дәнекер – қарасөз мәтінін қазіргі өмірмен ұштастырады.

2-қадам: берілген тапсырмаларды топ ішінде талқылаңдар.

3-қадам: тапсырмалар талқыланған соң презентация жасап, топқа бөлініп қорғаңдар.



Дәптеріңе жаз

Отыз екінші қарасөзді «Ғылым таппай мақтанба» өлеңімен салыстыра отырып, білім-ғылым үйренудің нақтылы жолдарын ашып жаз.



Түйінде

Қарасөзде айтылған «білім-ғылым» туралы ойды уақыт пен кеңістік тұрғысынан қарап, өз пікіріңмен толықтырып, түйінде.



Қалай ойлайсың?

«Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түсетін» себебін ойлап, анықта.



Үйде орында

Өзің таңдаған мамандықты меңгеру үшін Абайдың «Отыз екінші сөзіндегі» қай кеңесін ескерер едің?



Білгенге маржан

...Абай ғылым сөзін осы күнгі «наука» мағынасында жұмсамаған. Ғылым сөзінің бұл ұғымда келуі Абайда сирек. Бұл сөзді ақын көбіне-көп «білім, оқу, сауаттылық» мағынасында жұмсаған. Мысалы, атақты «Ғылым таппай мақтанба» деп басталатын өлеңінде ғылым деп тұрғаны – сөздіктерде көрсетілгендей, «жаратылыстың, қоғамның, ойлаудың даму заңдылығын білу жүйесі және жеке білім тараулары» (Абай тілі сөздігі, 1968, 183-б., 2011, 155-б.) емес, «сауатты болу, білім алу, оқу» деген жалпы мағынада. Мұны ақынның білім-ғылым деп қос сөз түрінде де келтіруі оның жалпы «білім» деген ұғымда жұмсалғанын көрсетеді.

Рабиға Сыздықова «Абайдың сөз өрнегі»



Білген үстіне біле түс

Ғылым (араб.: علم (ілім) – білім, тану; лат. *scientia* – білім) – адамның табиғат пен қоғам туралы объективті білімін қалыптастыруға, жүйелеуге, болжауға, жетілдіруге, түсіндіруге мүмкіндік беретін танымның ең жоғарғы көрсеткіші. Жалпы мағынасы: жүйелік білім мен тәжірибе. Арнайы мағынасы – ғылыми жолмен жинақталған білім жүйесі, сонымен қатар зерттеумен келген ретті білім жинағы.

Негізінен, ғылым екі санатқа бөлінеді: жаратылыс құбылыстарын (биологиялық өмірді қоса) зерттейтін жаратылыстану ғылымы және адамзат өмірі мен заман тынысын зерттейтін гуманитарлық ғылым.

«Қазақ энциклопедиясы»



Міне, қызық!

Ғалым Рабиға Сыздықованың зерттеуінше, Абай шығармаларында «оқу» деген сөзді 54 рет, «ғылым» деген сөзді 111 рет, «білім» деген сөзді 31 рет, «өнер» деген сөзді 46 рет қолданған.



Кітап – асыл қазына

1. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2002.

2. Рабиға Сыздықова. Абайдың сөз өрнегі. / Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы, 2004.
3. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е.Арын – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. – 569 б.

«Масғұт» поэмасы

Абай жазған 4 поэманың даңқты болатын себебі олардың тұтастығы бар, іштей терең байланысы бар.

М.Әуезов

Абайдың қандай поэмалары бар?

Абайдың Шығыс классиктерімен арақатынасын М.Әуезов екі кезеңге бөлген еді. Бірінші кезең – ақынның жастық шақтағы еліктеу, 1860–1865 жылдарды қамтыса, екінші кезең 1886 жылдан өмірінің соңына дейін ақындық кемеліне келіп, таланты әбден толысқан кезін қамтиды. Осындағы екінші кезеңге жататын Абайдың «Ескендір» поэмасы мен «Мың бір түн» желісі негізінде «Масғұт», «Өзім әңгімесі» деген поэмалары белгілі. Мұнда Абай Шығыс әдебиетінен өзінің гуманистік-ағартушылық идеяларына тікелей үндесетін оқиғаларды ғана алып, поэмаларына арқау етті. «Ескендір» мен «Масғұт» Абайдың 1909 жылғы жинағында жарық көрсе, «Өзім әңгімесі» мен «Вадим» поэмаларын Абай жинағына алғаш рет 1933 жылы М.Әуезов енгізген. «Вадим» поэмасы Абай шығармаларын ұқыптап көшірген Мүрсейіт Бікіұлы қолжазбасынан табылған, ал «Өзім әңгімесін» 1927 жылы Ысқақ Ырысайұлы деген кісі Абай шығармаларын жинаушыларға табыс еткен. Содан бері Абайдың екі томдық шығармалар жинағында бұл поэмалар үзбей жарияланып келеді. Абайдың «Вадим» атты төртінші поэмасы М.Ю.Лермонтовтың «Вадим» атты аяқталмай қалған повесінен алынған. Орыс қаламгері бұл туындысын нағашы әжесі Е.А.Арсеньевадан естіген әңгімелері бойынша жазып шыққан. Бұл шығарманы зерттеушілер Е.Пугачёв көтерілісіне байланысты оқиғалардың сипатталуымен байланыстырады. Бірақ шығарма аяқталмағандықтан, Е.Пугачёв көтерілісі толық қамтылмайды. Ал Абайдың басты ерекшелігі, біріншіден – қара сөзбен жазылған шығарманы өлеңмен айшықтап шығуында. Екіншіден – шығарманың сыншылдық жағынан гөрі романтикалық сипатына назар аударуында. Мұнда Абай түпнұсқаның ұзын-ырғасын ғана алып, жалпы мазмұнын еркін аударған. Түпнұсқа да, Абай аудармасы да аяқталмай қалған.

«Масғұт» поэмасының мазмұнына қандай оқиға арқау болған?

«Масғұт» поэмасы шығыстық сюжеттер желісінде жазылғанымен, ақын қаламына тән адамгершілік ойларымен астасып жатыр:

Арун-Рашид халифа заманында
Бағдатта бір жігіт бар, аты – Масғұт.
Шаһардан бір күн Масғұт шықты тысқа,
Барды ма кезі келіп бір жұмысқа?
Бір ұры бас сап тонап жатқан жерде
Кез болды бір бишара шал байғұсқа.

Шал байғұс айғайлады аттан салып,
Айырып алған жан жоқ оны барып.
Кім де болса, бір ерлік қылайын деп,
Масғұт ұшты ұрыға оңтайланып.

Масғұтты ұры шапты қылышпенен,
Тәуір-ақ жан сақтапты жұмыспенен.
Есен-аман шал-дағы құтылыпты,
Масғұттан жау қашқан соң ұрыспенен.

Көрі шалды қарақшылардан құтқарып қалған жігітке риза болған шалдың ақ, қызыл, сары алманы таңдатып, «біреуін ал» деген сюжет орыс жазушысы И.Тургеневтің 1883 жылы жазған «Восточная легенда» атты шағын әңгімесінде де кездеседі. Абайда – Масғұт қызыл алманы таңдаса, Тургеновте Жапар (орысшада Джаффар) деп аталған бас кейіпкер сары алманы таңдап, уәзір болады.

Тегінде адам басы сау бола ма?
Бойында тексерілмес дау бола ма?
Ері ашу айтса, әйелі басу айтып,
Отырса, бұрынғыдай жау бола ма?

Соны ойлап, қызыл жеміс мен таңдадым,
Берсеңіз, жемек болып бел байладым.
Топа-торсақ бұл сөзді айтқаным жоқ,
Басында-ақ ойлап тегін абайладым.

Бұл сөзге салып тұрды шал құлағын:
– Ендеше тауып айттың, же, шырағым.
Ақыл, дәулет әуелден өзінде екен,
Өміріңше артылсын, жаным, бағың!

Бұл шал бөтен шал емес, Қыдыр еді,
Ебін тауып даруға кезі келді.
Сөзіне, ақылына, қылығына
Разы болғаннан соң, бата берді.

Сол Масғұт Қыдыр шалдан бата алыпты,
Соңында Шәмсі-жиһан атаныпты.
Мағынасы: «бұл дүниенің күні» деген,
Жетіліп бізге ғибрат сөз қалыпты.



Масғұттың Қыдырға кезігуі

Абайдың «Масғұт» поэмасында сөз болған екі түрлі сюжет әртүрлі шығармаларда осылайша баяндалған. Ал Абай бұларды Шығыс аңыздарына қарай бейімдеп, өзінше пайдаланып, тың туынды құрастырған. М.Әуезов «Абай Құнанбаев» атты монографиялық зерттеу еңбегінің «Абай поэмалары» атты тарауында «Масғұт» тақырыбын Шығыс халықтарының аңызынан алынғандығын поэмадағы «оның тіршілік еткен шаһары – Бағдат, заманы – Һарун Рашид халифтің тұсы» деген деректерге қарап шамалайды. Бірақ М.Әуезов мұнда Масғұттың идеясы шығыс аңызының идеясы емес екендігін айта келіп, оған «...ескі Бағдат тонын кидіргенше, өз тұсындағы қазақтың өзіндік тіршілігінен алып, сюжетті сол болмыстан құрастырып қиюластырса, шығарманың басты идеялары оқушыларына орағытып жетпей, төтелей жеткен болар еді» деген ой айтады.

Шығарманың бас кейіпкері – Масғұт. Ақын шығармасында ол Бағдатты билеген Һарун ар-Рашид халифа заманында ғұмыр кешкен ер жігіт бейнесінде суреттеледі. Мұндай нақтылық Тургеновте де, Бирма ертегісінде де жоқ. Абай ертегідегі аты-жөні белгісіз патшаға – Һарун Рашид халифа, жұлдызшы



Зерделі ой

Абайдың «Масғұты» – қысқа сюжетті оқиға байланысы, дамуы, шарықтау шегі, шешуі бар поэма. Поэмадағы шал мен Масғұт арасындағы және хан мен Масғұт араларындағы диалогтер мен ерлік қимылдарын баяндау арқылы Масғұт ұнамды қаһарман, ерлігіне ақылы сай, парасатты адам бейнесінде суреттеледі. Өзінің ақылының арқасында ол «Шығыстың күні» деген атқа ие болды деп қорытады ақын. Ал поэманың негізгі идеясы – әйелдің қоғамда атқаратын рөлін дәріптеу.

Қажым Жұмалиев

уәзірге – Масғұт деген нақты есім беріп, оқиғаны уәзір арқылы өрбітеді. Поэма басталған бетте Масғұттың адамдық болмысы бірден көзге түседі. Жазатайым бір ұрының қолына түсіп, соққыға жығылған бейшара шалдың аянышты даусына дәті шыдамаған Масғұт қорғансызға араша түседі. Бейтаныс шалды қарақшының қанды шеңгелінен құтқарып қалған Масғұттың осы әрекеті арқылы оның адамгершілігін тануға болады. «Жақсылыққа жақсылық» жасалып, осы қамқорлығының арқасында қарапайым Масғұтқа бақ қонып, барлық арманына қолы жетіп, «Шәмсі-жиһан» – «Бұл дүниенің күні» атанады. Ол төрткіл дүниеге аты жайылған халифаның уәзірі болып қызмет істеп, қалың жұртқа ақыл айтатын дәрежеге жетеді. Міне, осы тұста оған тағы да Қыдыр ата көмекке келеді. Ол жеті күн жауған жаңбыр суында кесепат бар екенін айтып, «Жеті күн жынды болар суын ішкен» деп сол суды ішпеуге аян береді. Бірақ поэмада Қыдыр мен халифаға ғана арқа сүйеген Масғұт көпшілікті соңынан ерте алмайды, ақыры «жынды суды» патшаға да ішкізіп, өзі де ішіп, көпшіліктің ырқына көнуге

мәжбүр болады. Бұл оқиға Абайдың «Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал» деген «Отыз жетінші» қарасөзіндегі оймен сабақтасып жатыр. Сондай-ақ «Сәулең болса кеудеңде» атты өлеңіндегі: «Единица жақсысы, Ерген елі бейне нөл... Единица кеткенде, Не болады өңкей нөл», – деген ойымен де астасады.



Ойталқы

1. Поэма сюжеті қайдан алынған?
2. Шәмсі-жиһан деген кім?



Себебін анықта

1. Неліктен Масғұт қызыл жемісті таңдады?
2. «Бұлдайды біреу күшін, біреу түсін» деген өлең жолын қалай түсінесің?



Тобыңда талдап көр

«Масғұт» поэмасын топ ішінде «Самаралық әдіспен» кезектесіп оқу арқылы тақырыбы мен идеясына және көркемдік маңызына тоқталыңдар. Жанрлық табиғатын талдаңдар.

1. Поэманы үзінділерге бөліп оқиды.
2. Топ ішінде оқылған үзінділерді өзара талқылайды.

3. Берілген үзінділердің мазмұнын ашатындай 9–10 тірек сөз жазады.
4. Үзіндіні қайта оқиды.
5. Әрбір топ ішінен бір оқушы үзіндіні мазмұндап береді.



Дәптеріңе жаз

1. Қыдыр шалдың Масғұтқа беретін үш жемістің қасиеттерін дәптеріңе теріп жаз.
2. Хан мен уәзірдің жынды суды ісуге не себепті мәжбүр болғанын өз сөзіңмен ашып жаз.



Түйінде

Абайдың «Масғұт» поэмасы мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықты анықтап, поэма туралы талдауды түйінде.



Қалай ойлайсың?

Осы поэмадан қандай ой түюге болады? М.Әуезовтің «Ескі Бағдат тонын кидіргенше, өз тұсындағы қазақтың өзіндік тіршілігінен алып, сюжетті сол болмыстан қиюластырса, шығарманың басты идеялары оқушыларына орағытып жетпей, төтелей жеткен болар еді» деген ойымен келісесің бе? Ойыңды қалай дәлелдейсің?



Үйде орында

«Масғұт» поэмасы мен осы поэма мазмұндас әлем әдебиетіндегі шығармалардағы құндылықтарды анықтап, әдеби эссе жаз.



Білгенге маржан

Қызыл алма немесе **Недзвецкий алмасы** (*Malus niedzwetzkyana*) – раушангүлділер тұқымдасының алма туысына жататын ағаш. Қызыл алмалар таулы ормандарда өседі. Батыс Қытайда, Орта Азияда таралған. Қазақстанда Қаратау, Батыс Тянь-Шаньда кездеседі. Оңтүстік Қазақстанда қолдан өсіріледі («Қазақ энциклопедиясы»).

Қызыл алма жемісі әдебиетте жастықтың, махаббаттың, құпиялықтың символы ретінде жиі қолданылады. Мысалы, қырғыз жазушысы Ш.Айтматов алманы «Қызыл алма» повесінде махаббат белгісін, Ө.Кекілбаев «Аңыздың ақыры» романында құрт түскен алманы опасыздықты көрсету үшін қолданған.



Әдебиет теориясы

Поэма (гр. «*poïeta*») – орта көлемді эпикалық түрге жататын, өмірде болған не болуға тиісті күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды эпикалық не лирикалық сипаттағы өлеңмен суреттейтін жанр.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігі»



Қолданып көр

«Масғұт» поэмасындағы кейіпкерлердің жүйесін тура және жанама мінездеулер бойынша талдап, кестеге толтыр.

Кейіпкерлер	Тура мінездеу	Жанама мінездеу	Мен таныған кейіпкер сипаты



Міне, қызық!

Ғалым Зәки Ахметов «Современные развития и традиции казахской литературы» деген еңбегінде И.С.Тургеневте жоқ, бірақ «Масғұт» әңгімесінде кездесетін бирма халқының ертегісіндегі сюжет негізін тауып, оны Абай шығармасымен салыстыра қарастырған. Бұл сюжетте бір данышпан уәзір «Жеті күн бойы жаңбыр жауады. Оның суын ішкен адам ақылынан адасады» деген жұлдызжорамалды патшаға айтып, оны «жынды судан» сақтандырады. Бірақ артынан екеуі де ішуге мәжбүр болады.

(Бирма халқының ертегісі, 1976)



Кітап – асыл қазына

Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2-том. А., Жазушы. – 2002.

**«Қалың елім, қазағым»
бөлімі бойынша жиынтық бағалауға
дайындық тапсырмалары**

1. Тест тапсырмаларын орында.

Абай Құнанбайұлы қай өңірде дүниеге келген?

- A) бұрынғы Семей облысындағы Шыңғыс тауының етегінде дүниеге келген
- B) Шығыс Қазақстан облысының Марқакөл ауданында дүниеге келген
- C) бұрынғы Семей облысының Семей қаласында дүниеге келген
- D) Павлодар облысында дүниеге келген
- E) бұрынғы Семей облысының Үржар ауданында дүниеге келген

«Қазақтың бас ақыны – Абай сөзінің дұрыс емес, қате айтылған, теріс айтылған, жұмбақ қылып, ашпай айтылған еш нәрсесі жоқ», – деген кімнің сөзі?

- A) М.Әуезов
- B) Қ.Мұхамедханов
- C) Р.Сыздықова
- D) М.Дулатұлы
- E) А.Байтұрсынұлы

Абай болыс болған жер:

- A) Жидебай
- B) Семей
- C) Қоңыркөкше
- D) Қоңырөлең
- E) Қарқаралы

Абай Құнанбайұлының өлеңдерінің бірі неліктен «Сегізаяқ» деп аталады?

- A) сегіз аяқты жәндікке арналған өлең
- B) Сегіз серіге арналған өлең
- C) 8 тармақты өлең
- D) 8 буынды өлең
- E) 8 шумақты өлең

«Оның да алған жоқ па құдай құлқын?

Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ» – деген жолдар Абайдың қай өлеңінен алынған?

- A) «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі
- B) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі
- C) «Сегізаяқ» өлеңі
- D) «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңі
- E) «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңі

«Сырласың сырт айналар» деген өлең жолының мағынасы қандай?

- A) айналып кету
- B) басы айналу
- C) арт жаққа шығу
- D) дөңгелену
- E) достың тастап кетуі

«Бас-басына би болған өңкей қиқым» деген өлең жолы адамның қандай қасиетін сипаттайды?

- A) мақтаншақтық
- B) билік құмарлық
- C) қызбалық
- D) жанжалқойлық
- E) әпербақан

Абайдың қарасөздерінің саны қанша?

- A) 41
- B) 43
- C) 47
- D) 45
- E) 40

Абайдың қарасөздерінде ғылымға барудың қанша жолы көрсетіледі?

- A) 5
- B) 7
- C) 2
- D) 3
- E) 4

Абай қанша поэма жазған?

- A) 3
- B) 5
- C) 1
- D) 4
- E) 2

2. Сұраққа жауап бер: Жайлау – малшаруашылығындағы жазғы жайылым. Ал Абай өлеңінен алынған мына жолды қалай түсіндірер едің? Жыл маусымына байланысты айтылған ба?

Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?

Бұл жерде қай жайлау туралы айтылады?

3. «Сөз әлемінің патшасы – Абай» деген тақырыпқа презентация жаса.

Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырмалар үлгілері

Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

Бірінші сөз

Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай, өзім де қайранмын.

Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді құдай сақтасын!

Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері бағар. Енді қартайғанда қызығын өзің түгел көре алмайтұғын, ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған аз ғана өмірімді қор қылар жайым жоқ.

Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгенінді кімге үйретерсің, білмегенінді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі – бір тез қартайтатұғын күйік.

Софылық қылып, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңілде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елге, осы жерде не қылған софылық?

Балаларды бағу? Жоқ, баға алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай харекетке қосайын? Балаларымның өзіне ілгері өмірінің, білімінің пайдасын тыныштықпенен көрерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам? Оны да ермек қыла алмадым.

Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ.

1. Мәтін қандай үлгіде жазылған?

- A) Зерттеу
- B) Хат
- C) Өмірбаян
- D) Өсиет
- E) Естелік

2. Автор қандай іспен айналысқысы келеді?

- A) Мал бағумен
- B) Ел бағумен
- C) Ғылым бағумен

- D) Бала бағумен
- E) Сөз бағумен

3. Автор малды неге баққысы келмейді?

- A) Қалада тұрады
- B) Малы жоқ
- C) Балалар бақсын
- D) Малдың жайын білмейді
- E) Қоралары жоқ

4. Мәтінде айтылмаған іс-әрекетті көрсет.

- A) Ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ
- B) Балалар өздеріне керегінше өздері бағар
- C) Ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын
- D) Қарасөздерімді жазып бітірейін
- E) Қалайша бала бағудың мәнісін де білмеймін

5. Абайдың бала бақпауының себебін анықта:

- A) Баланың анасы емес
- B) Сөйкес білімі жоқ
- C) Бағудың мәнісін білмейді
- D) Балалары ержетіп кетті
- E) Мал баққанды оңай көреді

6. Қарасөзде көтерілген мәселені «Мәңгілік Ел» идеясымен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан аш.

II ТАРАУ

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШЫ

Еңбек етпесең, жиған білімің кәдеге жарамай жатқан
минерал секілді. Оның ішін аршып, асыл кенін жарқырату
үшін еңбек керек, қол мен ой қимылы қажет.

Қаныш Сәтбаев

Алыпты алып қана арқалай алады, Абайдай данышпанды Мұхтар Әуезов әлемге танытты. Сәтбаевтың ұлы тұлғасын Медеу Сәрсекке ұлықтады.

Ә.Нұршайықов

МЕДЕУ СӘРСЕКЕ



Медеу Сәрсекке
(1936 жылы туған)

Медеу Сәрсекке қай өңірде туып-өскен?

Медеу Сапаұлы Сәрсекке Шығыс Қазақстан облысына қарасты бұрынғы Абыралы ауданы Қайнар кентінде 1936 жылы 2 қаңтарда туған. Ауылдағы орта мектепті Алтын медальмен тамамдап, Алматыдағы Кен-металлургия институтына түсіп, инженер-металлург мамандығы бойынша бітіріп шыққан.

Жазушы шығармаларының ерекшелігі неде?

«Лениншіл жас» газетінің редакциясында 1958–1959 жылдарда әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болып еңбек етеді. 1959–1964 жылдары өз мамандығына қайта оралып, Семей цемент зауытында ауысым мастери, зауыт диспетчері, өндіріс-техника бөлімінің аға инженері қызметтерін атқарады. Ол өндірістегі мамандардың қызығы мен қиындығы мол өмірінен терең сыр шертетін кітаптар жазды. Солардың бірі – «Жаңғырық» романы. Оның жалғасы ретінде «Көмбе» романы да кейіннен жарық көрді.

Медеу Сәрсекке ғылыми-фантастикалық жанрға да қалам тартып, қазақ әдебиетіндегі аталмыш жанрдың өрістеуіне де айрықша үлес қосты. Мысалы, «Ғажайып сәуле», «Көрінбестің көлеңкесі» мен «Жетінші толқын» ғылыми-фантастикалық шығармалары басылып шықты.

Жазушы Ұлттық ғылым академиясының академигі Ебіней Арыстанұлы Бөкетов туралы «Ебіней Бөкетов», сондай-ақ тарихшы Ермұхан Бекмаханов туралы еңбектер жазды.

Кез келген халық перзентін толғантатын Семейде болған ядролық сынақтың адамзатқа тигізген ауыр қасіреті жазушының да қолына

Зерделі ой

М.Сәрсекенің «Жаңғырық» романы өндіріс тақырыбына арналған. Ондағы тартыс өндірістік қарым-қатынастардан туады. Бірақ оның негізінде адамдық, адалдық үшін күрес бар... Роман өндіріс адамдарының өмірін бүгінгі ғылыми-техникалық прогресс заманының шындығымен байланыстырып, үлкен прозаның байсалды реалистік үлгісінде суреттейді.

Серік Қирабаев

қалам алып, «Семей қасіреті» атты көлемді шығармасын жазуына себепкер болды.

Медеу Сәрсекке еңбегі қалай бағаланды?

1970 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, 2001 жылы ҚР-ның «Құрмет» орденімен марапатталды. Медеу Сәрсекке – Республикаға еңбегі сіңген зейнеткер. Семей қаласы мен Баянауыл ауданының «Құрметті азаматы» және «Павлодар облысына еңбегі сіңген қайраткер» атақтарына ие. Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық және Ш.Құдайбердиев атындағы Семей университетінің «Құрметті профессоры», ҚР-ның «Құрметті кеншісі» және Геология комитетінің «Құрметті кен іздеушісі». ҚР Ақпарат және қоғамдық тарих академияларының толық мүшесі.



Ойталқы

1. Медеу Сәрсекке қандай оқу орнын бітірді?
2. Жазушы шығармаларының тақырыптары қандай?



Себебін анықта

1. Неліктен жазушы әдебиет саласында да, техникалық салаларда да қызмет еткен?
2. Медеу Сәрсекке не себепті ғылыми-фантастикалық бағыттағы және техникалық мамандар туралы шығармалар көбірек жазды?



Тобыңда талдап көр

Қаламгердің сан қырлы сипатын топ ішінде талдап көріңдер.



Дәптеріңе жаз

Автордың өмірі бойынша хронологиялық кесте жаса.

Жылдар	Маңызды оқиғалар



Түйінде

«Попс формуласын» пайдаланып, «Медеу Сәрсекке – қазақ халқының мақтанышы» тақырыбында өз ойыңды түйінде.

1-сөйлем: «Менің ойымша, ...»

2-сөйлем: «Мен оны былай түсінемін...»

3-сөйлем: «Мен оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»



Қалай ойлайсың?

Егер Медеу Сәрсекке Кен-металлургия институтында оқымағанда, Сәтбаев туралы жаза алар ма еді? Пікіріңді дәлелде.



Үйде орында

Медеу Сәрсекке шығармаларының жанрларына шолу жасап, әдеби сын жаз.



Білгенге маржан

М.Сәрсекке драма жанрымен де шұғылданған. Драмаларының ішінде төртеуі Семей, Арқалық, Жетісай, Талдықорған мен Алматы қалаларындағы театрларда ұзақ жылдар бойы кассалық табыспен жүрді, ал арнайы тапсырыспен жазылған «Уақыт төрелігі» драмасы телеспектакль түрінде Қазақ телестудиясынан 1989 жылы Қ.И.Сәтбаевтың туғанына 90 жылдық мерейтойы қарсаңында экраннан бірнеше мәрте көрсетілді (режиссеры Елжас Қасиманов).

Жазушының бұл жанрдағы көпшілікке танымал шығармалары – «Шыңғыс хикаясы», «Жарылыс», «Заңды неке» және т.б. драмалары. «Заңды неке» комедиясы Семей театрында 1983–2006 жылдары аралығында 600 рет қойылған. Ал «Тендерге түскен келіншек» драмасы 2010 жылдан бері М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық театр сахнасында және облыстық театрларда да табысты түрде қойылып келеді.

adebiportal.kz/kz/authors/view/



Міне, қызық!

Медеу Сәрсекке бүкіл саналы ғұмырын академик Қ.Сәтбаев туралы зерттеуге арнады. Ол 1965 жылдан бастап тек әдеби жұмыспен ғана шұғылданды.



Кітап – асыл қазына

Қазақстан жазушылары XX ғасыр: анықтамалық. – Алматы: Ана тілі, 2004.

«Қаныш Сәтбаев» роман-эссесі

Өз елінің қара тасын мақтан ете алмаған, өзге жердің алтынын да мақтап жарытпақ емес.

Қ.Сәтбаев

Қаныш Сәтбаев не себепті шығармаға арқау болған?

«Қаныш Сәтбаев» роман-эссесінің сюжеті академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өмір жолына арналған. Шығарманың негізгі оқиға желісі көнекөз



Ғұлама ғалым –
Қаныш Сәтбаев

қарттардың естеліктерінен бастау алып, нақты деректер арқылы өрбіп отырады. Имантай бидің отбасында дүниеге келгенінен басталған шығарма дарынды азаматтың әр жас кезеңін ерекше сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, баяндау тәсілі арқылы оқырманға түсінікті тілмен жеткізген. Болашақ ғалымның балалық шағы әдеби көркем тілмен жазылған. «Көктем шыға ауыл жайлауға көшеді. Қаныш үшін бұл сағынып күтетін ерекше күн! Бұл сәтті балалар қыс бойы шыдамсыздана күтеді. Төр жайлауға жеткенше неше тәулік жол жүру керек. Үрдіс көшпей, жолшыбай бұлақ, суларға екі ауыл он-он бес күннен қонып, мал мен жанға тыныс беріп, біртіндеп жылжып отырады. Көбіне қонатын жерлері Батпақкөл, Шыбындыкөл, Шөптікөл, Айнабұлақ, Шабақайдың басы, ең ақырында Нияз таулары.

Жомарт табиғаттың сезімтал балаға әсері ерекше. Шыр етіп жерге түскеннен бері ол соның аясында. Даланың шыжыған ыстығын да, қарлы боран, қақаған суығын да қаршадай кезінен көріп келеді. Соның бәріне де етене болып көндігіп, күн санап қанаты қатайған қыран бүркіттің болат тұяқ балапанына ұқсап жетіліп келеді».

Бала Қаныш алғашқы сауатын молдадан ашады: «...Жұмаш молданың алдында Қаныш екі жыл отырады. Көп жылдар Имекең тәрбиесінде болып, кіші ауылда өскен Тармызи Әбсәліұлы бұл жайында: «Қанкенің оқуға зеректілігі сонда-ақ мәлім болған. Ол біз құсап ескі оқуды әлденеше қыс мыжыған жоқ, сөзді де ежіктемей бірден оқып кетті. Мұхтасар мен биданды тез меңгерді. Сол себепті, би атам оны молда алдында көп ұстаған жоқ...» дейді». Қаныш бұдан соң он екі жасында 15–16 жастағы жасөспірімдер оқитын болыстық мектепке барып, үздік оқуымен көзге түседі. «Төңіректегі жұрт бұл ұяны «ағаш үйдегі мектеп» атандырған. Қаныш болса, 1909–1911 жылдарда оған қатынаған балалардың ең құртақандайы. Сірә, содан да шығар, ересек шәкірттер оны ерекше жақсы көреді. Өзі де біржосын сүйкімді де қылықты бала. Үстінде қынамен боялған сары тон, онысы өсетіндігі есептеліп бірер қарыс ұзын әрі кең пішілген... Әрине, ол жалғыз жүрмейді. Өз ауылының ересек балаларымен бірге келеді, көбіне Бапай, Жұмағұл, Нұрлан сықылды күтушілері әкеп салып, қайтарында да ат, шаналарын сайлап күтіп тұрады».



CD 04

Өлеңдегі Қаныш образын роман-эсседегі бейнемен салыстырыңдар.

Қаныштың әдебиетке құмарлығы училище қабырғасында оқып жүргенде арта түседі: «Көркем әдебиет кітаптарды оқуға ынтасын аңғарған Әбекең де інісін бір күні халық үйіне ертіп барады. Бұл үй өздері тұратын көшеде. Соның бөрінен де балаға халық үйінің кітапхана мүйісі ұнаған-ды. Қашан барсаң да неше түрлі газет, журнал тігінділері үстел үстінде тізіліп тұрады. Мүйістің кітап қоры көп емес, бірақ Қаныш үшін жарап жатыр. Ағасының есеп карточкасымен алатын ұзын тізбеге көп ұзамай жаңа авторлар қосылды: Л.Толстой, В.Максимов, М.Сервантес, Ж.Верн... Ауылда жүргенде қолына түскен кітапқа мөз еді, қазір таңдап, авторларына қарап алады. Сірә, әдеби шығармаларды көп оқудың әсері шығар, екінші жылдан бастап Қаныштың мазмұндамалары училищенің үлгі тақтасынан түспейтін болды: жазу мәнері, бөлкім, аса көркем болмас, ал берілген тақырыпты жан-жақты сипаттап, орыс тілінде қатесіз, еркін жазуы жөнінен училищеде тең түсер шәкірт тегінде некен-саяқ...».

Өзіндей жастар ойын-сауықпен уақыттарын өткізіп жатқанда Қаныш тасты тасқа ұрып, сындырып, неше түрлі шақпақтас жинап жүретін болған. Етігінің қонышына балға салып жүріп, таудың тасын сындырып, ішін ашып көретін. Осылайша бала күнінен білуге, көруге, жүруге ынтызарлық Ұлытау атырабының жерасты қазынасын барлаумен қоса геолог Қ.Сәтбаевты әрдайым жаңа ізденістерге құмар етіп, соны іздерге жолықтырып отырған. «Кен барлаушының жол дәптерінде жер жынысын сипаттаумен бірге жүрген сапарларында өзіне кездескен тарихи түрлі белгі, таңбаларды да аттап өтпей, суретін салып, көрген-білгенін жазып отырғаны анық. Айталық, Бұланты өзенінің оң жағынан, тақтатасты жыныстардан (сланец) тұратын қима жартас бетінен ол көптеген хайуанаттар суретін табады; нақ осындай тас бейнелерді ол Тамды, Жетіқыз өзендерінің бойынан да көрген; ал Ұлытаудың ұлы шыңы Едіге үстіндегі, Бала Жезді мен Сарысу өзендерінің жағаларындағы адам мүсіндері ше; немесе Алашахан, Жошы, Домбауыл кесенелерінің көне құрылыстық, сәулет өнерінің үлгісі ретіндегі сипаты...».

Автор Қ.Сәтбаевтың оқуын аяқтап, еңбекке араласқан кәсіби өміріндегі сан қилы жағдаяттарды шығармадағы коллизия мен конфликтер арқылы шым-шытырық оқиғалармен өрбітіп отырады. «Қаныш Имантайұлының төзімі жарым жылға жетті. Сайып келгенде, өмірін мансұқ етіп жүрген ісі – Үлкен Жезқазған мүддесін тоғышар шенеуніктердің ойына келгенін жасап, еріктерінше бопсалауына беріп қойып, тыныш жүре алмасын түсінген». Себебі бастықтар геологтер конгресіне барған сапарында жыл басындағы уәделерінен тайқып, қаржыны бұрынғыдан да аз беретінін, Қарсақбай комбинатының геологиялық бөлімі етіп қалдыратынын ашық айтады. Сондықтан Қаныш тағы да дабыл қағып, ең жоғарғы деңгейде әңгіме көтеруге бел байлайды. Алайда Қарсақбай комбинатының кезекті жаңа директорын (ал олар аяқкиім ауысқаннан да жиірек өзгеріп жатады, мыс зауыты жылдан жылға тағайындаған жоспарды орындаған емес, соған орай комбинат басшылары да жұлынып қала беретін) тізе қосып қимылдау ойына иландыра алмайды. Жаңа директор: «Менің міндетім – 30 мың тонна мыс беру», – дегеннен жаңылмады...».

Жазушы шығармасында суреттелетін қалалардың тыныс-тіршілігі мен географиялық орналасуындағы ерекшеліктің адам мінезіне ортаның әсері болатынын сездіреді. Баянауыл, Ұлытау-Жезқазған, Қарағанды, Қызылорда, Ташкент, Томск, Мәскеу, Ленинград (Санкт-Петербург) және Алматы қалаларындағы

еңбек өнімділігімен қоса адами факторлардың жан-жақты танылуына аса мән берілген шығарма кейіпкерлері шынайылығымен ерекшеленеді.

Роман-эсседе Қ.Сәтбаевтың геологиядан басқа да ғылым салаларындағы мәдениет пен тарихтағы белсенді әрекеттері дәріптеліп, сіңірген еңбектері де кеңінен баяндалады. Мысалы, Қаныш қазақтың ән мұрасын жинауға шыққан зерттеуші А.В.Затаевичке көптеген өндердің шығу тарихын баяндап, жаздырады.

«Қаныш Сәтбаев – жас қазақ инженері, Томск технология институтында білім алған, – депті Александр Викторович соңғы жинағының 267-түсінігінде.

– Баянауыл өндерін ол өте көп біледі және келістіре орындайды. Мына жинақ үшін ол көптеген өндер мен әуендерді айтумен бірге, солар туралы өте құнды деректер қосып, әмбе өндер мәтінін орыс тіліне мұқият аударып та берді...».

Сәрсекенің роман-эссесінен халқымыздың маңдайына біткен ғұлама ғалымның өмірдегі шынайы адами, тұлғалық болмысы мен азаматтық қасиеттерін жіті тани аламыз.

Ғалымның азаматтық тұлғасына шығармаларын арнаған өзге де ақын-жазушылар аз болмады. Мысалы, ақын Кәкімбек Салықов Қ.Сәтбаевтың шыққан биігін дүниежүзіндегі ең биік шың – Эверестке теңейді:

Жаманды жақсыменен өлшетуге,
Екеуін жалғастырып көрші етуге.
Қаныштар келген екен Жер бетіне,
Өресін кісіліктің көрсетуге.

Көп зерлеп тауларым мен ойпатымды,
Тудырды кен болжағыш ой татымды.
Кейбіреу аруағымен арпалысса,
Ол көкте жұлдыз болып қайта туды.

Анадан асыл тұлға туыпты ірі,
Туған ел сүйді заңғар біліктіні.
Ғылымның Гималайын жасады да,
Болды өзі Эверестей биік шыңы.



Ойталқы

1. Роман-эсседе кім туралы жазылған?
2. Қаныш қай өңірде туып-өскен?



Себебін анықта

1. Неліктен бұл шығарма «роман-эссе» деп аталған?
2. Ғалымның аты не себепті бірнеше елмен байланысты?



Тобыңда талдап көр

1. Басты кейіпкер – Қаныш Сәтбаевтың роман-эсседе көрсетілген еңбектерін бірнеше бағытта талдаңдар. Мәселен: геологиялық, тарихи, мәдени еңбектері тұрғысынан.

2. Хрестоматияда берілген үзіндінің алғашқы 3 азатжолдағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдаңдар.



Дәптеріңе жаз

Қаныш Сәтбаевпен бірге оқыған көрнекті қайраткерлердің ұлт келешегі үшін атқарған ерен еңбегін дәлелдер арқылы сипаттап жаз.



Түйінде

Шығармадан алған әсеріңді түйінде.



Қалай ойлайсың?

Уинстон Черчилль Қаныштан: «Қазақтардың бәрі сіздей алып па?» – деп сұраса керек. Сонда Қаныш аға: «О, жоқ, халқым менен де биік!» – деп жауап берген екен. Ғалым не жайында айтқан?



Үйде орында

Қаныш Сәтбаев образына байланысты берілген кестені толтыр.

Шығармадан үзінді	Шығармадағы Қаныш Сәтбаев бейнесі	Менің қиялымдағы Қаныш Сәтбаев бейнесі



Білгенге маржан

Одақтық Ғылым академиясының Қазақ филиалының төрағасы Қ.И.Сәтбаев Қазақстан геологиясына зор еңбек сіңірді. Сәтбаевтың негізгі ғылыми еңбектерінің басым көпшілігі рудалық кендер геологиясын және Қазақстанның минералдық ресурстарын зерттеу болды.

Сәтбаев пайдалы қазбалардың болжам карталарын құрастыру қағидаларын айқындады. Оның ғылыми мұралары, әсіресе, Жезқазған кені туралы зерттеулері, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектері аса құнды еді. Ол ғылымға формациялық металлогендік талдаудың бірегей әдісін енгізді, сондай-ақ алғашында мардымсыз кенді өңір болып есептеліп келген Жезқазғанның ірі мысты ауданның бірі екенін дәлелдеді.

Академик Қ.И.Сәтбаев жас кезінде Алтын Орда хандарының ақылшысы, халық қамқоры болған Едіге батыр туралы ел аузынан жазып алған жыр нұсқасын 1927 жылы Мәскеуде «Ер Едіге» деген атпен бастырады. Ол осы жыр үшін кейін, 1950 жылы қуғынға ұшырайды. Сондықтан «Едіге батыр» жыры ұзақ уақыт баспа бетін көрмейді. Қ.Сәтбаев жариялаған жыр нұсқасы тек 1989 жылы ғалымның бір томдық таңдамалы мақалалар жинағына енгізілді. Ал 1995 жылы «Ер Едіге» деген атпен қазақ және орыс тілдерінде жеке кітап болып жарық көреді.

XX ғасырдың бас кезінде Мағжан Жұмабаев, Халел Досмұхамедов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов және тағы басқа қазақ зиялылары сияқты Қ.Сәтбаев та оқулық жазуға атсалысады. Ол 1924 жылы балалар үшін түсінікті тілмен «Алгебра» оқулығын араб қарпінде жазып шығады. Оқулық 1929 жылы латын графикасына көшіріледі.

«География» оқулығы



Білген үстіне біле түс

Қаныш Сәтбаевтың құрметіне Атырау, Ақтау, Қарағанды, Павлодар, Ақсу, Алматы, Баянауыл, Жезқазған қалаларында ескерткіш қойылған. Ал 2008 жылы Ресейдің Томск қаласында геологтер аллеясына ғалымның ұстазы М.Усовтан кейін екінші етіп Қ.Сәтбаев ескерткіші орнатылды.

Қ.Сәтбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісінен 20 теңгелік естелік монетасы шығарылды.

2001 жылдан бері Павлодар мемлекеттік университетінде «Қ.Сәтбаев оқулары» халықаралық ғылыми конференциялары өткізіліп тұрады.

«Қаныш» энциклопедиясы



Әдебиет теориясы

Коллизия (лат. *collisio* – қақтығыс) – қарама-қарсы мүдделер мен күштердің, көзқарастардың қақтығысы. «Коллизия» термині әдебиет пен өнер туындыларындағы тартыстың, сезім арпалысының шебер бейнеленуін көрсету үшін де қолданылады.

Тартыс, конфликт (лат. *conflictus* – жанжал) – екі немесе бірнеше жақтың қарым-қатынасы барысында мақсаттары мен көзқарастарының өзара қарама-қайшылығы. Тартыс әлеуметтік және бейәлеуметтік болып екіге бөлінеді. Әлеуметтік тартыс нысандары – адамдар, ал бейәлеуметтік тартысқа табиғат құбылыстары жатады.

Роман (XI–XII ғасырларда роман тілдерінде жазылған әртүрлі шығармалар) – күрделі сюжетті, көбіне қара сөзбен, кейде өлеңмен жазылған кең көлемді эпикалық түр.

Романда өмір құбылыстары, адамдар арасындағы қарым-қатынастар молынан қамтылған, композициялық күрделі құрылымнан тұрады.

Романда лирика мен драма жанрларының сипаттары да кірігіп отырады, әңгіме мен повеске қарағанда, онда түрлі оқиғалар жүйесі, сюжеттік желі, қаһармандар қатары кеңірек қамтылады. Роман адамдар тағдырын, замана шындығын суреттеу арқылы дәуір мен қоғамды, салт пен сананы бейнелейді.

Эссе – соны пікірлерге көбірек мән беріліп, оқырманды ой теңізінде жүздіріп, таңдай қақтыратын, өзінше ойлап-сезіну қажеттілігін туғызатын, қаныңды қыздырып, рухани әлеміңе азық сыйлайтын, дүние құбылыстарын өткір қабылдауымен ерекшеленетін көркем туынды. Эссе табиғаты сыршыл сезімге, тіл бояуларының айрықша салтанатына, әшекейлі композицияға

құрылады. Өзгеше бітімді бұл өнер туындысында эссеші интеллектуалдық байлығын, аңғарымпаздығын, жарқын, тапқыр ойлылығын, өмір саяхатындағы көрген-білгенін, сезінген-түйгенін, жинақтаған тәжірибелерін жомарттықпен жайып салады. Эссе сипатында туған туындыларға батыл болжамдар мен өткір ұсыныстар, пікір жарыстырулар мен талас тудыратын жорамалдар, ойлар, көкейге қонымды, таным көкжиегін кеңейтуге қозғау саларлық байламдар тән.

Роман бір не бірнеше кейіпкердің өмір жолының дамуын көрсететін әдеби жанр болса, ал эссе – ғылыми мақала мен әдеби очеркке ұқсас, автордың бір мәселеге жеке көзқарасын білдіретін, яғни роман мен эссенің ерекшеліктерін үйлестіретін прозалық әдеби жанр.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігі»



Қолданып көр

1. Коллизия мен тартысқа шығармадан мысалдар келтір.
2. Роман мен эссенің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын Венн диаграммасы бойынша салыстыр.



Міне, қызық!

Имантай бидің отбасында дүниеге келген нәрестеге Ғабдул-Ғани деген есім берілді. Анасы Әлима Ғабдул-Ғаниды еркелетіп, «Ғаниым, Ғанышым» деп атаған. Бала мектепке барған кезде есімі журналға Қаныш болып жазылып кеткен екен.



Кітап – асыл қазына

1. Медеу Сарсеке. ЖЗЛ. Сатбаев. Москва: Молодая гвардия, 2003.
2. «Қаныш» энциклопедиясы, Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» редакциясы, 2011.
3. Ғажайып сәуле. Ғылыми-фантастикалық хикаят, Алматы: ҚМКӨБ, 1959.

«Қазақтың Қанышы» бөлімі бойынша жиынтық бағалауға дайындық тапсырмалары

1. Тест тапсырмаларын орында.

М.Сәрсекенің қазақ әдебиетіндегі дамытпаған саласы:

- A) пьеса жазу
- B) роман-эссе жазу
- C) өлең жазу
- D) ғылыми-фантастикалық шығарма жазу
- E) мақала жазу

М.Сәрсекенің ғылыми-фантастикалық шығармасы:

- A) «Жаңғырық»
- B) «Көмбе»
- C) «Жарылыс»
- D) «Шыңғыс хан»
- E) «Жетінші толқын»

М.Сәрсекенің мамандығы:

- A) жазушы
- B) инженер-металлург
- C) зауыт диспетчері
- D) инженер-құрылысшы
- E) драматург

М.Сәрсекенің еңбегін арнаған тарихшы:

- A) Н.Мұқаметханұлы
- B) С.Асфендияров
- C) М.Қозыбаев
- D) Е.Бекмаханов
- E) Ә.Марғұлан

«Жаңғырық» романында адамдық, адалдық үшін күрес бар» деген кімнің сөзі?

- A) М.Әуезов
- B) С.Қирабаев
- C) Ө.Жәнібеков
- D) М.Қаратаев
- E) Ә.Марғұлан

М.Сәрсекенің ядролық сынақ жайлы шығармасы:

- A) «Семей қасіреті»
- B) «Невада-Семей»
- C) «Жарылыс»
- D) «Сынақ азабы»
- E) «Радиация күлі»

М.Сәрсекенің спектаклі Семей театрында қанша рет қойылған?

- A) 500
- B) 603
- C) 600
- D) 650
- E) 550

Қ.Сәтбаев геологиядан өзге де саламен айналысып, қай оқулықты жазды?

- A) география
- B) геометрия
- C) тарих
- D) қазақ тілі
- E) алгебра

Қ.Сәтбаев қазақтың әнін жинауға кімге көмек көрсеткен?

- A) Л.А.Хамидиға
- B) Е.Г.Брусиловскийге
- C) А.Қ.Жұбановқа
- D) А.В.Затаевичке
- E) С.Г.Рыбаковқа

Қ.Сәтбаев неше жасында 15–16 жастағы жасөспірімдер оқитын мектепке барады?

- A) 10
- B) 12
- C) 13
- D) 14
- E) 9

2. «Алыпты алып қана арқалай алады, Абайдай данышпанды М.Әуезов әлемге танытты. Қ.Сәтбаевтың ұлы тұлғасын Медеу Сәрсекке ұлықтады» деген Ә.Нұршайықовтың сөзін пайдаланып, «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесіндегі Қаныш Сәтбаев бейнесін түрлі деректермен салыстырып, шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын жаз.
3. Қаныш Сәтбаев туралы ғылыми еңбектерді негізге ала отырып, «Қаныш Сәтбаев» эссе-романына әдеби сын жаз.
4. «Қазақтың Қанышы» деген тақырыпта презентация жаса.

Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырмалар үлгілері

Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

Қаныш Имантайұлы жердің терең қыртыстарын терең зерттеу нәтижесінде пайдалы қазбалардың таралу заңдылықтарын анықтады. Қазба байлықтарының жату, таралу, пайда болу заңдылықтарын басшылыққа ала отырып, тұңғыш рет Жезқазғанның металлогениялық картасын жасады. Кейіннен бұл методология еліміздің басқа аймақтарында, соның ішінде, Мұғалжар мен Текеліде, басқа да өңірлерге қолданылды. Соның нәтижесінде тұтас рудалық аймақтар пайда болды.

Мұрат Шөкейұлы

1. Мәтінде еліміздің қай облыстары сөз болады?
 - A) Солтүстік Қазақстан, Орталық Қазақстан, Алматы облысы
 - B) Оңтүстік Қазақстан, Орталық Қазақстан, Шығыс Қазақстан
 - C) Орталық Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан
 - D) Батыс Қазақстан, Алматы облысы, Орталық Қазақстан
 - E) Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Алматы облысы
2. Металлогениялық карта деген не?
 - A) жер бедерінің көрсетілуі
 - B) жер бетінің кішірейтіліп бейнеленуі
 - C) табиғат құбылыстарының бейнеленуі
 - D) метеорологиялық элементтердің белгіленуі
 - E) пайдалы қазбалардың көрсетілуі
3. Мәтінде айтылмаған ойды көрсет.
 - A) рудалық аймақтардың таралуы
 - B) жердің қыртысын зерттеу
 - C) методологияның қолданылуы
 - D) металлургиялық картасын жасау
 - E) қарағанды өңіріндегі кен
4. Мәтіндегі бірнеше рет қайталанған сын есімді тауып, онымен 5 сөйлем құрастыр.
5. «Жезқазған» сөзінің жасалу тәсілін талда. Қаланың атын басқаша қалай атауға болады?
6. Қазақстанның табиғат байлығы туралы жарнама жасау үшін мәтінді қалай пайдаланар едің?

7. Қаныш Сәтбаевтың қанатты сөздерін оқып, тапсырмаларды орындап, сұрақтарға жауап бер.

- Өз елінің қара тасын мақтан ете алмаған, өзге жердің алтынын да мақтап жарытпақ емес.
- Еңбек етпесең, жиған білімің кәдеге жарамай жатқан минерал секілді. Оның ішін аршып, асыл кенін жарқырату керек, қол мен ой қимылы қажет.
- Өз білімін өмірдің, өндірістің тәжірбиелерімен нығайтып, байытып отыратын, тапқан ілімін үлкенді-кішілі ашқан жаңалығын халықтың қажетіне беріп отыратын ғылым ғана өз дәрежесінде заман талабының өресінде болады.
- Ғалымға азық берер қайнар көзі кітап бетімен, лаборатория аумағымен ғана шектелмейді, өмірді танумен, еңбек адамының жасампаз ісін танумен кең өрісін табады.
- Білімді еңбек пен өмірдің өзінде шыңдап отыр! Сонда ғана білім деп аталатын асыл тас ешқашан тот баспастан жалтырай да жарқырай береді.
- Ғылым майданының қатардағы жауынгері тек үнемі оқу, іздену, талпыну, тану, өмір мектебінен өту арқылы ғана оның ірі қайраткері дәрежесіне дейін көтеріледі.

- 1) Қанатты сөздерге атау қой.
- 2) «Қара тас» деген сөз қандай мағынада қолданылып тұр?
- 3) Алғашқы қанатты сөзбен танысқан оқырманның бірі мақтану өзімшілдікті, дандайсуды білдіреді деген ойда. Бұл дұрыс па? Өз дәлеліңді келтір.
- 4) Осы сөздерді өзің қолдана алар ма едің? Қолдансаң, қай кезде? Неліктен? Жауабыңды түсіндір.
- 5) Қанатты сөздерге ортақ ой бар ма? Болса, қандай?
- 6) Болашақ мамандығыңды таңдау барысында Қ.Сәтбаевтың қандай қағидаларына сүйенер едің?
- 7) Қазіргі қазақ ғылымының дамуы туралы ойыңды түйіндеп, Қаныш Сәтбаевқа хат жаз.

III ТАРАУ

ПАРАСАТ ПАЙЫМЫ

Біздің бойымызға біткен қасиеттердің ішіндегі
ең маңыздысы және ең ізгісі – парасат.

Габриэль Мабли

Жазушы ізгіліктің иесі болуы тиіс.

Айгүл Кемелбаева

АЙГҮЛ КЕМЕЛБАЕВА



Айгүл Кемелбаева
(1965 жылы туған)

*Айгүл Кемелбаева қай жерде туып-өсті?
Қайда білім алды?*

Айгүл Кемелбаева 1965 жылы 21 наурызда Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Құндызды ауылында туған. 1984–1987 жылдар арасында Қаз ҰУ-дің журналистика факультетінде оқыған. «Қоңырқаз» әңгімесі шығармашылық конкурстан өтіп, 1989 жылы Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институтының негізгі (проза) бөліміне қабылданып, оны 1994 жылы бітіріп шығады.

Айгүл Кемелбаеваның қандай шығармалары бар?

«Жетінші құрлыққа саяхат» атты балаларға арналған хикаяты, «397 нөмірлі снайпер» және діни тақырыпқа арналған «Тобылғысай», «Ғибадат», «Қияда» атты әңгімелері мен «Мұнара» атты романы бар. Кемелбаеваның «Мұнара» романы зоологиялық прозаға да жатады. Автордың өзі бұл туралы: «Мұнара» атты шағын романымда зоологиялық проза тәсілін қолдандым. Мен үшін зоологиялық прозаның ең мықты өкілі – Герман Мелвилл, оның «Моби Дик немесе ақ кит» атты романын қайталап, сүйсіне оқыдым. Хайуанаттар этимологиясына асқан сүйіспеншілікті Мелвилл үйретті. Қазақ ауыз әдебиетінен бері хайуанаттар туралы анималистік проза дамып кеткен. Тегінде прозаның мүмкіндігі поэзиядан гөрі шексіз», – деп жазады (<http://abai.kz/post/13342>).

«Мұнара» романының ерекшелігі – автордың көзқарасының берілу тәсілінде. Жазушы адамзатты табиғаттың бір бөлшегі ретінде оны табиғат-анамен салыстыра қарастырады. Сондықтан

Зергер сөз

Айгүл өз туындыларында саналы түрде еуропалық, мифтік есімдерді де кіргізіп қояды. Онысы эксперимент болғанымен, өте сәтті пайдаланылған амал. Өйткені дүниежүзілік әдебиетті біле отырып, сол деңгейде ойлана отырып, қазақша стильдік тәсілдерді дүниеге әкелуде.

Айгүл Ісімақова

автор романның екінші бөлігінде сананы тұрмыс билеген әлемнен табиғаттың қойнына сүңгиді. Оқырмандарына табиғатқа қамқорлық танытпаса, апатқа ұшырайтындықтарын әдеби шебер тілмен жеткізе біледі. Мұнда адамның бергі санасы мен бейсанасындағы егес көрсетіледі.

Магиялық проза саласында «Майя» атты повесть пен «Ер Төстіктің дүниеге келуі» атты әңгімесі жарық көрді.

Жазушының «Көкенай мен Қалқаман» атты эпикалық прозасы Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» поэмасының желісімен, нәзира-шылдық дәстүрде жазылған. Жалпы республикалық баспасөзде 200-ге жуық әдеби-зерттеу мақалалары, эсселері, аудармалары жарияланған. Шығармалары орыс, әзербайжан, белорус тілдеріне аударылды.

Жазушының еңбегі қалай бағаланды?

1983 жылы «Жалын» баспасының республикалық жабық конкурсында балалар әдебиетіне арналған II жүлдені, 1997 жылы М.Әуезовтің 100 жылдық мерейтойы құрметіне жарияланған шығармашылық конкурста III орынды иеленді. Жастар одағы мен Журналистер одағының Баубек Бұлқышев атындағы сыйлығының лауреаты (1998 ж.). Сорос-Қазақстан – Дебют конкурсының лауреаты. Сорос-Қазақстан қорының «Қазіргі заманғы қазақстандық роман» атты конкурсының жеңімпазы (2000 ж.). Сондай-ақ бірнеше дүркін республикалық, халықаралық бәйгелердің жеңімпазы болған: Халықаралық Виктор Шнитке атындағы әдеби конкурсының лауреаты (2012 ж.) атанып, «Ресей немістерінің әдебиеті туралы әдебиеттанығыш жұмысы» атауы бойынша I дәрежелі дипломына ие болған. Халықаралық «Алтын асық» конкурсының проза атауы бойынша лауреаты (2014 ж.) атанды.



Ойталқы

1. Айгүл Кемелбаева қандай жоғарғы оқу орындарын бітірген?
2. Оның қандай шығармаларын оқыдың?



Себебін анықта

Жазушының әртүрлі дәрежедегі сыйлықтар мен марапаттарға ие болып жүрген себебі неде?



Тобыңда талдап көр

«Қазақ ауыз әдебиетінен бері хайуанаттар туралы анималистік проза дамып кеткен» деген автордың сөзімен келісесіңдер ме?



Дәптеріңе жаз

Айгүл Кемелбаеваның шығармаларының жанрларын жіктеп жаз.



Түйінде

Айгүл Кемелбаева туралы білгенінді жинақтап, түйінде.



Қалай ойлайсың?

Жазушының шығармалары әлемдік әдебиет деңгейіне көтеріле ала ма?



Үйде орында

Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, қазақ мифологиясы жайлы әдеби эссе жаз.



Білгенге маржан

Мен Мәскеудегі жоғары оқу орнына түсер алдында КазҰУ-дің журфагында 3 жыл білім алғанмын. Яғни 8 жыл студент болғанмын. Менің екі бірдей жоғары оқу орнында студент атануыма Сапар аға Байжановтың ерекше көмегі тиді. Ал осы «Қоңырқаз» атты әңгімеммен Мәскеудің М.Горький атындағы Әдебиет институтының шығармашылық конкурсынан өттім. Конкурстан өтпегендерді қабылдау емтихандарына жібермейді. 1989 жылы осы институтта дәріс оқып жүрген, жазушы Роллан Сейсенбаевтың жазған хаты менде сақтаулы тұр. Ол: «Мына әңгіменің қазақшасын жібер», – деген еді. Ал мен конкурс үшін орысша аудармасын жібергенмін. Бірінші курста семинар өткенде шығармаларымызды топта талдайды. Орысшамның нашар кезі. Әйгілі орыс жазушысы Андрей Георгиевич Битовтың семинарында оқыдым. Ол кісі «Қоңырқазыма» магиялық романтизм деп баға бергені жадымда. Расында оның идеясын Ханс Кристиан Андерсеннен алғанмын. Әңгіме эпиграфында мұны жасырған жоқпын. Әдебиетте қарызға алу – тым көнеден келе жатқан құбылыс. Мықты жазушылар одан сүрінбейді. Нашарлары ұқсатпай бүлдіреді.

Айгүл Кемелбаева



Міне, қызық!

А.Кемелбаеваның «Қоңырқаз» атты фантастикалық-антропологиялық әңгімесі Мәскеудің М.Горький атындағы Әдебиет институтының шығармашылық конкурсынан өткенімен, бір себептермен бірде-бір қазақ басылымдарында басылмай жүреді, тек араға жеті жыл салып, жарыққа шығады.



Кітап – асыл қазына

1. Кемелбаева А. Мұнара: роман. – Алматы, 2003. – 149 б.
2. Кемелбаева А. Мәжнүн жүрек: эссе, сұхбат. – Алматы: Алаш, 2013. – 384 б.
3. Кемелбаева А. Сөз хикмет: эсселер, мақалалар, сұхбаттар. – Алматы: Дәстүр, 2016. – 384 б.

«Шашты» әңгімесі

Қазақ әдебиеті өзінің ұлттық мазмұны арқылы әлемдік әдебиетке шығады.

Айгүл Кемелбаева

Шығарма кейіпкерлері кімдер?



Шуу, жануар, алға!

Айгүл Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесі – ежелгі Түрікпен елінің Әмударияны бетке алып, Сыр бойы қыпшақтан алған қалың жылқыны дүркірете қуып, онымен қоса он бір жасар баланы құлдыққа жегуінен басталатын шығарма. Он бір жастағы Кенжебек атты баланы Түрікпен елінде қандас бауыры Тасқұл шалға тап қылады.

Шығарманың негізгі сюжеті осы екі кейіпкер айналасында өрбиді. Екеуара диалогтен баланың Тасқұлға көмекші ретінде қалдырылғанын ұғамыз. «Қай ноғайсың?» деп жөн сұраған шалға: «Аға, біз – қыпшақ, атам аты – Ерторы, әкем аты – Құлпейіс, анамның сүт кенжесі Кенжебекпін» деп жауап береді.

Көңілі босаған балаға «Ай-Күн жарықсыз болмас» деп, дем берген шал ат құлағында ойнап өскен қыр баласына сүйсіне қарайды. Баланы осылайша таныстырған жазушы енді «Қай ноғайсың?» деген сөзді Кенжебектің аузына салады. Оған шалдың: «Тегін сұраған жат болмайды. Қаңлы десем, көгім қазақ дегенім, қарағым» деген сөзіне қарап, жылқышының да қазақ екенін білеміз. Тасқұл – шалдың шын аты емес. Бұл – басына түскен тағдырына назаланып, азбанқұлға айналған шалдың өзіне-өзі қойып алған аты. Шал шын атын да, шыққан тегін де айтқысы келмейді. Жылқышы қосында оңаша отырып, әңгіме-дүкен құрған екеуінің тағдыр тауқыметі ұқсас. Айырмашылығы – тағдырына көндігіп, еті өліп кеткен шал мен сол тағдырды қайталауға мәжбүр болып тұрған бала.

Қос мұңлықтың ұқсас тағдырын суреттеу арқылы жазушы ұстанымы айқындалады. Бұл – адам бойындағы туған жерге деген ыстық сезімнің ешуақытта тарқамайтындығы. Қанша рет қашуға әрекеттенсе де, жолы болмаған шал өзінің ауыр тағдырын балаға қайталанатқысы келмейді. Сондықтан ол қабырғасы қатып, буыны бекімеген баланы үнемі қайраттандырып отырады. Жанын жасытуға, өмірден күдер үзуіне жол бергізбейді. Жылқы сырына қанық шал алда болатын аламан бәйгені сылтауратып, түрікпеннің боз жүйрігін арнайы баптап, сол бәйгеде баланы қашуға дайындайды. Кенжебек сияқты бала күнінде қолға түсіп, жат жерде қартайған шалдың ендігі арманы – баланы туған жерге аттандыру.

«Шашты» әңгімесінің негізгі идеясы қандай?

Әңгімеде қазақ халқы мен көршілес жатқан түрікпен елінің салт-дәстүрінің ұқсас тұстары сөз болып, екі елдің де мәрт мінездері ашылады.

Оны мына үзіндіден көруге болады: «Алпыс жыл табыннан шашау шығармай, жылқысын ерен адал баққан егде қазақтың шегір көзіне көзі түскенде Атажан байдың ыза-ашуы күрт басылып, табан астында өзгеріп шыға келді. Ол жалшысына ләм-мим демей, кері шегінген. Шабандозға шығарған құл баланы отандасы еліне қашыртып жібергенін әуелден баршасы ұқты. Ер екен. Түрікпен бай есігіндегі құлақ кесті құлды сол сәт қимас бауырындай сезініп, жүрегі алапат сыздап кетті. Ұлдарын атқа баулыған, жыл он екі ай ат арқасынан түспей, жылқысын баққан адал қазақтың өзіне ерекше қымбат жан екенін бай сезінгендей, кенет алай-түлей күй кешті. Атажан әлекедей жаланған ерегескен топқа жылқышысын жазалатқан жоқ, олар тым құрыса, Тасқұлды сабап кеткісі келген. «Бас жарылса, бөрік ішінде», – деді бай. Атажан ертесінде қос атқа қоржын артып, өр қазаққа азаттық беруге бұйырды. Ер азаматты шексіз құлданғанына құдайдан сөйтіп рақым сұрағысы келген. Айтулы ердің соңындай, оның бір жат қылығын кешпесе, өзін несін мұсылман санайды. Теке руы бір жүйрікті жоғалтса, несі бар екен». Бірақ бұған жылқышы селт етпейді. Өйткені өзі жете алмаса да, Кенжебек арқылы көздеген мақсатына қол жеткізді. Арманы орындалды. Тасқұлдың еліне кетер ойы жоғын білгенде Атажан бек іші жылып, қатты қуанады. Өйткені ат үстінен түспейтін Тасқұл кетпесе, «Қамбар атадай жылқысы дүр сілкініп бірдей жусайды, енеден туған бір құлын өлмейді».

Басты кейіпкер – Кенжебек қарт жылқышының өсиетін жадынан шығармай, алыс жол мен қиындықты еңсеріп, еліне аман-есен оралады. Оның қаймықса да қорықпай, алға қойған мақсатына жетуі – басты кейіпкермен жасы қарайлас мына сендер үшін үлкен үлгі.

Бір жыл бойы алынбаған шашы арқасын жауып кеткен балаға жеңгелері «Шашты» деген ат қояды. Тілекші дуананың: «Шашың өлең шөптей қаулай өсіп, еліңе шашты болып келдің, Алла тағала жар болып, ұрпағың шашыңдай көп болып, өсіп-өңсін! Әумин!» деген батасы қабыл болып, Шашты еліне қадірлі азамат болып, балалы-шағалы бақытты ғұмыр кешеді.



Ойталқы

1. Әңгіменің басты кейіпкерлері кімдер?
2. Әңгіме арқауы болған оқиғада қай кезең суреттеледі?



Себебін анықта

1. Автор неліктен кейіпкер баланың есімін басында Кенжебек деп алып, соңынан Шашты деп атайды? Астарлы ойды тарқатып айт.
2. Не себепті жазушы түрікмен елінде мәңгіге қалған қарт жылқышыны баланың құтқарушысы қылып отыр?



Тобыңда талдап көр

Шығармадағы аттың сипаты мен Абайдың «Аттың сыны» өлеңіндегі сипаттамаларды салыстырып, талдаңдар.



Дәптеріңе жаз

Хрестоматияға сүйеніп, жылқышы қарттың портретін жаз.



Түйінде

Әңгімедегі көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға бере отырып, шығармадан алған әсеріңді түйінде.



Қалай ойлайсың?

Әңгімені басқаша қалай атар едің?



Үйде орында

«Шашты әңгімесіндегі» көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға бер.



Білгенге маржан

Атбегі – бәйге атын баптайтын адам. Мұндай бапкерлер ата-бабасынан бері жылқыны қадірлеп, қасиетін білетін кісілер арасынан шығады. Ат жаратушыларды Қазақстанның әр аймағында әртүрлі атайды. Орталық, Шығыс Қазақстанда «атбегі», оңтүстікте «бапкер», батыста «атсейіс» дейді. Ежелгі түркі халықтарының жазба ескерткіштерінде, «бек» – ұлық, көсем, әкім деген ұғымды білдірсе, бертін келе жеке істі жете білетін кісіні де соның «бегі» деп атаған.

Қазақта үй жануарларының әрекеттерін бақылау негізінде қалыптасқан ауа райына қатысты көптеген болжамдар бар. Мысалы, жылқылардың жүні үрпиіп, жайылуға зауқы жоқ болса, біраздан кейін күн суытып, ауа райы бұзылады. Ал жылқылар топтасып, жүйткіп, кісінеп ойнақтаса, шапқыласа, боранды жауын не қарлы борасын болады.

«Қазақтың этнографиялық категориялар энциклопедиясы»



Білген үстіне біле түс

Ақалтеке жылқысы – түрікмен халқының арғымақ түрі. Қаз мойынды, қамыс құлақ, артық майды бойына дарытпайтын арғымақтар пандықтың, тектіліктің нышанындай. Ақалтеке сымбатты, жүйрік (ұшқырлығы 1000 метрге 1 мин 06 сек, 2000 метрге 2 мин 22 сек), ыстық аудандарда мініске төзімді, бірақ суықты, қыста тебінде бағуды көтере алмайды. Шоқтығына дейінгі биіктігі 154–157 см, тұрқы 154–158 см, кеуде орамы 167–173 см, жіліншігінің орамы 18–19 см. Аяғы ұзын әрі жіңішке, сіңірлі, терісі жұқа, түсі жылтыр, басы жеңіл, мойыны ұзын, аяқ алысы әсем келеді. Кейде теке танаулысы да ұшырасады. Еуропаның көптеген елдерінде ақалтеке жылқылары жанкүйерлерінің ассоциациясы мен қоғамдары жұмыс істейді. Ақалтеке тұқымынан араб, таза қанды ағылшын, қарабақ т.б. жылқы тұқымдары алынған.

Түрікмен жүйрік аттарының күні ел Президентінің Жарлығымен 1992 жылдан бастап жыл сайын сәуірдің соңғы жексенбісінде атап өтіледі. Осы күні Ашғабатта жүйрік аттар тарихына арналған халықаралық конгрестер, конференциялар, сондай-ақ аттар үшін жаттығулары мен емдеу мен күтіп-баптау шаралары өтеді.

«Ұлттық энциклопедия»



Әдебиет теориясы

Хронотоп (көне гр. *хронос* – уақыт және орын) – уақыт пен кеңістік бірлігі. Әдеби көркем шығармадағы хронотоп дегеніміз – уақыт пен кеңістік белгілерінің бір шеңберде табиғи көрініс табуы. Уақыт кеңістікте белгіленіп көрінеді, ал кеңістік уақыт арқылы өлшенеді. Көне дәуірден бастау алатын бұл ұғымға орыс әдебиет танушысы М.Бахтин «хронотоп» деген атау беріп, анықтамасын жазған. Хронотопты қазақ әдебиетіне әдебиеттанушы ғалым Б.Майтанов «мекеншақ» деп енгізді.

Мифтер – адамдардың дүниетанымының көрінісі. Мифтер арқылы жер бетіндегі тіршіліктің пайда болуы жөніндегі мыңдаған жылдар бұрынғы түсінік, көзқарастар осы кезге жетіп отыр.

Ертедегі адамның санасы мифологиялық сипатта болған. Сол замандарда табиғат құбылыстарын түсіндіру үшін абыздар мифтерді пайдаланған, мифтік бейнелер арқылы жаратылыстың сырлары мен шығу тегін ұғуға тырысқан. Сондықтан мифтердің мазмұнында ертедегі халықтардың жаратылыстық-ғылыми және тарихи таным-түсініктері көбірек ұшырасады. Ежелгі мифтердің ертегілер мен аңыздардан айырмашылығы да осында.

З.Қабдолов «Сөз өнері»



Қолданып көр

«Шашты» әңгімесіндегі мифтік элементтерді көрсетіп, хронотопқа мысалдар келтір.



Міне, қызық!

Шашты – тарихта болған адам, ол – Алаш арысы – Мұстафа Шоқайдың бабасы. Мұстафа Шоқайдың афоризмдерінің бірі: «Біз құл болып тұра алмаймыз. Біз ұлттық азаттығымызды аламыз».



Кітап – асыл қазына

Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса – Алматы: «Аң арыс» баспасы, 2009.

Менің фантаст жазушы болуыма Абыралының тауы мен тасы себепкер болды. Тау биігі қиялымды шарықтатып, ұшар қанатымды қомдаған-ды.

Талап Сұлтанбеков

ТАЛАП СҰЛТАНБЕКОВ



Талап Сұлтанбеков
(1930 жылы туған)

Талап Сұлтанбеков қай өңірде, қандай отбасында туып-өсті?

Талап Сұлтанбеков 1930 жылы 1 қыркүйекте Алматы облысының Ақсу ауданында мұғалімдер отбасында дүниеге келген. Талап Сұлтанбеков – ақын Ілияс Жансүгіровтің немере інісі, яғни Ілиястің атасы Берсүгірдің екінші баласы – Сүлейменнің немересі. Анасы Дәмеш Берсүгірова – қазақтың белгілі ақындарының бірі. Дәмештің атасы Нияз – батыр, болыс болған кісі.

Сұлтанбеков қандай қызметтер атқарды?

Т.Сұлтанбеков Қазақ мемлекеттік университетін бітіріп, бұрынғы Семей облысы Абыралы ауданы Қайнар ауылындағы мектепке мұғалім болып орналасады. 1955–1959 жылдары облыстық «Жетісу» газетінде, 1962–1970 жылдары «Білім және еңбек» журналында жұмыс істеген. 1970–1985 жылдары «Қазақфильм» киностудиясында еңбек жолын жалғастырған, 500-ден астам көркем фильмдердің қосалқы туындыгері болды. 1985–1991 жылдары Бүкілодақтық «Киноорталық» бірлестігінің қазақ бөлімінің директоры қызметін атқарады. Шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ ойындарын насихаттаушы және республикалық дәрежедегі төреші, Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпионы болады. Т.Сұлтанбеков – журналист-жазушы, Қазақстан Киноматографистер одағының мүшесі.

Жазушы қазақ әдебиетінің қандай саласына үлес қосты?

Жазушының алғашқы шығармалары спорт тақырыбына арналды. Мысалы, «Дойбы деген

Зерделі ой

Тоғызқұмалақ ойыны да шахмат, дойбы ойындары сияқты тапқырлықты, мол фантазияны талап етеді. Алайда бұл ойынның есебі ерекше, өзіне ұқсас ойындарға қарағанда анағұрлым күрделірек. Оның басты себебі – тоғызқұмалақ ойынын немесе оның кейбір жеке позицияларын тақтаға қарамай, абстракты түрде ойлау аса қиын.

Талап Сұлтанбеков

не?», «Дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ» атты аталмыш ойын түрлерін насихаттайтын кітаптарды жазады. Ол «Химия болашаққа шақырады» деген кітабымен химияның ғажайып сырына үңілткісі келеді. Талап Сұлтанбеков, сондай-ақ қазақ әдебиетінде фантастика жанрының негізін салушылардың бірі болды. Осы жанрдағы жазушының кітаптары: «Көшпелі алтын», «Жүрек тулайды», «Жұлдыз ат», «Лұқпан Хакім», «Тізгін», «Темір еліне саяхат» деп аталады.



Ойталқы

1. Талап Сұлтанбеков кім болған?
2. Оның қандай шығармаларын оқыдың?



Себебін анықта

Жазушы ойын түрлерін насихаттайтын қандай кітаптар жазған?



Тобыңда талдап көр

Жазушының мына сөзін талдаңдар: «Менің фантаст жазушы болуыма Абыралының тауы мен тасы себепкер болды».



Дәптеріңе жаз

Талап Сұлтанбеков өмірінің хронологиялық кестесін жаса.

Жылдар	Маңызды оқиғалар



Түйінде

Талап Сұлтанбеков туралы білгеніңді жинақтап, түйінде.



Қалай ойлайсың?

Талап Сұлтанбеков қазіргі ғылым мен техника дамыған заманда қандай мазмұнда ғылыми-фантастикалық шығарма жазуы мүмкін?



Үйде орында

«Төрт сөйлем» тәсілі бойынша Талап Сұлтанбековтың жазушылық портретін жаз.

1. Пікір. Жазушы туралы мәліметті жинақтап, ол туралы пікірді бір сөйлеммен жеткіз.
2. Дәлел. Мәтіннен үзінді келтіре отырып, өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.
3. Мысал. Пікіріңді қазақ әдебиеті тарихымен байланыстырып, мысал келтір.
4. Қорытынды. Жазушы туралы қорытынды шығар.



Білгенге маржан

Ғылыми фантастика (ағылш. *science fiction* – ғылыми туынды) – көркем әдебиетте, сондай-ақ кино, кескіндеме т.б. өнер салаларында қалыптасқан жанр.

Ғылыми фантастика өнердегі дербес жанр ретінде XX ғасырда қалыптасқанымен, оның қайнар бастаулары ежелгі әпсаналарда, ауыз әдебиетінде жатыр. Оған қиял-ғажайыптық, ертегілік қасиет те тән. Қазіргі әдебиеттану мен өнертану ғылымында фантастиканың «ертегілік» және «ғылыми» белгілерінің аражігі ажыратылмаған. Әдебиетте ғылыми фантастика – ғылыми поэзия және ғылыми проза болып, екі пішімде қалыптасты. Поэзиядағы ғылыми фантастика жалпы фантастикалық арнадан бөлекше, философиялық-әлеуметтік бағыттағы мүмкіндігімен ерекшеленеді. Ғылыми фантастика прозаның барлық жанрында (роман, повесть, әңгіме т.б.) қарқынды дамып, көркем әдебиеттің арналы саласына айналды.

«Қазақ энциклопедиясы»



Білген үстіне біле түс

Тоғызқұмалақ – қазақтың ұлттық дәстүрлі ойындарының бірі, ақыл-ой ойыны. Тоғызқұмалақ өзге елдерде де таралған. Қырғызстан мектептерінде тоғыз-коргоолдан олимпиада өтіп тұрады. Қытайда, Қарақалпақстанда кітаптар, ғылыми еңбектер шығуда. Сондай-ақ көршілес Алтайда Қарашай-Шеркеште, Сахада үйірмелер ашылып, Еуропаның бірнеше елінде тоғызқұмалақ таралып келеді.

Қазір әлемде тоғызқұмалаққа ұқсас мысырлық *калах*, Моңғолияда *эсон коргоол*, Шри-Ланкада *олинда калия*, африкалықтарда *манкала*, *габата*, *абала*, *нам-нам*, *бао*, *тамподуо*, *омвесо*, *маработ*, тұрақты америкалықтарда *аджи-бото*, *варри роунд* және *роунд*, азиялықтарда *сунгка*, *паллангули*, *гонгкак* сынды ойындар бар.

«Қазақ энциклопедиясы»



Міне, қызық!

Талап Сұлтанбеков «Білім және еңбек» журналында бас редактор болып қызмет істеп жүргенде, Әлімхан Ермековтің «Алашордашылар» мақаласын жариялағаны үшін жұмысынан босайды.



Кітап – асыл қазына

1. Сұлтанбеков Т. Шахмат ойнай білесің бе? – Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1959. – 51 б.
2. Сұлтанбеков Т. Лұхман Хакім: ғылыми-фантастикалық әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1966. – 68 б.
3. Сұлтанбеков Т. Шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ. – Алматы: Қазақстан, 1967. – 220 б.

«Көшпелі алтын» ғылыми-фантастикалық әңгімесі

Алтын көрсе, періште жолдан таяр.

Мақал

Фантастикалық әңгімелердің жазылу ерекшелігі қандай?

Талап Сұлтанбековтың «Көшпелі алтын» атты шығармасы ғылыми фантастика жанрында жазылған. Бұл туынды үш бөлімнен тұрады – «Таудағы от», «Шайтантауға сапар», «Үңгірдегі сыр». Әр бөлім атауына сәйкес әңгіме сюжеті де бағытын өзгертіп отырады. Негізгі кейіпкер қарапайым мектеп оқушысы – Сәмен.

Табиғаттың тылсым құбылыстарына байланысты қандай аңыз білесің?

Әңгімедегі оқиға желісі Сәменнің тау бөктерінен «көшпелі алтын» атты ғажайыпты жолықтырғанынан бастау алады. Қоскөл ауылының тұрғындарына ертеден таныс алтын туралы аңыз басты кейіпкердің ойына оралғанымен, қапелімде не істерін білмей, аңтарылып қалады. «Сәмен Шыңбұлақ сайынан желе жортып өте бергенде кенет астындағы торы осқырынып жалт берді. Аяқ астынан үріккен аттың жалын құшып қалған ол әнтек құламай қалды. Тізгінді күшпен тартып, торыны өзер тоқтатып, артына бұрылғанда тұла бойы түршігіп, шошып кетті. Қараса, сайды құлдилап жалт-жұлт етіп бір от келе жатыр екен. Үлкендігі аттың басындай. Балқыған қызғылт-сары. Жер бетінен бір метрдей биікте ешбір сүйеусіз, ешкімнің көтеруінсіз қалықтап жүріп келеді. Жол-жөнекей ұшқын ұшып түсіп жатыр. Бұл не деген керемет! Сәмен аузын ашып аңқиып тұр. Қозғалуға дәрмен жоқ. Сәменнің ойына бір кезде атасынан естіген ескі аңыз түсті. Көшпелі алтын! Бұл көшпелі алтын ғой! Ол ой түкпірін қазбалап, есіне аңызды түсіре берді. ...Бір кедей жігіт болған екен. Ол түнде ұйықтап жатса, үйіне көшпелі алтын кіріпті. Ол жалма-жан орнынан тұрып, алтынды қумақ болады. Сөйтсе, алтын «аяғын» сытыр-сытыр «басып», кірген есігінен

қайта шығып кетіпті. Жігіт артынан қуа шығады. Алтын жайлап жүріп отырып, үй артына кетеді. Жігіт жан қалтасынан кездігін алады да, шынашығын тіліп жіберіп, кетіп бара жатқан алтынның үстіне бір тамшы қан тамызады. Сөйтсе, алтын сатыр-сатұр етіп жарылыпты да, жерге сіңіп кетіпті. Жігіт үйден күрек әкеліп, жалма-жан жаңағы жерді қаза бастайды. Белуардан қазғаннан кейін бір қоңыр тасқа паналаған ат басындай алтынды көріпті. Соншама мол қазынаға кенелген жігіт содан кейін байып кеткен екен» дейді аңызда.

Оқиғаның қызықты өрбуіне арқау болған осы бір сюжет желісі әрі қарай



«Алтын» найзағай

жас оқушының қиялын жетелеп, құпия сырды ашуға ынтықтырады. «Не істеу керек? Аңыздағы сияқты қуайын ба, әлде қайда барар екен, бақылайын ба?». Осы екі сұрақ Сәменді әрі-бері жібермей, арпалыстырып тұр. Бірақ ғажап көрініс оны күтпеді. Алтын сайды құлдилап келді де, суға еңкейе құлап тұрған жақпар тасты айнала беріп, ғайып болды. Сәмен көп аялдамады, алтын қонған жерді белгіледі де, қызыл арайланып келе жатқан таңды бетке алып, ауылына тарта жөнелді».

Психологиялық параллелизм арқылы жазушы табиғат көрінісінің әдемі суретін адам жанының сол кездегі құбылысына, кейіпкер ойының ашылуына қарай көркемдеп отырады. Мәселен, «Шайтантау қойнауы елсіз, күнсіз, иен шатқал. Етегі қып-қызыл қорым тас. Ал оның шырқау шыңына бұл уақытқа дейін тірі пенде аяқ басып көрмегенге ұқсайды...». Осы үзіндіде берілгендей ерекше жер-су аттары да оқырманды ерекше қызықтырады.

Сәмен қандай шешім қабылдайды?

Ертеден келе жатқан, туған мекені жайындағы аңыз оқушы Сәменді де баурап алады. Дегенмен ғылыми-танымдық әдебиеттерді көп оқитын Сәмен бәрін өзі тексеріп көруді ұйғарады. Досы Қажытаймен бірге «алтын сапарына» аттанады.



Алтын іздеген балалар

Жазушы Шайтантауды сипаттау арқылы оқырмандарын алда болар оқиғаға ынтықтырып қояды: «Шайтантау қойнауы елсіз, күнсіз, иен шатқал, малшылар да қонып көрген емес. Етегі қып-қызыл қорым тас. Ал оның шырқау шыңына бұл уақытқа дейін тірі пенде аяқ басып көрмегенге ұқсайды. Жұрттың айтуынша тек қана байларды конфискациялау тұсында қашқан-пысқан ұры-қарылар тығылып жүретін үлкен-үлкен үңгірлер бар дейді тау басында. Елді мекеннен әрі қашық, әрі кісі қызығарлық дөңесі жоқ болғанымен, бұл таудың ғажап құпия сыры ел аузында талай аңыздар тудырған. Шайтантау деген ат бұған тегін берілмепті. Мал қарап шыққан талай жылқышылар бұл таудың басынан, етегінен жарқылдаған оттар көрген. Екінші бір ғажабы, тау оншалықты биік болмаса да, бауырына бұлттар шөгіп жатады екен». Осылайша демінді ішіңе тартып, бір ғажайып оқиғаға дайындаласың.

Соңғы «Үңгірдегі сыр» деп аталатын бөлімде балалар сауалдарында ғылыми түрде нақты жауап алады. Мұнда жұмыс істеп жатқан ғалымдардың бірі Сералы Әйтиев жұмбақтың сырын ашады. «Сендердің тауда көргендерің, әрине, көшпелі алтын емес. Оның сырын осы тауға келгеннен кейін-ақ түсінген боларсыңдар, – деді Әйтиев. – Ол – кәдімгі найзағайдың бір түрі. Оны орысша «шаровая молния» дейді. Біз мына өзіміз отырған биіктаулық лабораторияда жұмбақ сыры көпке дейін белгісіз болып келген осы көшпелі найзағайдың сырын ашу жолындамыз. Алдымен лаборатория ішінде, кейінірек кәдімгі табиғи түрде жасауды игердік. Соның өзінде осындай найзағайдың бірнешедеген түрі бар екен.

Электр туралы, оның оң және сол зарядтарының бар екендігін және олардың бірін-бірі тарту, тебу қасиеттері жөнінде өздерің білесіңдер. Найзағай табиғаты атмосфералық электрде жатыр. Өзіміз күнде аяғымызбен басып жүрген жер мен оны қоршаған атмосферада электрдің адам игілігіне жаратылмаған орасан зор қазынасы бар. Мұның өзінде жердің үстіңгі қабатының көпшілік бөлігі сол зарядпен зарядталған. Өздеріңе мәлім, найзағай қарама-қарсы зарядтардың арасында ғана болады. Ол үшін жерден биік оң зарядталған дене болуы қажет қой. Оның рөлін кәдімгі жауын бұлтты атқарады. Ауа үйкелісінің әсерінен бойына оң заряд жинаған бұлт онысы шекті мөлшерден асып кетсе, жердегі қарама-қарсы заряды бар бір затқа (қарсы зарядтардың бірін-бірі тарту заңдылығы бойынша) өз бойындағы жиған-тергенін таратып береді екен. Ал ауа өзі тұрған жағдайында электр тогын өткізбейді емес пе? Міне, осы кезде атыс басталады. Бұлт өзінің зарядын шоқтап, алыстан ұшқын атқызып жеткізеді. Мұны бұлттың разрядталуы дейді. Разрядталу кезінде найзағайдың оты көрінеді. Шар найзағай міне, осы разрядталу кезінде электрленген ауада кейбір жағдайларда ғана пайда болады».

Дегенмен Әйтиев тауда алтынның болу мүмкіндігін жоққа шығармайды: «Бірақ аңызда негіз бар. Мәселен, бізден бұрын да басында найзағай ойнап келген Шайтантау, осы бір жақпар тастар темір рудалы кварциттен тұрады екен. Ал алтын кварцитті кендерде болады ғой. Біз зерттеп қарап едік, таудың астынан көп алтын таптық. Бұл алтынды бізге нұсқаған – найзағай. Сонымен бірге аңыздағы жігіттің де алтын табуы мүмкін. Бәлкім ол ішкі магмадан теуіп үстіңгі қабатқа дейін ағып келген магнетитті өзекшеге тап болған шығар. Кейде ондай өзектерде де алтын кездеседі. Магнит өрісінің әсерінен көшпелі найзағай мүмкін сол жерде разрядталған шығар. Жігіт қазып жіберіп, бұрыннан жатқан алтынға тап болған ғой...».

Әңгіме балалардың физика саласында терең мағлұмат алуларымен аяқталады. Олар әлбетте өздері ойлаған көшпелі алтынды кезіктірмейді. Алайда оқушылар алтыннан да қымбат білім алып қайтады. Әңгімеде айтылған табиғат қорын пайдалану жай қиялдың жемісі емес: «Ғылымға беретін бірінші пайдамыз, әрине, адам еркінен тыс табиғатта пайда болып жататын орасан мол электр қуатын кәдеге жарату, екінші – найзағайлы бұлттарға құрық салып, оны адамның дегеніне жүргізу. Үшінші – көшпелі найзағайдың қуатын пайдалану».



Ойталқы

1. «Көшпелі алтын» атты әңгіменің басты кейіпкері кім?
2. Өздерің физикадан білетін шар найзағай мен автордың берген анықтамасы сәйкес келе ме?



Себебін анықта

1. Неліктен қазіргі таңда фантастикалық фильмдер мен шығармалар кең етек алды деп ойлайсың?
2. Не себепті балалар көшпелі алтынды таппайды?



Тобыңда талдап көр

Шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдаңдар.



Дәптеріңе жаз

Әңгімедегі фантастикалық құбылыстарды теріп жазып, оған өзіндік көзқарасыңды білдір.



Түйінде

Шығармадағы өзіңе ұнаған үзіндіні әрі қарай өз қиялыңмен жалғастырып жазып, автор шешімімен өз шешіміңді салыстырып, түйінде.



Қалай ойлайсың?

1. Қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі фантастика жанрындағы ортақ құндылықтар бар ма?
2. Ғылыми-фантастикалық жанрда шығарма жазу үшін автордың міндетті түрде жаратылыстану ғылымдарынан белгілі бір деңгейде теориялық білімі болу керек пе?



Үйде орында

Әңгіменің жанрлық табиғатын анықтап, оған дәлелдер келтір.



Білгенге маржан

Алтын – химиялық элемент болып келетін, асыл металдардың бірі. Табиғатта саф алтын түрінде, тау жыныстарында, теңіз және мұхит суында кездеседі. Кентастардан алтынды ұсақтау, байыту және циянды натрий ерітіндісімен өңдеу арқылы алады.

Алтын ағзадағы иммундық процесті қалыпты етеді. Көне Грекия мен Римде алтынды (пластинкаларын) ауызға салып, тамақ ауруларын емдеген екен. Сондай-ақ қазіргі медицинада да алтын қоспалары кеңінен қолданылады. Дегенмен канадалық ғалымдар алтын бұйымдардың қызуқанды адамдардың көңіл күйіне кері әсерін тигізетінін, тіпті депрессияға түсулеріне себеп болатынын айтады. Ғалымдар алтын бұйымның адам терісіне тигенде оның ағзасындағы зат алмасуды баяулатып, жүйке жүйесінің қозуына әсер ететінін дәлелдеп шықты. Мамандар бұл шешімге келе отырып, алтын бұйымдардан мүлдем бас тарту керектігін алға тартпайды. Тек қызуқанды адамдарға ұйықтар алдында алтын бұйымдарын шешіп жатуға кеңес береді.

«Қазақ энциклопедиясы»



Білген үстіне біле түс

Ақыл арымас,
Алтын шірімес.
Жалтырағанның бәрі алтын емес.

Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір.

Ел іші – алтын бесік.

Темірді қызғанда соқ.

Алтын – тозбайтын тон,
Білім – таусылмайтын кен.

Мақал



Әдебиет теориясы

Фантастика (көне гр. *phantastike* – көзге елестету өнері) – әдебиеттің өмір шындығын қиял тұрғысында әсірелеп бейнелейтін жанры. Ғылыми түсінік жоқ кезде фантастика мифологиялық және діни шығармаларда орын алған (Гомердің «Одиссеясы», Овидийдің «Метаморфозалары», шығыс халықтарының «Мың бір түні» т.б.) ғылымның дамуына байланысты халық қиялынан шыққан туындылар жарық көре бастады. Мысалы, ғылыми-фантастикалық әдебиетте ғылым мен техниканың перспективалары, адамзаттың табиғат сырларына тереңірек үңілуі өмірдегідей тартымды суреттеліп, басты идеясы ғылыми негіз болғанымен, бірақ әлі іске аспаған жаңалықтармен ұштасып жатады.

Пейзаж (фр. *paysage* – мекен, өлке) – белгілі бір жердің, мекеннің, табиғаттың көрінісі. Пейзаж – әдеби шығармаларда жаратылыстың, яғни табиғаттың әсем көрінісі, көркемдік бейнесі. Пейзажда автордың сезімі, көңіл күйі, түсінігі, табиғатқа деген эстетикалық, этикалық көзқарасы аңғарылады.

Фабула (лат. *fabula* – аңыз, әңгіме, ертегі, мысал) – көркем шығармада суреттелген оқиғаны рет-ретімен жүйелеу. Фабула сюжетпен көптеген өзіндік ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Оқиғаны мазмұндау, баяндау тәсілімен емес, яғни оны өмірде болып жатқан рет-ретімен емес, авторлық шегіністер, орын ауыстырулар арқылы беру.

Композиция (лат. *compositio* – құрастыру, шығарма) – көркемөнер туындысының құрылымы, оның жанры мен мазмұнына орай құрамдас бөліктерінің тұтастығы. Композиция – құрамдас бөліктері бірлікте ұштастырылған, бір-біріне және жалпы мүддеге бағындырылған мақсатты көркем құрылым. Композиция көркем пішін (форма) түзілімінің жеке сәттерін біріктіріп тұрады. Композиция әдістері өнердің өзіндік ерекшеліктеріне, шығарманың идеясына, авторлық ой түйсігіне сәйкес туындайды. Көркем шығарманың процесі мен өмірді эстетикалық жағынан тану тұрғысында қалыптасқан композиция заңдары өнердің жалпылама заңдылықтарының, нақты өмір құбылыстарындағы өзара байланыстың белгілі мөлшеріндегі бейнесі әрі жиынтығы.

«Әдебиет теориясы»



Қолданып көр

Жоғарыда берілген түсініктер бойынша шығармадан мысалдар келтір.



Міне, қызық!

Ғылыми-техникалық революцияның дамуына байланысты адам қиялы, фантастика болып көрінген жайттар уақыт өте келе жүзеге асып жатады. Ағартушы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің «Өнер, білім бар жұрттар» өлеңінің мазмұны кезінде орындалмайтын арман сияқты болып көрінгені сөзсіз. Алайда бұл – қазіргі күнделікті тұрмыстағы үйреншікті жайт. Сондай-ақ XIX ғасырда өмір сүрген орыс жазушысы Владимир Одоевский интернеттің пайда болатынын 1837 жылы «4338 жыл» деп аталатын романында болжап жазған.



Кітап – асыл қазына

Сұлтанбеков Т. Көшпелі алтын: ғылыми-фантастикалық әңгімелер / – Алматы: «Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет» баспасы, 1964. – 92 б.

Ғафу Қайырбеков

Ақын қай өңірде туып-өсті?



Оразақын Асқар
(1935–2019)

Оразақын Асқар 1935 жылы 16 мамырда ҚХР Шығыс Түркістан өлкесінің Іле аймағына қарасты Мүкей-Қаратас деген жерде дүниеге келген. Бастауыш білімді Сарыбұлақ мектебінде алып, Құлжа қаласындағы «Білім жұрты» деп аталатын гимназияда оқыған. 1951 жылы Үрімші қаласында ашылған Ұлттар институтының Тіл және әдебиет факультетіне түсіп, оның екінші курсын аяқтағаннан кейін «Шыңжаң газеті» редакциясына қызметке тұрады. Шыңжаң аймағының орталығы Үрімші қаласында шығып тұратын орталық газет-журналдарда жұмыс істеуі оның әдебиетке төселуіне үлкен әсер етеді. Бұл жылдары «Шыңжаң газетіне» және «Шұғыла» журналына өлеңдері жиі жариялана бастайды.

Оразақын Асқар атамекенге қашан қоныс аударған?

Оразақын 1955 жылы атамекені Қазақстанға көшіп келеді. Жастайынан өлең-жырға бейім болашақ ақын атамекенге келгеннен кейін де қолынан қаламын тастамайды. Ол өзі сүйіп оқитын ақын Хамит Ерғалиевті іздеп, Жазушылар одағына барады. Ақынға «Сурет салған ой», «Орыс деревнясы» деген өлеңдерін оқып береді. Жас ақынның өлеңдерін ұнатқан Х.Ерғалиев сол кезде шығып жатқан жинаққа енгізуге көмектеседі. Жинақты шығарып жатқан Ғафу Қайырбеков пен Жәрдем Тілековке хат жазып береді. Осындай ағалардың аялы алақанының арқасында 1955 жылы жарық көрген «Қос жүрек» атты жас ақындардың ұжымдық жинағына



Зерделі ой

Адал перзент ана сүтін
ақтаған,
Ана-Отанын жаудан
қорғап, сақтаған.
Өзге тілден оңдырады
не тауып,
Өз тілінен інжу-маржан
таппаған.
Оразақын Асқар

тұңғыш өлеңдері жарияланады. Бұл оның әдебиетпен біржолата айналысуына үлкен жол ашады.

Ақынның шығармашылық жолы қалай дамиды?

1961 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін бітіріп шығады. Біраз жыл Ұлттық ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, этнография және археология институтында кіші ғылыми қызметкер, одан кейін Қазақстан Жазушылар одағының көркем әдебиетті насихаттау бюросында нұсқаушы, республикалық Кітап палатасында бөлім меңгерушісі, «Жалын» баспасында аға редактор болады.

Оразақын Асқар қазақтың қара өлең түрлерін ұзақ жылдар бойы ел ішінен жинап, жиырма мың жолдық екі кітабын жариялады. «Балауса» баспасында «Әдеби мұра» бағдарламасына орай «Әлем балалар әдебиеті» атты қазақ тіліндегі елу томдықты шығару жұмысына қатысып, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Ғылым» баспасынан шығып жатқан 100 томдықтың 2 томын жинап бастырды.

О.Асқардың жыр жинақтарының көпшілігі «Балауса» баспасынан шыққан. Балалар әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің бірі – Оразақын Асқардың бала тәрбиесіне қосқан үлесі зор болды.

Ақынның еңбегі қалай бағаланды?

Оразақын Асқар – Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және Мұқағали атындағы сыйлықтың лауреаты. «Ерен еңбегі үшін», «Тәуелсіздіктің 10 жылы» медальдарын алған. Алматы облысы Панфилов ауданының «Құрметті азаматы».

Оразақынның қандай кітаптары бар?

Оразақын Асқардың «Тұңғыш» (1964 ж.), «Мейірім» (1969 ж.), «Ләйла» (1977 ж.), «Көкорай» (1979 ж.), «Балқарағай» (1981 ж.), «Сәулет» (1984 ж.), «Таудай бол!» (1984 ж.), «Белжайлау» (1985 ж.), «Өркеш» (1987 ж.), «Керімсал» (1991 ж.), «Баркөрнеу» (1992 ж.), «Құран хикаялары» (1992 ж.), «Жарапазан» (1995 ж.), «Суретті әліппе» (1996 ж.), «Орбұлақ» (2000 ж.), «Тәуелсіздік тартулары» (2001 ж.), «Отан деп оянғанда» (2004 ж.), «Атамекенге оралғанда», «Ұяда нені көрсең», «Сүт сыйлықтары», «Ұлттық ойындар», «Жаңа баталар» (2005 ж.), «Алтын абдыра» (2007 ж.), «Елеулі елу ертегі, жебедей жетпіс жұмбақ» (2007 ж.), «Біздің мерекелер», «Ел ішінде», «Инжу-маржан», «Балаларым – бақытым», «Логопедтік әліппе» (2008 ж.) т.б. сияқты жинақтары жарық көрді.



Зерделі ой

Тіл дегеніміз – бұл ұлттың жаны, ділі, тағдыры, тарихы ғой. Тілін, жерін, мемлекетін құрметтеген әрбір азамат «Ана тілінің» жанашыры болуы керек. Мемлекеттің өркендеуі де тікелей ана тілімізге байланысты. Тәуелсіздігіміздің негізгі тұтқасы да – тіл.

Оразақын Асқар



Ойталқы

1. Оразақын Асқардың қандай шығармаларын білесің?
2. Ақынның өлеңдерінің негізгі тақырыбы қандай?



Себебін анықта

1. Жас Оразақынға кітаптарын шығаруға, оқуға түсуге ақын ағаларының көмектесу себебі неде?
2. Балаларға арналған өлең жазу не себепті қиын?



Тобыңда талдап көр

«Артық, кем айтқаным емес, Оразақын – қазақ тіліне жетпіс пайыз байлық әкелген кісі» деген Ғ.Қайырбековтің сөзін түсініп оқып, талдап көріңдер.



Дәптеріңе жаз

Ақын туралы білгеніңді «Түртіп алу кестесіне» толтыр.

V – «Білемін»	– «Мен үшін түсініксіз»	+ «Мен үшін жаңа ақпарат»	? – «Мені таңғалдырады»



Түйінде

Оразақын қандай ақын? Ойыңды түйіндеп жаз.



Қалай ойлайсың?

Оразақын Асқар неліктен қара өлеңді жинақтап бастырған?



Үйде орында

Оразақын Асқардың ұлттық мәселелерді көтеру деңгейі туралы әдеби сын жаз.



Білгенге маржан

Оразақын Асқар – мұқағалитанушылардың бірі. Асқар кезінде цензура рұқсат етпеген Мақатаев өлеңдерін жинап, зерттеумен айналысқан. О.Асқар ақын туралы: «18 беттік дәптерге («общая тетрадь») жазған қолжазбасы бар. Соның ішінде қара өлеңді тауып алдық. Соны оқысам, 5–6 шумақ аяқ жағында «Абайға тән өлең маған да тән, келсін мейлі, келмесін тәржімаға, Абайдың өлеңдері оқитыным оңаша үйде отырып әр жұмада» дейді. «Дұғам менің оқитын» дейді қара өлеңде, осындай жолы бар екен. Ал, оны Кеңес үкіметі кезінде цензура болған соң алып тастаған. Соны соған қостым, жалғадым, қандай тамаша. Қорытындысын Абаймен аяқтап тұр» деп жазған екен.

<http://www.astanatv.kz/news/show/id/45516.html>



Міне, қызық!

Оразақын Асқардың төлқұжаттағы тегі Төпеев болған. Ақын Ғафу Қайырбеков «Төпеевтің» ақынға лайық емес екенін айтып, әкесінің атын алуға кеңес береді. Оразақын сол кезден бастап, әкесінің атына, яғни Оразақын Асқар деген аты-жөнге көшеді.



Кітап – асыл қазына

1. О.Асқар. Тұңғыш. Өлеңдер. – Алматы: ҚМКӘБ. 1964.
2. О.Асқар. Мейірім. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1975.
3. О.Асқар. Күнгей. Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Жазушы, 1975.
4. О.Асқар. Ләйла. Өлеңдер. Алматы: Жалын, 1977.

«Шетте жүрген бауырластарға» өлеңі

Ат айналып, қазығын табар,
Ер айналып, елін табар.

Халық мақалы

Қазақтар қай елдерде тұрады?

1992 жылы жазылған Оразақын Асқардың «Шетте жүрген бауырластарға» атты өлеңі бүгінгі күннің өзекті мәселесін қозғайды. Бұл – шетелдегі барша қазақты атамекенге шақырған үндеу іспетті өлең.

1991 жылы 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні болып жарияланғаннан кейін ТМД және Қытай мен Моңғолия және Түркия мен Ирандағы, сондай-ақ басқа да шеттегі мыңдаған қандастарымыздың атамекенге орала бастағаны – тарихи шындық. Осы орайда 1992 жылы 29 қыркүйекте Алматыда Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы өткенін ерекше атап айтуға болады. Бұл құрылтайға 33 елден 800-ге жуық адам қатысты. Жиында Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылып, жарғысы қабылданды.

Міне, өлең мазмұны осы тұсқа сәйкес келеді.

Шетелге кетсеңдер де бауыр басып,
Құтты орын тепсеңдер де ауырласып,
Атажұрт шақырады тұқымым деп,
Құшағын байтақ дала, тауың да ашып, –

деп ақын шеттегі жерлестеріміздің елге оралуына үн қосады. «Тіпті шетелде жүріп байлыққа белшеден батып, атақ-даңққа кенелсеңдер де, ұрпақ қамын ойлаңдар, сондықтан көшті атамекен жаққа бұрыңдар» деген ой тастайды.

«Уақытша көрсеңдер де қиыншылық, Мың артық күн кешуден қорқып-бұғып» деп көші-қон кезінде кездесетін ауыртпалыққа мойымауды, қажымауды, тек алға ұмтылуды табыстайды. Туған жерде көрген қиыншылық

бұғауда өмір сүргеннен әлдеқайда артық екенін айта келіп: «Қожа боп өз жерінде өз еліңе, Не жетсін тер төгуге соны ұғып», – дейді.



Кең байтақ Қазақстан



Зерделі ой

Шетелдегі әрбір қанда-
сымыз – қазақ елінің бір
түйіршігі.

Нұрсұлтан Назарбаев



CD 05

Өлеңдегі көтерілген мә-
селелердің жаңашылды-
ғына баға бер.

Қазағың жетті ежелгі арманына,
Жағдайдың қарамаңдар бар, жоғына,
Ілінбеу үшін елдік бірлік керек
Ешқашан енді ешкімнің қармағына.

Уақытша көрсендер де қиыншылық,
Мың артық күн кешуден қорқып-бұғып,
Қожа боп өз жерінде өз еліңе
Не жетсін тер төгуге соны ұғып.

Астында өз аспаның, өз туыңның,
Өз ауа, нәрін жұтып өз суыңның,
Қандастар қапы қалма, орны бөлек
Күнде өз әнұраныңмен оянудың.

Мәнге ие сәттерің көп елде өтетін,
Озбыр жоқ сыбағаңнан кенде ететін.
Бәріміз ұйымдасып көркейтейік
Қазақтың бейбіт, дербес мемлекетін.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2011 жылғы халыққа Жолдауында: «Біз талайы заманда тарыдай шашылып кеткен қандастарын атамекенге жинаған әлемдегі үш елдің бірі болдық. Осы жылдары шетелдерден 800 мыңнан астам отандастарымыз келіп, халық саны бір жарым миллионға артты», – деп көрсетті.

Міне, ақынның «Бәріміз ұйымдасып көркейтейік, Қазақтың бейбіт, дербес мемлекетін» деген арманы белгілі мөлшерде жүзеге асқанын көруге болады.

«Шетте жүрген бауырластарға» деген өлеңнің бүгінгі күнде де маңызы зор. Қазіргі уақытта оқумен болсын, кәсіппен болсын, шетелге кетіп жатқан жастарымыздың елге оралмай, барған жерлерінен қайтпай қалып қоятын жағдай кездесіп жатады. Ақын идеясы «шетелде жүріп сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген мағынамен астасады. Бәріміз бір кісідей жұмылсақ, барымызды бағалап, жоғымызды түгендей түсеміз, елімізді көркейтеміз.

«Шетте жүрген бауырластарға» өлеңі дүниежүзіне тарыдай шашылып кеткен барша қазақты атамекенге шақыруымен, қазақ тұтастығын насихаттауымен құнды. Ал мұның өзі – ғасырлар бойы ата-бабамыз аңсаған тәуелсіздіктің жемісі.



Ойталқы

1. Қазақтар XX ғасырдың басында шетелге қандай себептермен барған?
2. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы қашан құрылды?



Себебін анықта

1. Оразақынның бұл өлеңді жазу себебі неде?
2. Не себепті ақын жан-жаққа шашырап кеткен қазақтарды жинағысы келеді?



Тобыңда талдап көр

«Қазағың жетті ежелгі арманына» деген өлең жолындағы «ежелгі арман» деген сөздің астарына бойлай отырып, тарихи тұрғыдан талдап көріңдер.



Дәптеріңе жаз

О.Асқардың өлеңіндегі көркемдегіш құралдарды теріп жаз.



Түйінде

Өлеңнің негізгі идеясын адамгершілік тұрғысынан түйіндеп, әдеби эссе жаз.



Қалай ойлайсың?

Өлеңде көтерілген мәселе бүгінгі заманмен үндесе ме?



Үйде орында

«Қазына іздеу» әдісі бойынша өлеңнің ұлттық мақтаныш, ел намысы, халық арманына толы жарқын тұстарын тауып, «Мәңгілік Ел» идеясымен сабақтастырып, өз көзқарасыңды білдіріп, эссе жаз.



Білгенге маржан

Диаспора – грек сөзінен шыққан, белгілі бір халықтың (этникалық қауымның) біраз бөлігінің өз елінен тыс өңірге орын тебуін білдіретін ұғым.

Қазақ диаспорасы – Қазақстан Республикасынан шет аймақтарда тұратын қазақтар. Қазақтар сыртқы шекаралардан өтіп, әуелі Қазақстаннан Қытайға, Орталық Азия мемлекеттеріне, Ауғанстан мен Иранға, одан әрі бүкіл дүниежүзіне тараған.

«Қазақ энциклопедиясы»



Білген үстіне біле түс

Қазіргі таңда шетелдегі қазақ диаспорасының жағдайы, тағдыры, өмір-тіршілігі, олардың тарихи Отанына оралуы өте маңызды. 40-тан астам елдерде 4,5 млн қазақ тұратыны аян. Ең көбі 1,5 миллиондай (кейбір бейресми пайымдамаларға қарағанда 2 миллионға да жетіп қалады) Қытайда тұрады. Шетелдегі қазақтардың басым көпшілігі өз бетімен емес, тағдырдың жазуымен, саяси қуғын-сүргін, аласапыран заманда өзге елдерге қоныс аударуға мәжбүр болған.

Әлемнің әртүрлі мемлекеттерінде ғұмыр кешіп жатқан қазақ диаспорасының өкілдері өздерінің ұлттық құндылықтары мен негіздерін ешқашан ұмытқан емес. Дүниежүзінің әлеуметтік-экономикалық кеңістігінің біртұтас интеграцияға ұшырап, жаппай жаһандану үдерісі жүріп жатқанда Қазақстандағы қазақтар да, шетелдердегі қандастарымыз да өзіндік этникалық келбетін және ұлттық бірлігін жоғалтпаудың жолдарын іздеуде. Мұндай әрекет барлық халық үшін маңызды болып тұр. Әрине, қазақ диаспорасы үшін өздері өмір сүретін жерлердегі басым үрдістердің екпініне шыдай қою да оңай шаруа емес. Мәселен, Еуропада өмір сүріп жатқан қандастарымыздың жас ұрпағының өз тілін үйренуге мүмкіндіктері шектеулі, олар тек қана тұрмыстық жағдайда ғана тіл мен діннің, салт пен дәстүрдің негіздерін білуге тырысады.

<http://www.qazaq-alemi.kz>.



Міне, қызық!

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін Қытайдан көшіп келген қандасымыз, «Сәйгүлік» компаниясының иесі – Шаймұрат Шаймарданұлы 20 жыл бойы Қытай мен Қазақстан арасында қазақтарды тасымалдаған. Жолаушыларға тиімді болу үшін жол бойында шағын асханалар мен қонақүйлер салдырған.



Кітап – асыл қазына

1. О.Асқар. Көкорай. Өлеңдер. – Алматы: Жалын, 1979.
2. О.Асқар. Балқарағай. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1981.
4. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

«Парасат пайымы» бөлімі бойынша жиынтық бағалауға дайындық тапсырмалары

1. Тест тапсырмаларын орында.

А.Кемелбаева қай жылдары Мәскеудегі Әдебиет институтында оқыды?

- A) 1984–1987 жж.
- B) 1988–1995 жж.
- C) 1989–1995 жж.
- D) 1989–1994 жж.
- E) 1985–1989 жж.

А.Кемелбаева қандай сыйлық алды?

- A) М.Мақатаев атындағы сыйлық
- B) «Дарын» сыйлығы
- C) «Алаш» сыйлығы
- D) Абай атындағы сыйлық
- E) Б.Бұлқышев атындағы сыйлық

А.Кемелбаеваның «Мұнара» романы қандай прозаға жатады?

- A) зоологиялық
- B) биологиялық
- C) тарихи
- D) әдеби
- E) публицистикалық

Т.Сұлтанбековтың алғашқы кітаптары қандай тақырыпқа арналған?

- A) махаббат
- B) туған жер
- C) соғыс жылдары
- D) спорт
- E) тарих

Т.Сұлтанбеков қазақ әдебиетінде қай жанрдың негізін салушылардың бірі?

- A) новелла
- B) пьеса
- C) фантастика
- D) эссе
- E) очерк

«Көшпелі алтын» әңгімесіндегі балалардың мәлімет алған саласы:

- A) химия
- B) биология
- C) география
- D) физика
- E) астрономия

ҚХР-дағы О.Асқар дүниеге келген жер:

- A) Малдыбай
- B) Мүкей-Қаратас
- C) Шыңжан
- D) Құлжа
- E) Үрімші

О.Асқар қанша жасында Қазақстанға көшіп келеді?

- A) 17
- B) 19
- C) 21
- D) 20
- E) 22

О.Асқар ел ішінен қазақтың жинаған.

- A) мысал әңгімелерін
- B) аңыздарын
- C) ертегілерін
- D) эпостық жырларын
- E) қара өлеңін

О.Асқар шығармаларының негізгі тақырыбы:

- A) бала тәрбиесі
- B) шетелдегі қазақтар мәселесі
- C) оралмандар тарихы
- D) табиғат
- E) махаббат

2. Тараудағы шығармалардың ұқсастығы мен ерекшелігін дәлелдеп, тарауды түйінде.
3. А.Кемелбаева, Т.Сұлтанбеков, О.Асқар шығармашылықтарын қамтып «Парасат пайымы» деген тақырыпта презентация жаса.

Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырмалар үлгілері

Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

«Біздің бойымызға біткен қасиеттердің ішіндегі ең маңыздысы және ізгісі – парасат» деген Габриэль Маблидің пікірін пайдаланып, мәтінді талда.

Парасаттылық – адам бойындағы кісілік қасиет. Парасаттылық ұғымы ақылдылық пен білімпаздық, мәдениеттілік, көрегенділік, зерделілік мағынасында қолданылады. Парасатты адамға адамгершілік, инабаттылық, салиқалылық, мейірімділік, ізгілік, әдептілік, ұстамдылық, талғампаздық қасиеттері тән. Көпті көрген, көп білетін мұндай адам сөйлейтін әр сөзін ойланып, ақыл таразысына салып айтады. Дәстүрлі қазақ қоғамында парасатты адам бойында кездесетін асыл қасиеттердің біріне айналып, адамгершілік пен өнегелілік тұрғысынан жоғары бағаланған (*«Қазақ энциклопедиясы»*).

1. Мәтін қандай үлгіде жазылған?

- A) естелік
- B) хат
- C) анықтама
- D) өлең
- E) өсиет

2. «Кісілік қасиет» сөз тіркесінің синонимін тауып, сөйлем құра.

3. Парасаттылық жастар бойында кездесе ме? Жауабыңды 3 сөйлеммен дәлелде.

4. Парасаттылық толеранттылық сөзімен үйлесе ме? Жауабыңды 5 сөйлеммен дәлелде.

5. Мәтінде сын есімнен жасалған қанша туынды зат есім бар?

- A) 12
- B) 13
- C) 14
- D) 15
- E) 16

6. Мәтінде айтылмаған сөзді белгіле:

- A) көрегенділік
- B) инабаттылық
- C) имандылық
- D) ізгілік
- E) мәдениеттілік

7. Мәтінде айтылмаған ойды белгіле:


- A) мәдениеттілік
- B) имандылық
- C) көрегенділік
- D) жомарттық
- E) инабаттылық

Мәтінді оқып, сұраққа жауап бер.

Ғылыми-фантастикалық шығарма өзге туындылар сияқты белгілі бір идеядан туындайды. Дегенмен ғылыми-фантастиканың өзіне тән талабы, ғылыми идеясы болады. Ойдан алынған кейіпкерлер – осы идеяны жүзеге асырушылар. Ғалым К.Г.Фрумкин бұл сала туралы: «Ғылыми фантастика – техникалық, тарихи сала. Әлеуметтік тұрғыда болғанымен, онда сиқыр күші кездеспеуі тиіс. Себебі ғылыми фантастикада ғылым мен техника жетекші орынға ие» деген.

Не себепті? Дәлелде.

Берілген сызба бойынша мәтінді талда.



IV ТАРАУ

ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала,
Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға.
Әр адамда өз анасынан басқа да,
Ғұмырына етер мәңгі астана,
Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,
Болу керек құдіретті төрт ана:
ТУҒАН ЖЕРІ – түп қазығы, айбыны,
ТУҒАН ТІЛІ – мәңгі өнеге айдыны,
ЖАН БАЙЛЫҒЫ, САЛТ-ДӘСТҮРІ – тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі,
Және ТУҒАН ТАРИХЫ.

Мұхтар Шаханов

Егер көркем әдебиет ауыр артиллерия болса, публицистика – жеңіл кавалерия.

Шерхан Мұртаза

ШЕРХАН МҰРТАЗА



Шерхан Мұртаза
(1932–2018)

Шерхан Мұртаза әдебиетке қалай келді?

Шерхан Мұртаза 1932 жылы 28 қыркүйекте Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ ауылында дүниеге келген. 1955 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тамамдаған.

1956–1963 жылдары «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерінің тілшісі, әдеби қызметкері, редакторы болды.

Содан кейінгі уақытта «Жазушы» баспасының, «Жалын» альманахының, «Жұлдыз» журналының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы әрі Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы болды. 1989–1992 жылдары «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы, ал 1992–1994 жылдары Қазақстан Республикасы мемлекеттік телерадио компаниясының төрағасы болды. ҚР Парламентінің Мәжіліс депутаты болған.

Мұртазаның қандай шығармалары бар?

Жазушының әр жылдары «Табылған теңіз» (1963 ж.), «Белгісіз солдаттың баласы» (1969 ж.), «Ахметжанның анты» (1973 ж.), «Мылтықсыз майдан» (1977 ж.) повестері, «41-жылғы келіншек» (1972 ж.), «Интернат наны» (1974 ж.) әңгімелері, «Қара маржан» (1977 ж.), бес кітаптан тұратын Тұрар Рысқұловтың өмірі жайлы «Қызыл жебе», «Ай мен Айша» (1999 ж.) романдары, шығармаларының 4 томдығы (1990–2000 жж.), 6 томдығы, таңдамалы шығармаларының 7 томдығы, «Елім, саған айтам, Елбасы, сен де тыңда» (К.Смайыловпен бірге) (1998 ж.), «Бір кем дүние»

CD 06

Шерхан Мұртазаның қанатты сөздерінен нені аңғаруға болады?

Зергер сөз

Шерхан Мұртаза – қазақ руханиятындағы өте тұлғалы есім. Уақыт өтіп, тарих ұмытыла бастағанда көп адамдар ұмытылады. Себебі жазылған дүниенің уақыты өтеді, ескіреді. Меніңше, бұл кісі әңгіме жанрының көгінен ешқашан жұлдыз болып түспейтін сияқты. Азаматтығына келер болсақ, жалпы Шераға Тұрар Рысқұлов, Бауыржан Момышұлылардың мектебінен шыққан. Сондай батырлық, ерлік қасиеттер дарыған адам. Қазақ қарияларының ұстанымы дәл осы Шерхан ағамызда бар.

Жұмабай Шаштайұлы

(2008 ж.) кітаптары жарық көрген. Оның шығармалары шетел тілдеріне аударылған.

Шерхан Мұртаза қандай шығармаларды тәржімеледі?

Қазақ тіліне Г.Х.Андерсеннің, венгр халық ертегілерін, Ш.Айтматовтың «Қош бол, Гүлсары», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет», «Боранды бекет» туындыларын; Мұстай Кәрімнің «Біздің үйдің қуанышы» повесін және Эристин Эриликтің «Марыкчан балалары» романын, Лазарь Лагиннің «Хоттабыч қарт» повесін тәржімеледі.

«Әзиза» пьесасы үшін Мәдениет және ақпарат министрлігінің грантын жеңіп алды. «Қара маржан» романы үшін 1978 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын алды.

Шерхан Мұртаза – Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Қазақстанның Халық жазушысы. «Құрмет белгісі», «Отан» ордендерімен марапатталған. ПЕН-клуб сыйлығының иегері (2003 ж.).

«Қазақстан» телеарнасының «Таңшолпан» бағдарламасы Шерхан Мұртазаның бастама-сымен әзірленген еді.



Пікірлесейік

1. Шерхан Мұртаза қандай жанрда қалам тартқан?
2. Оның қандай шығармаларын оқыдың?



Себебін анықта

1. Ф.Оңғарсынова Ш.Мұртазаны не себепті Қызыл жебеге теңейді?
2. Жазушының әріптестері неліктен оған жоғары баға береді?



Тобыңда талдап көр

Шерхан Мұртазаны мемлекеттік қайраткер деуге бола ма?



Дәптеріңе жаз

Шерхан Мұртаза өмірінің хронологиялық кестесін жаса.

Жылдар	Маңызды оқиғалар



Түйінде

Шерхан Мұртаза туралы барлық мәліметті жинақтап, саралай отырып жазушы туралы ойыңды түйінде.



Қалай ойлайсың?

Ж.Шаштайұлының «Шерхан Мұртаза Тұрар Рысқұлов, Бауыржан Момышұлылардың мектебінен шыққан» деген пікіріне қосыласың ба?



Үйде орында

Өз бетіңмен ізденіп, Ш.Мұртазаның эпистолярлық публицистика сала-сына қосқан үлесін зерттеп, сыни мақала жаз.



Зерделі ой

Шерхан Мұртаза даңғыл жолмен дабырлы да дүбірлі тірлікке бас қойып, қамсыз ғұмыр кешер мүмкіндігінің бәрін Қызыл жебедей дір-дір еткен шындық соқпағының қатерлі сапарына айырбастап, бір сәт те сыр бермей, жел өтіндегі құзар шыңға тура келе жатыр. Біреулер бұл соқпақпен жүруін жүрсе де, о бастағы болмыс-қасиетін шапанының өңін айналдырғандай оңдырып, шындығының қадірін қапелімде жоғалтып алады.

Суреткер ретінде де, Азамат ретінде де адалдық, бауырмалдық, жығылып жатқанға жанашырлық секілді о бастағы адами қасиеттерінен танбай, тасып-тасқындамай немесе сарқылып-суалмай, өз-өзінен оқшауланбай, шындықтың соқпағы тағдырлас болмыспен келе жатқан Шерхан ағамыз бүгінгі таңдағы іші де, сырты да қырық құбылып жатқан заманда менің көзіме сонау ертеде, қазақты Қазақ атандырған дәуірде туып, қазіргі қазақтарға үлгі етер тұлға боп көрінеді.

Фарида Оңғарсынова



Білгенге маржан

Жазушының кең құлашты, өзекті шығармасы – бес кітаптық «Қызыл жебе» хамсасы (бестік мағынасында). Қазақ халқының біртуар ұлы Тұрар Рысқұлов туралы бұл көлемді туынды оның тағдыры арқылы қазақ халқының басынан кешкен қилы-қилы кезеңдерін қамтиды. «Қызыл жебе» – халықтың ыстық ықыласына бөленген шығарма. Жазушы бұл романында Тұрар Рысқұловтың дүниеге келген, жүрген жерін, әсем табиғатын аса бір шеберлікпен, керемет көркем оймен шынайы суреттейді.

Әрбір адамның дөңгеленген тарихта әртүрлі оқиғаларға куә болып қана қоймай, сол күрделі оқиғаларға тікелей қатысты және жасаушы болып тарихта қалатынын оқырманның алдына тартады. Тұрар Рысқұлов сияқты күрделі тұлғаны әдебиетке әкелуі: жазушының үлкен ізденімпаздығы, тарихи оқиғаларды таразылауы үлкен ерлікке пара-пар десек, асырып айтқандық емес. Шын мәнінде Шерхан Мұртаза Тұрар Рысқұлов сияқты ел тұтқасы бола білген азаматты әдебиеттендіру арқылы қазақ әдебиетіне үлкен бір сом туынды қоса отырып танытып берді. М.Әуезов «Абай жолы» романы арқылы қазақ халқының ғасырлық тарихын дүниеге паш етсе, Шерхан Тұрар бейнесі арқылы қарама-қайшылыққа тұнып тұрған қазақ халқының тарихындағы ең күрделі, ең ауыр кезеңін шынайы суреттей білді.

«Қазақ энциклопедиясы»



Білген үстіне біле түс

Халықаралық ПЕН-клуб 1921 жылы құрылған. Ұйымның атауы ағылшынның poets – ақындар, essayists – очеркшілер, novelists – новеллашылар сөздерінің бастапқы әріптерінен құрылған. Сонымен қатар «pen» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «қаламсап» деген мағына береді. Осы ПЕН-клубтың міндеті мен мақсаты – оған мүшелікке алынған жазушылардың құқығын қорғау, оларға қолдау көрсету, ұлттық әдебиетті дамыту.

Ал халықаралық ұйымның бір бөлімшесі – Қазақ ПЕН-клубы 1995 жылы құрылды.



Міне, қызық!

Шерхан Мұртаза асық пен төсбелгі жинағанды жақсы көреді екен.



Кітап – асыл қазына

1. Қазақстан Республикасында кімнің кім екені. Екі томдық анықтамалық. Алматы, 2011.
2. Қазақ энциклопедиясы, 9-том. Алматы, 2007.

«Бесеудің хаты» драмасы

Рухы мен намысы сөнген ел – өлген ел.
Күйреген рухты қайта көтеру – міне,
қазіргі таңдағы басты мақсат.
Қып-қызыл өтірікті көтере беретін
осы дүние ғана.
О дүниеде ондай қулық өтпейді.

Шерхан Мұртаза

«Бесеудің хаты» драмасына қай кездегі оқиға арқау болған?

Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» атты шығармасы – екі бөлімнен тұратын тарихи драма. Бұл шығармаға арқау болған – 1932 жылы ел басына түскен азапты күндер, қолдан жасалған аштықтан қырылған екі миллион халықтың тағдыры. Қазақ зиялылары БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Ф.И.Голощекинге хат жолдайды (1932 ж. 4 шілде). Бастапқыда И.В.Сталинге арналып жазылған. Бұл хат елдегі малшаруашылығы тұралағандықтан, елді алапат ашаршылық жайлағандығын айтып қағылған дабыл еді. Хатта қазақ ауылында жүргізілген қайта құрулар бүкілхалықтық қасіретке айналып, күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландыру, алым-салық жинаудағы қиянаттар жұрттың жаппай аштық

пен індетке шалдығуына, олардың басқа жаққа ауа көшуіне әкеліп соққандығы шынайы баяндалды.

Ресей Федерациясы Халық комиссарлары кеңесі төрағасының орынбасары – Тұрар Рысқұлов Ф.И.Голощекиннің «Қазақстанда кіші Қазан» төңкерісін жасау идеясына ашық қарсы шығады. Кеңестік ұжымдастыру саясатының зардаптарын жою, Қазақстандағы ашаршылықтың апатынан халықты құтқару жайында И.В.Сталинге нақты ұсыныстар жасайды.

Кремль. Сталиннің кабинеті. Сталин терезеден сыртқа қарап, трубкасын әлдеқалай қалт ұстап, тың тыңдап қалғандай. Алыстан талып, күй естіледі – «Көбік шашқан» әлде «Ақбай». Күй дауылдап барып, басыла бере хор даусы шығады. Бейтаныс, қаһарлы әрі зарлы әуенге Сталин аң-таң болып тұрған кезде еңселі, ауыр есік ашылып, ішке Рысқұлов кіреді.

РЫСҚҰЛОВ. Сәлеметсіз бе, Иосиф Виссарионович!

СТАЛИН. *(Сөйлеме дегендей, қолымен жасқап, әлі тың тыңдап тұрады. Хор баяулап бара жатады. Сталин сонда ғана бұрылып)* Естідің бе, Тұрар Рысқұлович? Өне.

РЫСҚҰЛОВ. *(Түсінбей)* Ол не, Иосиф Виссарионович?

СТАЛИН. *(Үндемей, түнеріп, баяулап бара жатқан хорды тыңдап)* Ғажап. Демек, сен естіп тұрған жоқсың?

РЫСҚҰЛОВ. Нені, Иосиф Виссарионович?

СТАЛИН. *(Енді Рысқұловқа үнсіз, ұзақ қарап)* Әлде радио ма? Жоқ, радио сөйлеп тұрған жоқ. Қаһарлы, зарлы музыка. *(Рысқұловқа тағы тесіле қарап)* Сенімен ілесе келген сияқты әлгі бір ғажап үн...

РЫСҚҰЛОВ. *(Таңырқағандай)* Мен жалғызбын. Менде қандай музыка болушы еді? Шаршағандікі шығар, Иосиф Виссарионович.

СТАЛИН. *(Жақтырмай қарап)* Немене-е, маған қос көрінді деп тұрсың ба? Сталиннің денсаулығы, құдайға шүкір мықты. Сталин Сталин болуға тиіс. Егер ол қажыса, не болады? А?

РЫСҚҰЛОВ. Деніңіз әманда сау болсын, Иосиф Виссарионович. Бірақ бөріміз де өзекті жанбыз. Жұмыс ауыр дегенім ғой.

СТАЛИН. *(Сәл жұмсарғандай)* Оның рас. Жұмыстың шегі жоқ. СССР – ұлы мемлекет және оның жауы көп. Сыртта да, іште де! *(Рысқұловқа қара трубкасын кезеп)* Сен ғой кезінде Түркістанды басқардың. Айтыстың, тартыстың, арпалыстың. Кімдермен?

РЫСҚҰЛОВ. Лениндік қағидаларды бұрмалаушылармен, солшыл – эсерлер, максималистер, жергілікті байлармен, басмашылармен, көп қой.

СТАЛИН. Ә, көрдің бе? Бір ғана Түркістанда. Ал, СССР-да ше?

РЫСҚҰЛОВ. Түсінемін, жолдас Сталин.

СТАЛИН. *(Бұрқ етіп)* Түсінемін? Түсінбейсіңдер! Ұлы мақсат жолында кесе-көлденең тұрғандарды ысырып тастағаны үшін Сталинді қатал дейсіңдер.

РЫСҚҰЛОВ. Әрине, қатал төртіп өте керек. Бірақ сол қаталдықтың қатарында әділетсіздік қайқаңдамаса болғаны ғой.

СТАЛИН. Онымен не айтқың келеді? Қай әділетсіздік айтып тұрғаның?

РЫСҚҰЛОВ. *(Ол да ширығып)* Қазақстандағы дәл қазіргі жағдай, жолдас Сталин. Осыдан екі апта бұрын сол жағдайды айтып, мен сіздің атыңызға

екінші рет хат тапсырғанмын. Қазір де келіп тұрғаным – сол хаттың тағдырын білу.

Драмадағы кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне қандай баға берер едің?

Шығармада әсіресе, БК(б)П Қазақ өлке комитетінің ауылшаруашылығын басқару жөнінде жүргізген қатыгез саясаты сынға алынады. Бірақ құжатта жергілікті жерлерде жіберілген «асыра сілтеушіліктерге» солшыл коммунистер айыпты деп көрсетілді. Елді ауыр жағдайдан құтқарудың жолдары ұсынылды. Хаттың авторлары – жазушы Ғабит Мүсірепов (1902–1985), Қазақ мемлекеттік баспасының меңгерушісі Мансұр Ғатаулин (1903–1938), Алматы Комвузының басшы қызметкерлері Емберген Алтынбеков (1904–1954) пен Мұташ Дәулетқалиев (1904–1982), Қазақ АКСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының сектор бастығы Қадыр Қуанышев (1906 – өлген жылы белгісіз) қуғынға ұшыратылды. Хаттың жазылуына Халком Кеңесінің төрағасы Ораз Исаев түрткі болған. Бесеудің хаты қазақ зиялыларының тоталитарлық тәртіпке қарсы наразылығының бір көрінісі болып табылады. Драматург сол кездегі биліктің асыра сілтеушілік саясатын нақты тарихи кейіпкерлер арқылы дәлелдеуге тырысады.

РЫСҚҰЛОВ. Өзіңізге мәлім, 1918–1919 жылдары Түркістан мен Қазақстанды қалың аштық жайлады. Ол жолы да көшпенділер қатты қырғынға ұшырады. Мен аштықпен күрес комиссиясының председателі едім. Түркістанның сол кездегі максималист басшылары «Бар қаржыны, бар азық-түлікті армияға берейік» деді. Мен: «Аштарға да бөлісейік» дедім. Максималист Қушекин: «Көшпенділер марксизм ілімі бойынша, жер бетінен жойылып кетуі тиіс, оларға қаржыны бөліп әуре болмай, армияны күшейтейік, армия социализмді қорғап қалу үшін керек» деді. Мен: «Тып-типыл болып қырылған халықтың сүйегінің үстіне құрылған социализм кімге керек?» дедім.

СТАЛИН. «Көшпенділер – адам қоғамындағы масылдар» деген теория маркстік теория емес, буржуазиялық теория.

РЫСҚҰЛОВ. Дұрыс айтасыз. Ал, максималистер марксизмді бұрмалады ғой.

СТАЛИН. Максималистерді соққан қарумен маған да шүйіліп тұрған жоқ-сың ба?

РЫСҚҰЛОВ. Мен Сталин жолдасқа қарсы емеспін. Сталин жолдастың нұсқауын, яғни Саяси Бюроның нұсқауын бұрмалаушыларға қарсымын. Сталин жолдастың «Батыстан бас айналу» атты еңбегі дер кезінде жарияланды. Ал содан кейін қателесудің реті жоқ қой. Бірақ Қазақстанда коллективтендіру саясаты Сіздің нұсқауыңыздан кейін де өрескел бұрмаланды. Өне, анау менің хатымда көрсетілген жантүршігерлік фактілер – сол бұрмалаудың нәтижесі.

СТАЛИН. Сонда қалай ойлайсың, Тұрар, Қазақстан басшылары ЦК саясатын әдейі бұрмалап отыр ма?

РЫСҚҰЛОВ. Қазақстан басшылары ЦК саясатын әдейі бұрмалап отыр деп айту қиын. Бірақ олардың бұрмалауға жол беріп отырғаны ақиқат. Демек, Қазақстанда коллективтендіру саясатының өрескел бұзылғанына жаңағы басшылары да кінәлі. Ең алдымен, кінәлі. Мұны бір сөзінде Голощекин де мойындайды. «Біз басшы қызметтегі жікшілдерді төңкеріп тастадық» дейді

Голощекин, ал ауылдағы байлармен, тап жауларымен күресуде дәрменсіздік танытып отырмыз». Бұл – Голощекин сөзі.

СТАЛИН. Демек, жер-жерде зиянкестер бар. Олар советтік коллективтендіру ісіне іріткі салып, елді күйзеліске ұшыратып, советтерді халыққа жек көрінішті етіп көрсетуге тырысады. Солай ма?

РЫСҚҰЛОВ. Ол да бар. Сумандаған суық қолдың бар екені даусыз. Сонымен бірге басшылық тарапынан да асығыстық күшті. Опырып-жапырып, істі тез аяқтап, көзге көрініп қалу ниеті басым. Мұның атын асыра сілтеу дейді.

СТАЛИН. (*Трубкамен столды тықылдатып өзіне-өзі*) Ал біз Голощекин жолдасқа сендік... Ол болса, жағдайды білмейді.

Драмадағы көтерілген мәселенің шынайылығы тарихта болған оқиғалармен астасып жатуында. «Бесеудің хаты» драмасы тарихи шығарма болғандықтан, мұндағы кейіпкерлер де шынайы тарихи тұлғалар. Соның ішінде Голощекин, Сталин, жазушы Ғабит Мүсірепов, Тұрар Рысқұлов, Құрамысов, Нұрхан, Құсни, Балым секілді тұлғалар әрқайсысы өздерінің тарихтағы орнына сәйкес образға ие болған.

Драмадағы Голощекин кім?

Драматург жазушылық шеберлігін сала отырып, бұл бейнелерді түрлі әсерлі диалогтер арқылы одан әрі әрлендіре түседі: Ф.Голощекин – сұрқия саясатты жүзеге асырып, халықтың қырғынға ұшырауына бірден-бір себепкер болған Крайкомның бірінші хатшысы, шығармада бюро мүшелерінің жиналысындағы сөздері арқылы бейнесі толық ашылады. Жазушы Ғабит Мүсірепов болса, халқының амандығын өз өмірінен артық көріп, басын бөйгеге тігеді. Қаһарлы И.В.Сталин мен Ф.Голощекиннен де тайсалмай, халықтың мұң-мұқтажын жеткізе біледі. Ғ.Мүсірепов және Е.Алтынбеков, М.Ғатауллин, Қ.Қуанышев, М.Дәулетқалиевтардың есімдері де драмада аталып кетеді.

СТАЛИН. Неге сенен басқа ешкім ләм демейді?

РЫСҚҰЛОВ. Менен басқалар да Қазақстандағы өрескел бұрмалаушылықты Сізге айтуға тырысқан. Бірақ олардың даусы Сізге жетпей жатыр.

СТАЛИН. Қалайша?

РЫСҚҰЛОВ. Мысалы, жазушы Ғабит Мүсірепов бастаған бес адам Сізге хат жазған. Бірақ бесеудің біреуі бұны Голощекинге айтып қойып, хат ұсталған. Ал, хаттың авторлары жан-жаққа «командировкаға» аттандырылған. Мүсіреповтің өзі қазір Торғайда, Батпаққара дейтін жерде жүр.

СТАЛИН. (*Картаға таяп қарап*) Торғай, Қостанай. Сірә, Зиновьев те сол жақта жүр-ау деймін. Қалай ойлайсың, әлгі жазушы Зиновьевпен кездесіп те қалар?

Құрамысов, Жантоқовтар – өзінің қызмет орны мен басшысынан әрі аса алмайтын, өзіндік пікірі жоқ, мәселені өздігінен шеше алмайтын дәрменсіз кейіпкерлер. Ал Исаев пен Ивановтың жөні бұлардан бөлек. Олар басшысының «ақ дегенін алғыс, қара дегенін қарғыс» демей, керісінше, Мүсіреповтерге ара

түсіп, жағдайды әділетті түрде шешуді көздейді. Құсни, Балым, Күлөндарлар болса, бірі – жазушының, бірі – батырдың жары, енді бірі – ақынның қолы жетпеген сүйгені – бәрі де әділетсіздіктің құрбаны бола тұра, жарларынан айырыла тұра, қиындыққа мойымайтын асыл жандар.

Кеңес үкіметінің ұжымдастыру саясаты туралы көзқарасың қандай?

Ұжымдастыру кезіндегі қазақ халқының жай-күйі кейіпкерлер диалогі негізінде оқырманға жеткізіледі. «Асыра сілтеу болмасын! Аша тұяқ қалмасын!» ұранымен жүргізілген қатыгез саясаттың кесірінен қолындағы барынан айырылған халықтың аштықтан қырылуы, сол сұмдықты көре тұра басшылықтың немқұрайлылық танытуы, оған шыдамаған Мүсірепов бастаған зиялы қауым өкілдерінің Сталинге хат жазуы және олардың қудалауға ұшырауы драмада ашық айтылады. Дегенмен мұнда да жазушының астарлы ойы аңғарылып қалады: жер бетінде тозақ орнатқан қатыгез басшылар үшін ол жақтағы тамұқ таңсық емес... Осы арқылы да бұл солақай саясаттың халықты қаншалықты қан қақсатқанын ұғыну қиын емес.

РЫСҚҰЛОВ. (*Күрсініп*) Жала деген бар, жолдас Сталин. Өзіңіз айтқан жоқсыз ба, менің үстімнен арыз түсіп жатады деп. Сол Жантоқовтар «Рысқұлов – пантюркист» деп қақсай берсе, кім біледі, Ягода немесе Вышинский бір күні алқымнан алар. Содан соң Рысқұловты қара есекке теріс мінгізіп, бетіне күйе жаға салып, халыққа: «Әне, анау оңбаған! Тас лақтырыңдар!» десе, кім біледі, сеніп қалуы да мүмкін ғой.

СТАЛИН. Алғыс пен қарғыстың таразысы бар.

РЫСҚҰЛОВ. Мәселе таразыда емес, таразышыда. Тасбақа о басында адам болған деседі. Таразыдан жеп қойып, қарғыс атып, тасбақаға айналып кеткен.

СТАЛИН. Демек, таразыдан жеген тасбақаға айналады.

РЫСҚҰЛОВ. Иә, Иосиф Виссарионович, таразыдан жемеу керек. Таразыдан жегенді тарих бәрібір табады.

СТАЛИН. Ал, тарихтың өзін тасбақа жазса ше?

РЫСҚҰЛОВ. Шындық шірімейді. Шындықтың бетін қанша бүркемелегенмен, бүркеніштің әр жағынан сәуле шашырап тұрады. Шын тарих та осындай. Шын таразы – тарих.

СТАЛИН. (*Қолын бір сілтеп*) Ендеше, біздің ісіміз тарихқа аманат. Бірақ есінде болсын, Тұрар, коллективтендіру ісін жеделдету – социализм мүддесі үшін. Бұл істі оңынан аяқтамасақ, болашақ қандай болады? Біз империалистер қоршауында екенімізді естен бір минут те шығармауымыз керек. Одан қорғану жолында кейбір бұрмалау да пайда болуы мүмкін. Ол қате болса, тарихқа аманат. Болашақ ақ-қарасын шешіп алсын.

РЫСҚҰЛОВ. Тарих бәрін де орын-орнына қояды. Бірақ сонда төбемізден төмен қарап, салбырап тұрмасақ болғаны. (*Музыка талып естіледі. «Көбік шашқан», яки «Ақбай» қаһарланған көз сияқты. Арты хорға айналады*).

Драма соңында жас сәбидің дүниеге келіп, тірі қалуы да жазушының болашақтан күткен жаңа үмітін оқырман жүрегіне жағып кетуінде. Қырылған

халықтың кегін алып, орнын толтыру сол бір жас сәбидің үзілмеген ғұмырындай көрінеді.



Пікірлесейік

1. Шығарманың кейіпкерлері кімдер?
2. Жазушы драмасында тарихтағы қай кезеңді суреттейді?



Себебін анықта

1. Шығарма не себепті «Бесеудің хаты» деп аталады?
2. Шерхан Мұртазаның драма соңын мистика-фантастикалық сарында аяқтауы неліктен деп ойлайсың?



Тобыңда талдап көр

Шығармадағы әр бөлімде берілген күйлердің маңызы қандай? Әр күйдің шығу тарихын анықтап, неге сол жағдаятта қолданылып отырғанын талдаңдар.



Дәптеріңе жаз

Жазушы Голощекинді қандай кейіпкер ретінде суреттеген? Тарихпен сәйкес келе ме? Оған өзің қандай мінездеме берер едің?



Түйінде

Драманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, түйінде.



Қалай ойлайсың?

Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хатын» драматургия жанрында жазуында қандай мән жатыр? Осы тақырыпты басқа қандай жанрда жазған дұрыс болар еді?



Үйде орында

Т.Рысқұлов – өз елінің нағыз патриоты. Драмадағы кейіпкер бейнесін анықтап, кестені толтыр.

Мінезі		Дәлел	
Жеке қасиеттері		Дәлел	
Елге жанашырлығы		Дәлел	



Тұрар Рысқұлов (26 желтоқсан 1894, Жетісу облысы, Верный уезі Шығыс Талғар болысы – 10 ақпан 1938, Мәскеу) – мемлекет қайраткері.

Әкесі Рысқұл Жылқыайдарұлы 1904 жылы халыққа озбырлық көрсеткен Саймасай Үшкемпіров деген болысты атып өлтіреді. Рысқұл түрмеге түскен соң баласын қасына алдыртады. «Түрме баласы» аталған Рысқұлов түрме үйлерін сыпырып, бастықтың атын айдап жүріп, орыс тілін үйренеді. Әкесі 10 жылға сотталып Сахалинге жер аударылған соң, Рысқұлов – «Қырғызбаев» деген жалған фамилиямен нағашыларының қолына келіп, Меркідегі орыс-түземдік бастауыш мектепте оқиды.

1926 жылы Бүкілодақтық орталық атқару комитетінің қаулысымен Ресей Федерациясы Халық комиссарлары кеңесі төрағасының орынбасары болып бекітілді. Бұл қызметіне қоса Рысқұлов Түркісіб теміржолын салуда үкімет комиссиясының төрағасы болып, оны 6 жылда аяқтау орнына 3 жылда пайдалануға берілуін ұйымдастырды. Маманданған қазақ жұмысшыларын қалыптастыруға, қазақ жастарын Ресей және шетел оқу орындарында көптеп оқытуға көп көңіл бөледі.

Сталин Иосиф Виссарионович (Джугашвили/Жұғашвили) (1879–1953) – кеңестік мемлекеттік, саяси және әскери қайраткері. 1922 жылдан бастап Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің бас хатшысы, Кеңестік Үкіметінің басқарушысы (1941 жылдан бастап КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы, 1946 жылдан бастап КСРО министрлер кеңесінің төрағасы), Кеңес Одағы Генералиссимусы (1945) қызметтерін атқарды.

Сталиннің басшылығымен ауылшаруашылығын ұжымдастыру қолға алынып, байлар мен кулактарды тап ретінде жою саясаты жүзеге асырылды. Бұл халық арасында жасанды ашаршылық пен босқыншылықты туғызып, ауылшаруашылығын ұжымдастыруға қарсы шаруалар қозғалысының өрістеуіне алып келді. Сталин елде қуғын-сүргін саясатын жүргізіп, тоталитарлық жүйені қалыптастырды. Ұлттық интеллигенция өкілдерін «халық жаулары» ретінде қуғындауды күшейтті. «Халық жаулары» жазасын өтейтін лагерьлердің санын арттырды. Одақтас республикалар мен ұлттық автономияларды саяси және экономикалық биліктен айырып, Кремльге тәуелді етті.

«Қазақ энциклопедиясы»



Тұрар Рысқұлов



Иосиф Сталин



Әдебиет теориясы

Шығарманың тақырыбы – жазушының көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбылыстарының түйіні.

Тарихи шындық – өмір шындығының тарихи тақырыпқа айналған шығармадағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақты құбылыстар, болған оқиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады.

Драма (гр. *drama* – қимыл-әрекет) – сахнаға арналған оқиғаны, оған қатысушы кейіпкерлердің іс-әрекетін, көңіл күйін көрсету арқылы баяндайтын әдеби шығармалар. Драмада жеке адамның ойлану-сезінуін терең көрсететін лирикалық тәсіл мен тұтас бір шиеленіскен оқиғаны баян ететін эпикалық жанрға тән көркемдік тәсіл қабысып, ұштасып жатады.

«Әдебиеттану терминдерінің сөздігі»



Қолданып көр

Топтарға бөлініп, жоғарыда берілген ұғымдарға шығармадан мысалдар келтіріп, талдап көрсетіңдер.



Кітап – асыл қазына

1. Мұртаза Ш. Алты томдық шығармалар жинағы: 1-т. Қызыл жебе: Роман. 1, 2-кітап // – Алматы: Қазығұрт, 2002.– 504 б.
2. Мұртаза Ш. Ай мен Айша: Роман – Алматы: Қазақстан, 2008. – 456 б.
3. Мұртаза Ш. Жеті томдық шығармалар жинағы. – 5-том. – Алматы: Қазығұрт, 2005.

Бір бақытым – сарайшыл болғаным жоқ.

Жәркен Бөдешұлы

ЖӘРКЕН БӨДЕШҰЛЫ



Жәркен Бөдешұлы
(1944 жылы туған)

Жәркен Бөдешұлы қай өңірде туып-өсті?

Жәркен Бөдешұлы 1944 жылы 15 мамырда ҚХР-дың Тарбағатай аймағы Толы ауданындағы Жайыр тауында дүниеге келген. Азан шақырып қойған аты – Жармұхаммед. Шешесі: «Пайғамбарымыз Мұхаммедтің қасиетті есімін қайта-қайта айта бермейік, сен Жәркен боп жүрші», – дегеннен кейін Жәркен атанып кетеді. Ол жастайынан өлең-жырға құмар болып, ауылдағы өтіп жататын айтыс жарысынан, ойын-жыр отырыстарынан қалмай, халық ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрін ертеден құлағына сіңіріп өседі.

Ақын еліне қалай қызмет етті?

1969 жылы тарихи отанына келгеннен кейін қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. Мерзімдік басылымдарда және Мемлекеттік Кітап палатасында жауапты қызметтер атқарған. 1992 жылы құрылған Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығында бөлім меңгерушісі, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының әдеби кеңесшісі болған.



Зерделі ой

Бізге Жәркендей жүйріктердің емес, жабылардың жолы болғыш шығар. Жәркендей қырандардың емес, қарғалардың жолы болып жүретін шығар. Бірақ уақыт деген таразыға тартқанда әділет деген дүние шығады. Сол кезде Жәркеннің орны жарқырап көрінеді деп ойлаймын.

Ұлықбек Есдәулет

Ол – тілді ақын, қазақтың тіл құнарын сезетін, сезінетін ақын. Оның әрбір өлеңдеріндегі иірімдерінде қазақылық, шынайылық басым. Ол кейбіреулер сияқты экспериментке барып, өлеңнің басын жарып, көзін шығармайды. Ол Алла аузына қалай салды, жүрегі қалай соқты, солай жазады.

Аманхан Әлім

Жәркен Бөдешұлының қандай кітаптары бар?

Баспасөз бетінде әр жылдары жарық көрген «Аңырақай бекетіндегі ой», «Қарауыл төбе», «Генерал Жаһар Дудаев», «От пен су» («Сорос – Қазақстан» қорының жүлдесі берілген), «Тас бесік», «Бостандықтың басы», «Шер», «Жалғыз» атты дастандары оқырманның жылы ықыласына бөленген.

Ақын әдебиет әлемінде өзінің даралығын жалғыздық ретінде сезінеді:

Жалған-ай... Жалғызсырау қандай жаман,
Тарпаңның тамырында қан қайнаған.
Адасқан үйірінен құла бие,
Қосылды құландарға қақ жайлаған... –

дей отыра автор біздің санамыздағы Асанқайғы образын заманауи ақын бейнесінде қайта түлеткісі келетіндей:

Көгертіп көктем келді мият құмды,
Жануар оқыс ойнап ұят қылды...
Тағының бетке басқан таңбасындай,
Құйрығы жоқ – Жалы жоқ – Тұяқ туды...
Қиналып терледі көл-көсір боп,
Көз жасы құлазыған шөлге сіңбек.
Жасырды жалыменен құлыншағын,
Төркінім – жылқы атаулы көрмесін деп.

Осылайша ақын адасқан бие сияқты оқыс сүрініп, жаза баспау үшін, өз халқын ділін, болмысын жоғалтып алудан сақтандырады.

Ж.Бөдешұлы – Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, Түркі тілдер елдері поэзиясы II фестивалінің лауреаты, «Астана Бәйтерек – 2006» әдеби байқауының жүлдегері және Қ.Сәтбаевтың 150 жылдық мерейтойына арналған халықаралық мүшәйраның бас жүлдегері.



Пікірлесейік

1. Ақынның әдебиетке құмарлығы қай кезден басталған?
2. Жәркен Бөдешұлы қай жанрларда қалам тартқан?



Себебін анықта

1. Ұ.Есдәулет неліктен Жәркенді жүйрік атқа теңейді?
2. Әріптестерінің Жәркенге жоғары баға беруінің себебі неде?



Тобыңда талдап көр

«Бір бақытым – сарайшыл болғаным жоқ» деген ақынның сөзін талдап көріңдер.



Дәптеріңе жаз

Жәркен Бөдешұлы туралы білгеніңді «Түртіп алу кестесіне» толтыр.

V – «Білемін»	– «Мен үшін түсініксіз»	+ «Мен үшін жаңа ақпарат»	? – «Мені таңғалдырады»



Түйінде

Жәркен Бөдешұлы қандай ақын? Ойыңды түйіндеп жаз.



Қалай ойлайсың?

Ақын өлеңдері тақырыптарының көпшілігі тарихи салаға арналу себебі неде?



Үйде орында

Жәркен Бөдешұлының «Аңырақай бекетіндегі ой», «Қарауыл төбе» шығармаларындағы ортақ идеяны ашып, әдеби эссе жаз.



Міне, қызық!

Бала Жәркен қозы-лақтарды айдап келе жатқанда кенет нәсер жауын төлеп кетеді. Жауыннан ығысқан қозы-лақ сайдың шетімен жүреді, ал төменде үлкен көл болады. Жәркен де амал жоқ, қозы-лақтың артынан ереді. Оқыста баланың аяғы тайып кетіп, төмендегі терең сайға құлап кетеді. Су түбіне құлдилап бара жатқан баланың қолы жағадағы бір түп шеңгелге тиіп кетіп, соған жабысып, ұстап қалады. Дереву жүгіріп жеткен ауыл адамдары оған арқан салып, құтқарып алады.

Қабырғаммен кеңесем,
 Арманыма жетердей.
 Өмір деген не десең,
 Бір түп шеңгел екен ғой, –

деп басталатын ең алғашқы өлеңі осылай туады.



Кітап – асыл қазына

1. Ж.Бөдеш. Көкше құрақ. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жалын, 1979.
2. Ж.Бөдеш. Қос қанат. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1982.
3. Ж.Бөдеш. Зейін. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жалын, 1984.
4. Ж.Бөдеш. Аспан даусы. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1985.

«Жалғыз» поэмасы

Жәркеннің қырық қыры бар ақын,
мен оның бір ғана қырын аша алдым.
Ол – туған жерге деген сағыныш.

Темірхан Медетбек

Ақын неліктен өзін жалғыз сезінеді?

«Жалғыз» поэмасы – Жәркен Бөдешұлының шоқтығы биік шығармаларының бірі. Ол сюжетсіз лирикалық поэма түріне жатады. Себебі мұнда шығарманың дамуы, байланысы, шарықтау шегі, кейіпкерлер тартысы сияқты сюжеттің кезеңдері жоқ.

Бұл жалғанда кім жалғыз?!
Ақ борықтай Ай жалғыз, Айдан нұрлы Күн жалғыз.
Жарқырап тұрған Шолпан да жалғыздығын сезінер,
Таң алдында көз ілер...
Жыр боп мәңгі жасарға, Абай жалғыз қашанда,
Абай жалғыз болғасын, екеу емес Мағжан да.

Бірақ шығармада мазмұны бір арнада тоғысқан динамикалық даму бар. Қазақ әдебиетінде С.Торайғыров поэмалары сюжетсіз поэманың алғашқы негізін қалайды. Мұнда оқиға біртіндеп дамымайды. Бұл жанрдың ерекшелігі – басты оқиғаның бірден басталып, бірден баурап әкетуінде. Сондай-ақ бұған тіл көркемдігі, айшықты суреттеулер, логика тұтастығы, сыршыл эмоция тән. Ж.Бөдешұлының ақындық фантазиясы мен философиясы да айқын көрінеді.

Автордың идеясы қандай?

Автор идеясы – жаратылыстан дарыған ерекше қасиетті ашу, дара тұлғаны таныту, дарын иесін қастерлеу. Мысалы, поэмада аты аталатын Абылай хан, Ақтамберді, Бұхар жыраулар, Исатай мен Махамбет, Абай, Шәкәрім, Мағжан, Бауыржан Момышұлы т.б. сияқты тұлғалар өмірге бір-ақ рет келеді, бұлардың бәрі – құбылыс жалғыз, екеу болмайды деген ой айтады. Сондай-ақ Мұқағали жырлаған «Фариза, Фаризажан, Фариза қыз, өмірде ақындардың бәрі жалғыз». Бірақ ақын ойынша «Жалғыздар» көп емес. Сондықтан «жалғыздарымды жарға қамалап, Сары уайымға салғызба, Құдай! Тұз уатқан келсаптай, ағарса да қастарың, ағарса да шаштарың – Жалғыздықтың дертіне шыдап бақ, замандастарым!» – дейді.

Бас кейіпкер «Жалғыз» – автордың өзі. «Жалғыз – менмін... Бұл поэманы тұтастай жатқа білетін жас оқырмандарым бар. «Жалғыздық тек Құдайға ғана жарасады» деп айтылады. Жалғыздық – барлық адамның басында бар нәрсе. Бұл тек бір ғана адамның басындағы жалғыздық емес, бүкіл әлемдік жалғыздық деп ойлаймын. Шәкәрім де жалғыз болды... Жалғыздықты тек қана оқу керек», – дейді автор журналистерге берген сұхбатында.



Зергер сөз

Қазақ әдебиетінің поэзиясына өз тақырыбын ала келген Қасым, Мұқағали сынды ақындардың қатарында осы Жәркен де тұрады.

Қабдеш Жұмаділов



Жалғыз арқар



Зерделі ой

Өлеңге ауадай қажет теңеу, символ, метафора, эпитет, ассонанс... дейтіндерді құлпырта қолдана білетін ақын поэмаларға қол созғанда бұларға қоса жаңа формалар, шақырып тұрар сюжеттер іздеп тапқыш-ақ. Өйтеуір алуан тақырыптағы қандай көлемдегі дүниені жазғанда да, ол еш уақытта бір қазыққа байланып қалмайды: бірде ежелгі жырауларша егіле-төгіле толғаса, басқа бір тұста тұтастай осы заманғы өлең өлшемдерімен іркілмей «сөйлейді».

Ертай Ашықбаев

Автор жай уақытта қарапайым мағына беретін «жалғыз» деген сөзге үлкен ойды сыйғызған. Поэма басталған бетте ақын оқ тиген арқар, құлжаның бірден жантөсілім етпей, оқтың уы денесінің барлық жеріне тегіс жайылып болғанша сағаттап, тәуліктеп жылжымай қарысып тұра беретіндігін тегін айтып отырған жоқ.

Жалғыз арқар.

Жалғыз оқ.

Жалғыз құздың басында –

Селт етпейді боранға,

Селк етпейді жасынға.

Мұңлы қоңыр жанары бір жанады, бір өшіп,

Ажалына сүйеніп қатып қалған сіресіп.

Қос өкпесі деміксе – жусан иісі бұрқырап,

Таңғажайып тағдырға тау тағысы тұр шыдап.

Өйткені құздың басында айнала дауыл боратса да, қасқайып жалғыз жүретін арқар – күшті, қайратты, басқалардан дара. Оқ тиген арқар шайқалса да, «тамыры шынжыр болаттай берік» болғандықтан, бірден құрдымға құламайды. Жаратылысы күшті адам да сол сияқты. Бұл жерде автор батыр Баянды еске түсіреді. Қазақ жерін жау (қалмақ-жоңғар) қолынан азат етуде Қабанбай, Малайсары, Олжабай сияқты батырлармен тізе қосып, қатар соғысқан батыр Баян жігерлілігімен, қайсарлығымен, кекшілдігімен даңқы шыққан. Тарихи дерек бойынша жау қоршауында жалғыз қалған Баян өліспей беріспеген қалпында ерлікпен қаза тапқан. Автор осы жайтты еске алып отыр.

Алабөтен тағдырым,

Такла-Макан шөліндей жазыыстық, қысыаяз.

Қабірімнің басына сексеуіл өсер, гүл емес...

Жалғыздыққа сүйенген,

Мен де жалғыз арқармын.

Жалғыз өлең дарыса, жүректегі тарқар мұң.

Жырдың уы бойыма жайылғанда өлермін,

Өзі айтады үкімін келер ұрпақ, келер күн, – деп жырлаған ақын сары уайымға салынып тұрған жоқ, қайта қанша қиындық көрсе де, өзінің де мықты екенін, дара екенін, шыдамды екенін, өмірде тек өлеңнен ғана қуат алатынын жариялап

отыр. Сондықтан ақын үшін өлеңінен құдіретті, өлеңінен қасиетті, қастерлі ештеңе жоқ. Поэманың:

Төрт құбылам жап-жарық, ортасына мені алып –
Суретке түсер көп халық...

Суретке түсер Алты Алаш,

Патша да, ханым да шарпылып жүзі жалынға, –
деген биік эмоция, айрықша позитивті көңіл күймен аяқталуынан шығармашылық құбылыстың көркем оймен астасқан әдемі әсері танылады.



Пікірлесейік

1. Жәркен Бөдешұлы қандай ақын?
2. Поэма деген не?



Себебін анықта

1. «Ақындардың бәрі жалғыз» деген Мұқағалидың пікіріне сүйеніп, Жәркеннің жалғыздық тақырыбын таңдау себебін анықта.
2. Неліктен ақын «Жалғыздықтан қорықпаймын, топқа, жікке бөлінген, Құм төбедей өрілген тобырлардан қорқамын» дейді?



Тобыңда талдап көр

Ақын ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіргенін анықтап, талдау жаса.



Дәптеріңе жаз

Интернет желісінен Жәркен Бөдешұлының «Туған жер» деген өлеңін дәптеріңе көшіріп жаз және осы өлең мәтініне жазылған әнді тыңда. Мұнда жалғыздық идеясы бар ма?



Түйінде

Поэмадағы көтерілген мәселелерді айқындай отырып, эссе жазу арқылы түйінде.



Қалай ойлайсың?

Жәркен ақын сияқты «Жалғыз» болу оңай ма? Жалғыздық тақырыбына сюжетті поэма жазуға бола ма?



Үйде орында

Жәркен Бөдешұлының еліміздің біртуар тұлғаларын бір поэмаға сыйғызған шеберлігін талдап, шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, жазбаша баға бер.

Өлеңдегі кейіпкерлер жүйесін тура және жанама мінездеулер бойынша талдап, кестеге толтыр.

Кейіпкерлер	Тура мінездеу	Жанама мінездеу	Мен таныған кейіпкер сипаты



Білгенге маржан

Жалғыздық – басқа адамдардан оқшаулаған, өзгерген (үйреншікті емес) жағдайға ұшыраған адамның эмоциялық күйіне ықпал ететін психогендік факторлардың бірі. Адамның жалғыздық жағдайда болу уақыты ұзарған сайын тілдесуді, қарым-қатынасты қажетсінуі күшейе түседі. Егер адам өзі тілдесетін жан таппаса, заттарды, әртүрлі жануарларды тұлғаландырып тіл бітіргендей әрекет жасайды. Осылайша қиял күшімен серіктестер тудырады, олармен дауыстап сөйлесе бастайды. Мұндай жайттар қорғаныштық реакциялар деп есептеледі. Бұл психологиялық норма шеңберінде қарастырылады.

«Жантану атауларының түсіндірме сөздігі»



Білген үстіне біле түс

Жәркен Бөдешұлының естелігінен: «Мен көзі ашық, оқыған, тоқығаны бар мектеп директорының отбасында туып өстім. Әкем марқұм ауызекі жаяу әңгіменің хас шебері болатын. Көрген-білгендерін, естіген ертегі, қиссаларды майын тамызып айтып отыратын. Ауыл-аймақтағы өзі тұстас замандастары біздің үйге сол кісінің әңгімелері үшін жиналатын. Екі құлағым қалқып, көкемнің тізесіне отырып алып аузымнан сілекейім аққанша құнығып тыңдаушы едім. Мен өзімді құдды бір мыңжылдық жеміс бағының ішінде жүргендей сезінетінмін. Әкемнің аузынан күзгі алманың хош иісіндей піскен сөздің жұпар лебі аңқып тұрушы еді, шіркін! Осы заманда ондай шалдар жоқтың қасы. Болса да сөзі шикі, әңгімесі шала, дүмбілез, құлақ құрышын қандырмайды. Көңілді тұшындырмайды, ұйқыңды келтіріп, берекеңді қашырады. Есейе келе қара танып, хат оқи бастағанда бала кездегі әлгі әдет қазақ жазушыларының жазған, сызғандарын оқуға ұласты. Әңгімеге құштарлығым соншалық таныс, бейтаныс қаламгердің шағын әңгімелерін көрсем болды, бас салып оқып тастайтын болдым. Осы күнге дейін бір кісідей оқып келемін. Өлі де оқи түскім келеді де тұрады».

www.minber.kz/.../жәркен-бөдеш-қысқа-әңгімелер-қиссасы



Әдебиет теориясы

Теңеу – құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы жасалатын сипаттау тәсілі (кемедей, болатша).

Символ – ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне (гүл – жастықтың символы).

Метафора (гр. ауыстыру) – екі нәрсені салыстыру және жанастырып-жақындату негізінде астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі (тас жүрек, ақын – жел).

Эпитет – заттың немесе құбылыстың айрықша белгісін білдіретін бейнелі сөз (қоңыр дауыс, тәтті күй).

Ассонанс – (фр. *assonance*) – өлең жолдарында сөз басындағы дауысты дыбыстардың ұйқасуы.

«Әдебиеттануға кіріспе»



Қолданып көр

Жоғарыда берілген ұғымдарға хрестоматиядағы поэмадан мысалдар келтір.



Міне, қызық!

Шығармашылық иелерінің бәрі жалғыздықты сезінеді. Олардың кейбіреулері жалғыздықтың адамзатқа тигізер пайдасын да сипаттайды.

Артур Шопенгауэр: «Адам өзінің кім екендігін жалғыз қалғанда ғана айқын сезе алады. Өр адам жалғыз қалған кезде ғана шынайы бейнесін ашады. Жалғыздықты сүймеген адам еркіндікті де сүймейді».

Бернард Шоу: «Жалғыздықтан үлес алып, өзіңе пайда келтіре алу – дарындылық».

Оралхан Бөкей: «Бүкіл әлемде адам баласы қаншалықты мол болса, соншалықты жалғыз – оны жалғызсыратпайтын айрылмас адал досы – өзінің ойы ғана».



Кітап – асыл қазына

1. Ж.Бөдеш. Нұрлы бояулар. Өлеңдер мен поэма-портреттер. – Алматы: Жалын, 1988.
2. Ж.Бөдеш. Жұлдызға орнын ай бермес. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Сөзстан, 1996.
3. Ж.Бөдеш. Емендер түнде бүрлейді. – Алматы: Ана тілі, 2001.
4. Ж.Бөдеш. Бөрінің асығы. – Алматы: Жазушы, 2005.
5. Ж.Бөдеш. Бұрылыс. – Алматы: Сөздіксловарь, 2007.

«Тарих тағылымы» бөлімі бойынша жиынтық бағалауға дайындық тапсырмалары

1. Тест тапсырмаларын орында.

Шерхан Мұртазаның Мемлекеттік сыйлық алған шығармасы:

- A) «Қара маржан»
- B) «Қызыл жебе»
- C) «Мылтықсыз майдан»
- D) «Әзиза»
- E) «Бесеудің хаты»

Қай қаламгер Шерхан Мұртазаны Қызыл жебеге теңеген?

- A) Ә.Кекілбаев
- B) Ш.Айтматов
- C) Ф.Оңғарсынова
- D) Ж.Шаштайұлы
- E) Қ.Жұмаділов

Шерхан Мұртазаның 5 кітаптан тұратын шығармасы:

- A) «Бесеудің хаты»
- B) «Мылтықсыз майдан»
- C) «Қара маржан»
- D) «Ай мен Айша»
- E) «Қызыл жебе»

«Бесеудің хаты» драмасындағы бесеу:

- A) Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Т.Рысқұлов, О.Исаев, Қ.Қуанышев
- B) Т.Рысқұлов, Е.Алтынбеков, Ғ.Мұстафин, М.Ғатаулин, О.Исаев,
- C) О.Исаев, Ш.Мұртаза, Т.Рысқұлов, Е.Алтынбеков, М.Дәулетқалиев,
- D) Ғ.Мүсірепов, М.Ғатаулин, Е.Алтынбеков, М.Дәулетқалиев, Қ.Қуанышев
- E) Ғ.Мұстафин, Ғ.Мүсірепов, Ш.Мұртаза, Т.Рысқұлов, Е.Алтынбеков

Пьесада орындалған күйдің бірі:

- A) «Түрмеден қашқан»
- B) «Тепеңкөк»
- C) «Бестөре»
- D) «Ақбай»
- E) «Ақсақ киік»

«Бесеудің хаты» драмасы неше бөлімнен тұрады?

- A) 3 бөлімнен
- B) 5 бөлімнен
- C) 1 бөлімнен
- D) 4 бөлімнен
- E) 2 бөлімнен

Ж.Бөдешұлының шын аты:

- A) Жәркен
- B) Жарқын
- C) Жармағанбет
- D) Жарылқасын
- E) Жармұхамед

ҚХР-дағы Ж.Бөдешұлы дүниеге келген жер:

- A) Құлжа
- B) Сібеті
- C) Шыңжан
- D) Жайыр тауы
- E) Үрімші

Ж.Бөдешұлы алған сыйлық:

- A) М.Мақатаев атындағы сыйлық
- B) «Дарын» сыйлығы
- C) «Алаш» сыйлығы
- D) Абай атындағы сыйлық
- E) Б.Бұлқышев атындағы сыйлық

«Жалғыз» поэмасында неше құс пен жануардың атауы кездеседі?

- A) 9 құстың, 6 жануардың
- B) 11 құстың, 7 жануардың
- C) 10 құстың, 8 жануардың
- D) 7 құстың, 16 жануардың
- E) 8 құстың, 12 жануардың

2. Мұхтар Шахановтың:

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала,
Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға.

Әр адамда өз анасынан басқа да,

Ғұмырына етер мәңгі астана,

Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,

Болу керек құдіретті төрт ана:

ТУҒАН ЖЕРІ – түп қазығы, айбыны,

ТУҒАН ТІЛІ – мәңгі өнеге айдыны,

ЖАН БАЙЛЫҒЫ, САЛТ-ДӘСТҮРІ – тірегі,

Қадамына шуақ шашар үнемі.

Және ТУҒАН ТАРИХЫ, –

деген өлеңіне сүйеніп, тараудағы шығармалардың ерекшеліктерін көрсете отырып, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдап, оқиғаның өту орнына қарамастан, олардың қазақ халқының әр кезеңін баяндайтынын дәлелдеп, тарауды түйінде.

3. «Тарих тағылымы» деген тақырыпта Ш.Мұртаза және Ж.Бөдешұлы шығармашылықтарын қамтып презентация жаса.

Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырмалар үлгілері

Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

I

Жалғыз жарлы ас үйде:
Жалғыз ошақ. Жалғыз қазан. Жалғыз шөміш.
Жалғыз көсеу. Жалғыз табақ. Жалғыз кесе. Жалғыз қасық.
Жалғыз шөугім. Бөрі-бөрі жалғыздан.
Жалғыз жүрек. Жалғыз қалам. Жалғыз жан.
Тас қораның сыртында:
Төңкерілген ит-аяқ.
Жалғыз боран. Жалғыз бөрі ұлып тұр.
Емен есік күзеткен жалғыз шойын құлып құл...
Босағада мәңірейді іші қуыс тұлып құр.
Ағаш науа ішінде қатып қалған тұнық су.
Қатып қалған сіресіп жалғыз қайың құрық тұл.
Беу, жалғыздық әлемі, беу, жалғыздық әлемі,
Ғұламаға ғұмырлы жарасқаның әдемі...
Жалғыздықтан қорқады
обыр, жемқор, топшыл, құзғын, күшіген.

II

Күн қиядан аунап, батып бара жатты. Теңіз беті қызғылтым тартты. Алыстан арғы беттегі тау да көрінді. Ол алтын арқалы айдаһар сияқты еді. Сол тауға, батқан күнге, қызғылтым теңізге пристаньнан қарап тұрған үшеудің суретін майда толқын тербеді. Әлдеқайда көз ұшында күннің батқан жеріне асыққандай жалғыз қайық кетіп барады. Жайшылықта назар түспейтін әлгі қайық қазір мүлде аянышты. Теңіз шетіне шыға ма, шықпай ма, жағаға жете ме, жетпей ме деген мүсіркеу сезімін тудырады.

«Жолың болсын, жалғыз қайық», – деді ішінен Әрлен. Қайық теңіз бен аспан қиюласып жатқан қара сызықтан ары аунап түсіп жоқ болатындай көрінсе де, әлі үзілмеген үміттей көз ұшында бұлдырады да тұрды.

Жағада жан азая берді. Кешкі тамақтың кезі де келіп еді. Бірақ осы бір кештің суретіне тоймаған үшеу ғана пристаньда оқшау қалған. Олар әлгі қайықты көзбен әлі шығарып салып тұрғандай. Түн жамыла бастаған теңізде кеспек-бұйлар ғана жалғызсырап, қылтың-қылтың қараңдайды.

«Ей, адамдар, күндіз сендерге жол көрсетіп, жақсылық жасап едік, енді бізді тастап кетпеңдер», – деп қол бұлғап жалынғандай болады. Олардың тілін шағалалар ғана түсінсе керек, айналшақтап-төңіректей ұшып, төсімен жанай өтіп жүргені.

1. Үзінділер Ж.Бөдешұлының «Жалғыз» және Ш.Мұртазаның «Шағалалар қайда ұйықтайды» деген шығармаларынан алынды. Берілген мәтіндерден қаламгерлердің өзіндік стилін анықта.
2. Мәтіндерге ат қой.
3. Үзінділердегі ортақ ойды анықта.

4. Үзінділердегі аяныш тудыратын сөйлемдерді көрсет.
5. Үзінділердегі мазмұны шындыққа жанаспайтын сөйлемдерді тап. Автордың неліктен мұндай тәсіл қолданғанын түсіндір.
6. «Жалғыздың үні шықпас» деген мақал үзінділерге қатысты ма? Ойыңды дәлелде.
7. Үзінділерді оқыған екі адамға мәтінді өз бетімен аяқтау тапсырылды. Олардың біреуі оптимист, екіншісі пессимист: қалай аяқтауы мүмкін?
Оптимист:
Пессимист:

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ

Аллегория мен кейіптеу

Әдеби шығармаларда жансыз табиғат құбылысы тірі кісінің қылығымен ауыстырыла суреттелетіні көптеп кездеседі. Құбылтудың мұндай түрі *кейіптеу* деп аталады. Мысалы Абайдың «Қыс» өлеңіндегі:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,

Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды, –

деп қыстың кәрі құда бейнесінде суреттелуі, «Теректің сыйы» деп аталатын аударма өлеңіндегі Теректің адамша сөйлеуі, Каспийдің «жыбыр қағып, қозғалып, сылқ-сылқ күлгені» – кейіптеу.

Кейіптеу – ауыз әдебиетінде жиі кездесетін тәсіл. Мысалдарда құбылту көбінесе аллегория түрінде кездеседі. Астарлы, тұспалдау арқылы суреттеу *аллегория* немесе пернелеу деп аталады. Мұнда дерексіз нәрселер деректі нәрсеге ауыстырылады. Мәселен, мысал жанрында әрбір кейіпкер белгілі бір қасиеттің немесе бейненің иесі ретінде алынады: есек – топас, қасқыр – жауыз, қой – момын, түлкі айлакер бейнесін көрсетеді.

Аударма шығармалар

Аударма – бір тілде жазылған мәтінді екінші тілде дәл, түсінікті етіп жеткізу. Аударманың дәлме-дәл аударма, еркін аударма, сәйкес аударма, балама аударма сияқты түрлері бар. Аударудың бірнеше тәсілі бар. Соның біреуі – калька. Бұл әдіс кейде сөзбе-сөз аудару арқылы тәржіменің оқылуын қиындатады. Аударманың тағы бір түрі – нобайлап аудару. Еркін аударма аталатын бұл аударма түрі бөтен тілдегі мәтіннің мағынасын ғана беруді көздейді. Ең тиімді аударма түрі – аударманың балама түрі. Мәтін авторының ой өрбіту, сөз сөйлеу мәнерін сақтау.

Әдеби ағымдар

Әрбір әдеби шығарма оқырманға оны жазған автордың шығармашылық ерекшелігін танытады. Оны шығарма тілінен де, тақырып пен идеядан да байқауға болады. Әдеби ағымды да дәл осы тұрғыдан пайымдау керек. Әдеби ағым көбінесе көркемдік әдіс, стиль орнында қолданылады. *Әдеби ағым* – ұқсас сырлар мен ұқсас ерекшеліктердің бір емес, бірнеше жазушының шығармашылығында кездесіп, көркемдік бірлік құрауы. Әлем әдебиетінде әрбір әдеби ағымның пайда болуын, дамуын әдебиет тарихы қарастырады. Әдебиетте классицизм, сентиментализм, натурализм, футуризм, модернизм т.б. әдеби ағымдар бар.

Әңгіме

Әңгіме – оқиғаны баяндап айтуға негізделген, қара сөзбен жазылған шағын көркем шығарма. Әңгімеде әдетте бас-аяғы жинақы, тиянақты аса маңызды деген қысқа оқиға суреттеледі. Әңгіме кейіпкерлері көп болмайды. Сюжет желісі бір арналы ширақ келіп, тақырыбы мен идеясы айқын болады. Ол аз сурет арқылы көп жайды аңғартады, жазушыдан көркемдік шеберлікті талап етеді. Мұнда бір айтылған жайларға қайта оралуға, баяндауға, ұзақ суреттеуге орын жоқ. Онда адам, оның өмірі мен тағдыры т.б. жайттар нақты беріледі.

Қазақ әдебиетінде балаларға арнап тұңғыш әңгімелер жазған – Ыбырай Алтынсарин.

Баяндау, суреттеу, диалог, монолог

Жазушы өз туындысына негіз болған оқиғаны, жағдайды жай ғана хабарлай салмай, көркем түрде әсерлі жеткізу үшін әртүрлі әдеби әдістерді пайдаланады. Олардың қатарына **баяндау, суреттеу, диалог, монолог** сияқты әдістер де жатады.

Баяндау дегеніміз – көркем шығарманың оқиғасын желілі түрде әдеби тілмен көркемдегіш құралдар арқылы әңгімелеп жеткізу. Баяндау автордың атынан немесе шығарманың негізгі кейіпкерінің атынан да баяндала береді.

Суреттеу – шығарма оқиғасын баяндау барысында оқиға болған жермен, кейіпкерлермен, оған қатысты нәрселермен таныстыру барысында қолданылатын көркем әдеби әдістің бір түрі. Суреттеудің **пейзаж, портрет, мінездеме** деп аталатын түрлері бар.

Диалог – әдеби шығармаларда екі кейіпкердің немесе бірнеше адамның сөйлесуі, яғни оларды сөйлету тәсілі. Көбінесе сахналық қойылымға арналған пьесалар, драмалық шығармалар диалогтен тұрады.

Монолог – сөз өнерінде кейіпкердің ішкі жай-күйін, толғаныс-тебіренісін бейнелеу мақсатында қолданылатын тәсіл, сөйлеуші өз ойын бір немесе бірнеше адамға арнап айтатын ауызша сөйлеу әрекеті. Монологтің ерекшелігі – бір адамның ойы, сөзі көрініс табуында. Сахналық монологте кейіпкер өзімен-өзі сырласқандай болып, тыңдаушы көрерменнен жауап күтпейді. Монологте кейіпкердің ой-тұжырымдары айтылып, оның жай-күйі айқын аңғарылады. Мәтінде монолог диалог үлгісінде де, диалогпен араласып та келе береді. Монолог жазбаша түрде де кездеседі. Екі жағдайда да (ауызша және жазбаша) негізгі ерекшелігі – бір адамның сөйлеуі немесе бір адамның ойы. Монолог – әдеби шығармаларда, әсіресе драмалық туындыларда кейіпкердің ішкі көңіл күйін білдіретін толғау сөзі, кейіпкерді сөйлету тәсілі.

Дастан жанры

Дастан – ауыз әдебиетіне жататын жанр. Дастан Орта Азия, Таяу Шығыс халқы мен қазақ халқының арасында кең тараған. Қазақ дастандарын тақырыптарына қарай тарихи жырлар, батырлар жыры, лиро-эпостық жырлар, қиссалар деп бөлуге болады. Ауыз әдебиетінің мұралары «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» т.б. жырлары батырлар жырының қорын молайтса, «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Еңлік-Кебек» дастандары ғашықтық жырлардың қатарынан орын алды. Жазба әдебиет пайда болған соң, авторы белгілі дастандар дүниеге келе бастады. Мысалы, Нұрпейіс

Байғаниннің «Қанды жорық», Жамбыл Жабаевтың «Замана ағымы», Қалқа Жапсарбаевтың «Орақ батыр» дастандарында өмір шындығы жырланған.

Жанрдың пайда болуы

Жанр үнемі дамып отырады. Әрбір тарихи дәуір әртүрлі жанрдың түп негізін сақтай отырып, оған өзгешеліктер енгізіп отырады. Ол ерекшеліктер, бір жағынан, әдебиеттің ұлттық сипатымен байланысты болса, екінші жағынан, әр жазушының ерекшелігіне, алатын орнына байланысты. Жанрлар дүниеге келіп, өзгеріп, жоғалуы, жаңадан пайда болуы әдебиеттің тарихи дамуымен тығыз байланысты. Мәселен, қазақ эпосы бір кезде батырлар жыры түрінде көрінсе, уақыт өте келе лиро-эпосқа көшті, одан келе жанрлық табиғатын мүлде жаңартқан жаңа поэмаларға ауысты. Әрбір көркем шығарманың жанрлық ерекшеліктері сол шығарманы жазған автордың қаламгерлік ерекшелігіне тәуелді. Әр қаламгер өз қалауынша жазады, өзінің жеке стилі болады, жанрға бұрын-соңды болмаған жаңалық енгізіп, түрлендіре түседі. Жанр эпос, лирика, драма болып, үш топқа бөлінеді.

Ирония мен сатира

Сөздерді қарама-қарсы мағынада, кекесін мағынасында қолдану *ирония* деп аталады. Шығарма кейіпкерлерінің мінез-құлықтарын жан-жақты көрсету үшін астарында зілді кекесін жататын мақтау, мадақтау сөздерді қолданған шығармалар бар. Бұл – әдебиеттегі *ирония тәсілі* болып табылады. Бұл тәсіл С.Торайғыров шығармаларында жиі кездеседі.

Көркем шығармаларда өмірдің, адамдардың жағымсыз мінез-құлықтарын күлкі ете мысқылдай суреттеуді *сатира* деп атайды. Мысалы, өздеріңе таныс С.Торайғыровтың «Бір адамға» деген өлеңінде сатираның үлгісі бар:

Дедім мен: «Құтты болсын шекпеніңіз,
Артқыға қандай егін еккеніңіз?
Жусақ та денемізден кетер емес,
Сондағы тұқым шашып сепкеніңіз».

Кейіпкер

Кейіпкер – персонаж – көркем шығармада суреттелетін адам, әдеби образ. Әдебиетте адамның көркем образын жасағанда жазушы оның кескін-тұлғасын, іс-әрекетін, мінезін сол ортаның, дәуірдің өзгешеліктерін танытатын сипаттарымен қатар, өзіне ғана тән ерекшеліктері де анық байқалатындай етіп суреттейді.

Кейіпкер бейнесін суреттеу үшін қоғамдық өмірді жан-жақты, терең зерттеп білу шарт. Әр кейіпкердің көркем бейнесі оның өз сөзі арқылы ашылады. Көркем шығармада жан-жақты толық суреттелетін негізгі тұлға – *басты кейіпкер*.

Кең көлемді эпикалық жанрлар

Кең көлемді эпикалық шығармалар жекелеген эпизодтарды суреттеумен ғана шектелмейді, әдеби шығармаға арқау болған адам мен қоғам тіршілігін кең қамтып, жан-жақты суреттейді. Адам мен қоғам өмірінің шындығын көрсетіп, оқырманның көз алдына өзгеше бір әлем, бүтін бір тіршілік дүниесі пайда болады. Кең көлемді эпикалық жанрға роман, эпопея жатады. *Роман* – ойдан

өрбіте баяндалған тарихи дәуір ұғымын береді. Романның көлемі үлкен, мазмұны қат-қабат, сюжеті мен композициясы өте күрделі. Романның түрлері: тарихи роман, авантюралық роман, ғажайып оқиғалы роман, детективті роман, психологиялық роман, тұрмыстық роман, педагогикалық роман, сатиралық роман.

Тарихи роман – белгілі бір тарихи оқиғаға байланысты туған шығарма. Тарихи шығармаларда оқиғаның дәлдігі сақтала бермейді, әр кезеңнің тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-саяси бет-бедері көркемдік тұрғыдан қорытылып бейнеленеді. Бұл жанрда жалпыхалықтық мемлекеттік мүдделер басты сипат алады. Тарихи роман негізін тарихта болған оқиға желісі құрайды. Тарихи роман кейіпкерлері де өмірде болған адамдар.

Роман-эпопея – күрделі, ірі оқиғаларды ұлттық-тарихи тұрғыдан суреттейтін, өмірді, оның әр алуан құбылыстарын, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды кең қамтып, терең бейнелейтін роман.

Авантюралық роман – кейіпкерлері қауіп-қатерлі аса қорқынышты халдерді басынан өткізеді және ол қиыншылықты жеңіп шығады.

Ғажайып оқиғалы роман – оқиғасы тез дамып, қиыннан шарықтап, оқиға барған сайын шиеленісе береді. Бұл роман жұртты тез қызықтырып, көңіл аулау үшін жазылғандықтан, ондағы оқиғалар көпшілігінде тек қызықты ету мақсатымен құрылады.

Детективті роман – тыңшылық істер жөніндегі роман.

Психологиялық роман – оқиғаны адамның ішкі сезімін, терең, барынша күйзелту жағдайында дамытады.

Тұрмыстық роман – негізінен үй тұрмысы, сол заманның салты, әдеті көрсетіледі. Мұндай роман XIX ғасырда көп болды.

Педагогикалық роман – романда негізгі оқиға желісі педагогикалық тәрбие беру мақсатында жасалады.

Қара өлең

Қара өлең – қазақтың ежелгі өлең түрлерінің бірі. Түркітілдес қырғыз, өзбек, татар, қарақалпақ, башқұрт, түрікмен поэзияларында да кездеседі. Қара өлең 11 буын, 4 тармақ, а-а-б-а түрінде келеді. Мәселен,

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ, (а)
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ. (а)
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды, (б)
Ой желке, үңірейген болса сағақ. (а)

Қара өлең әнге салып айтуға ыңғайлы. Әннің ырғақ ерекшеліктеріне қарай өлең жолдарындағы бунақтар орнын ауыстырып отырады. Әр шумақта жеке ой жатады. Мұндай ой жеңіл әзіл-сықақтан бастап, өмірдің мәні мен сәнін, ел қамы мен халық тағдырын қамтиды. Өлеңнің алғашқы екі жолындағы ой соңғы жолдардағы негізгі ойға қызмет етеді.

Қара сөз

«Қара сөз» деген атау өлең сөзден бөлек шығарма мағынасын білдіреді. Өлең өнерін қазақ қара сөз демейді. Қара сөз «проза» деген мағынада айтылған. **Қара сөз** – еркін ой білдіру формасы.

Қара сөздердің кейбірінде очерктік, шежірелік, зерттеушілік сипат болса, енді бірінде өсиет-өнеге, философиялық немесе көсемсөздік ойтолғау сарыны бар, тағы бірі көпшілікпен, оқырманмен кеңесу, сұрақ-жауап түрінде әңгімелесу үлгісінде жазылған.

Абай қарасөздерінде өз тұсындағы қазақ қоғамындағы түрлі өзекті әлеуметтік, моральдық т.б. мәселелерді: халықты өнер-білімге, ынтымақ-бірлікке үндеу, еңбек пен кәсіп, ұрпақ тәрбиесі, адамгершілік жайы, ұлт бойындағы ұнамсыз, кеселді қылық, мінез, дағдыларды сынау мәселелерін көтереді.

Лирика

Лирика – (гр. *lyra* – ежелгі гректер үніне қосылып ән салған музыка аспабы) – әдебиеттің Аристотель заманынан бері келе жатқан дәстүрлі үш тегінің бірі, шындықты адамның ішкі көңіл күйіне бөлеп, ойы мен сезіміне астастыра суреттейтін терең психологиялық шығармалардың түрі. «Лирика» – грекше музыкалық аспаптың атауы. Лирикаға қосып айтатын өлеңді «лирика» деп атаған.

Лирика – ақынның сезімін, көңіл күйін, қуанышы мен сүйінішін, арманын, өмірге деген көзқарасын, ішкі толғанысын, дүниетанымын сыр ғып шертетін өлең, әдебиет тегінің бір түрі. Лирикалық шығарма өлеңмен жазылады, онда автордың немесе кейіпкердің дүниеге көзқарасы оның сезімін, нақты ойын, көңіл күйін суреттеу, әсерлеп бейнелеу арқылы көрсетіледі.

Лирикалық шығармалар тақырыбына, мазмұнына қарай: *саяси-азаматтық лирика* (тақырыбы да, мазмұны да әлеуметтік мәні зор ірі мәселелерді сөз етеді); *махаббат лирикасы* (сүйіспеншілік, махаббат туралы, кейде қуанышты, кейде қайғылы болуы мүмкін); *философиялық лирика* (ақын лирикалық өлеңін философиялық терең мазмұнға құрады); *табиғат лирикасы* (әр алуан табиғат құбылыстарын жырлауға арналған) болып бөлінеді. Лирикалық өлеңдердің мазмұны да, түрі де, оларда байқалатын көңіл күйлері де ақынның өмірге көзқарасына байланысты.

Лириканың түрлері

Табиғат лирикасы – ақынның ішкі жан дүниесінің әртүрлі табиғат құбылыстарын сезінуі, бейнелеп суреттеуі арқылы танылатын, адамның табиғатпен етене жақындығын көрсететін өлең-жырлар.

Философиялық лирика – қоғамдық болмыстың өзекті мәселелерінің ақын жазушылардың шығармаларында көрініс табуы. Философиялық лирикаға жататын өлеңдерге философиялық толғаныстар, азаматтық-ағартушылық әуендер, адам және оның жан дүниесі, көзқарасы туралы сипат тән.

Азаматтық лирика – лириканың заман жайын, әлеуметтік мәселелерді қозғайтын үлкен бір саласы. Өмір жөнінде, халықтың тағдыры туралы ой толғамдар ақынның өз көңіл күйімен терең ұштасып, өзінің өмірге қатынасын суреттеу арқылы көрінеді.

Көңіл күй лирикасы – лирикалық өлеңнің жан толғатып, көңіл тербететін, сезім оятқыш түрі. Ақындардың көңіл күй лирикасы автордың өз тағдырын, қуаныш қайғысын қоғамдық өмір, заман, дәуір туралы ой толғаныстарымен терең қабыстырып ұштастыра білуімен құнды.

Лирикалық кейіпкер

Лирикалық кейіпкер – поэзиялық шығармалардағы адам бейнесі. Лирикалық туындылардың бас қаһарманы – ақынның өзі. Сондықтан ақынның өзі лирикалық кейіпкер болады. Лирикалық кейіпкердің ой-сезімі, тағдыры өз заманында суреттелсе, соғұрлым ол типтік қасиеттері мол, сомдап жасалған ірі тұлғаға айналып, дәуірдің көрнекті өкілі болып шығады. Ақын өлеңді өз атынан айтқанда лирикалық кейіпкердің бейнесі жасалады. Себебі ол ақынның өз бейнесі – жинақталған лирикалық кейіпкердің бейнесі болып шығады. Ақын қоғам өмірі, заман, адам туралы толғанғанда, өзін «мен», «біз» дей отырып, сол ортаның адамы, белгілі бір ұрпақ буынының өкілі ретінде сезінеді.

Лирикалық поэзияның осы ерекшеліктері Абай өлеңдерінде толық көрінеді. Абай лирикасынан ақынның көңіл күйін, жан дүниесін, толғанысын сезініп қана қоймаймыз, сол арқылы қазақ қоғамына, жалпы адам баласына тән сипаттарды, дәуір, заман келбетін танытатын қасиет-белгілерді де молынан табамыз.

Мақала

Мақала – өмірдің әлеуметтік, экономикалық, өндірістік, ғылыми, сондай-ақ басқа да рухани өмір деректерін арқау ететін шығарма түрі. Мақаланың түрлері көп: баяндау, пайымдау, түсіндірме, қиял және т.б.

Метафора немесе ауыстыру

Метафора немесе **ауыстыру** – сөз мәнін өңдеп, өзгертіп айту. Суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау, сөйтіп мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту. **Метафораның жасалу жолдары:**

1. Бір нәрсені жалғаусыз, жұрнақсыз екінші нәрсеге балау, салыстыру, ұқсату арқылы жасалады. Мысалы:

*Гималай – көктің кіндігі,
Гималай – жердің түндігі.*

(І.Жансүгіров)

2. **-мын, -мін, -бын, -бін, -пын, -пін, -сын** тәрізді жіктік жалғаулары арқылы жүзеге асады. Мысалы: *Мен жаралы жолбарыспын (Абай).*
3. **еді, едім, едің, екен, ем** сияқты көмекші етістіктердің көмегімен туындайды. Мысалы: *Сен жаралы жолбарыс ең, мен киіктің лағы ем.*
4. **бейне, тең, секілді** сөздер арқылы жасалады. Мысалы: *Қайғың болар шермен тең, Қара көңілім жермен тең (Абай).*

Мотив

Мотив – қазақ әдебиетінде «сарын» деген сөзге жақын.

Мотив әдеби термин ретінде 20-жылдардан бері А.Веселовский, В.В.Пропп еңбектерінде зерттеле бастады. Бұл зерттеулер әр халық әдебиетінде бұрыннан келе жатқан, бір әдебиеттен екінші әдебиетке, дәуірден дәуірге көшіп жүрген сюжетті сарындарды түгендеп қарайды. Ұқсас сюжеттік сарындарды өз дәуірінен, нақтылы шығармалардағы көркемдік шешімнен, ұлттық әдеби үрдістен бөліп алып, жеке қарастыруға болмайды, себебі ұқсас сарындар көп жағдайда

өмірдің өзінен туады, оларды халық тұрмысындағы ұқсас жағдайлардың әдебиеттегі көрінісі деуге болады. Кейде олар сараланып, іріктеліп, қалыптасқан дәстүрлі сарындар болады. Немесе шығармалардың құрамындағы бір айшық жеке бөлігі сияқты болып келеді, мысалы, ауыз әдебиетіндегі сиқырлы айна, әкесі мен баласының жекпе-жегі, абжыланның ханшаны ұрлап әкетуі. Кейбір жанрларда тұрақты сарындар, мотивтер ұшырасады. Мысалы, эпопея мен авантюралық романдардағы саяхатқа шығу, кемеңнің күйреуі, көреген қарға, өліктің тірілуі және т.б. Мұндай сарындар кейде жеке-дара ашылып, бертін келе автордың өзіндік суреткерлік шеберлігімен, дүниетанымымен, көркемдік шығарма құрылымымен ұштастырылады.

Мінездеме

Жазушы өз шығармасындағы кейіпкерлердің мінез-құлқын айқындап, оқырманына даралап көрсету үшін әртүрлі шеберлік қырларын іздейді. Кейіпкердің бейнесін сомдауда және өзіндік бағалауын жеткізуде ақын, жазушы қолданатын өнімді тәсіл – кейіпкерге мінездеме беру. Кейіпкердің мінезінен сипаттаманы автор түсінігі арқылы танып, оның өсу жолдарын бағдарлаймыз. Көркем шығармада кейіпкерге баға беруді әр кейіпкерге сай даралау мен жинақтау, кейіпкердің мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, іс-әрекеті арқылы автор жан-жақты ашып, сипаттап көрсетеді. Сол арқылы көркем шығарманың идеясы ашылып, кейіпкердің мінез-құлқы, қарама-қайшылықтары арқылы жазушы тілінің шеберлігін аңғарамыз.

Мінездеу – кейіпкердің мінез бітімі, көркем образдың өзегі, негізгі арқауы. Кейіпкердің рухани әлемін, жан сырын, идеясын, күрес жолын, мақсатын, іс-әрекетін нанымды бейнелеу арқылы ашады. Әдебиетте тура және жанама мінездеу деген түсінік бар.

Тура мінездеу – бұл автор мінездемесі. Адамды бір сөзбен де мінездеуге болады. Мысалы, сараң болса – Қарабай, аңқау болса – Мырқымбай, өтірікші болса – Судырахмет.

Кейіпкерге қатысты құбылыстар мен заттарды суреттеу арқылы қаһарман бейнесін ашып көрсетуді **жанама мінездеу** дейді.

Өлеңдегі буын, бунақ және ырғақ

Өлең дегеніміз – белгілі бір өлшеммен, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін поэзиялық жанр түрі.

Өлеңнің құрылымдық жүйесі болады. Өлең **тармақтардан**, яғни өлең жолдарынан, тармақ **бунақтардан** тұрады. Бунақтар өлеңнің **ыргағын** құрайды. Ал тармақтардың соңғы сөздері үндесіп келіп, өлең ұйқасына әсер етеді. Бұлардың барлығы жеке жүйе құрап, **өлеңнің шумағы** деп аталады. Мысалы, Абайдың:

Құлақтан кіріп, бойды алар,
Жақсы өн мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Өнді сүйсең, менше сүй.
Дүние ойдан шығады,
Өзімді-өзім ұмытып.

Көңілім өнді ұғады,
Жүрегім бойды жылытып, –

деген өлеңін алатын болсақ, бұл үзінді сегіз өлең жолынан, яғни **тармақтан** құралған. Алғашқы төрт жолдағы әр тармақ төрт бунақтан тұрғандығын көреміз. Келесі төрт жолдағы әр тармақ үш бунақтан тұрады. Өлеңнің бірінші, үшінші, екінші, төртінші тармақтарының соңғы сөздері бір-бірімен үндесіп, ұйқас құрап тұр. Барлығы өлеңнің **шумағын** құрайды. Ал бесінші, жетінші және алтыншы, сегізінші тармақтары да ұйқасып, өлеңнің келесі шумағын құрап тұр.

Өмір және көркем шындық

Әдебиет «өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы» болғандықтан, шығарма арқауы шындық болып табылады. Өмірдегі барлық нәрсе көркем шығармаға өзек, оқиға бола бермейді. Жазушы өмір шындығынан өзінің суреткерлік мақсатына қажетін ғана таңдап алып, шығармасына арқау етеді. Ол өмір құбылыстарын өзінің дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарасы, азаматтық ұстанымы тұрғысынан саралайды. Ал суреткердің дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарасын ол өмір сүріп отырған қоғамдық орта белгілейді. Көркем шығармада суреттелген шындық, алға тартқан келелі мәселе халық мақсаты мен мүддесіне сай шешілуі керек.

Пейзаж

Пейзаж (фр. «мекен», «өлке») – белгілі бір жердің, мекеннің, табиғаттың көрінісі. Пейзаж – әдеби шығармаларда жаратылыстың, яғни табиғаттың әсем көрінісі, көркемдік бейнесі. Тақырыпты толығырақ ашу үшін пейзаж кескіндеме жанрының басқа түрлерінде де (портрет, баталия жанры т.б.) қолданылады. Пейзажда суретшінің сезімі, көңіл күйі, түсінігі, табиғатқа деген эстетикалық, этикалық көзқарасы аңғарылады.

Портрет

Портрет – француздың «бейнелеу», «бейнеленген» деген сөзінен алынған, өмірдегі немесе өмірде болған бір адамды немесе адамдар тобын бейнелеу немесе суреттеп жазу. Портрет – әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой-тұлғасын суреттеу.

Портрет бейнелеу өнерінде кескіндеме, мүсін, графика, фото өнерінің басты жанрының бірі болып табылады. Нақты адамның түр-сипатын бейнелеу портреттің негізгі белгісіне саналады.

Көркем әдебиеттегі **портрет** адамның сыртқы тұрпатын сипаттаумен ғана шектелмей, оның рухани ішкі әлемін ашумен қатар, сол тарихи дәуірдің, ұлттың, әлеуметтік ортаның қайталанбас өкілі екендігін шынайылықпен бейнелейді.

Поэма

Поэма (гр. «туынды») – орта көлемді эпикалық түрге жататын, өмірде болған, не болуға тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды, алуан-алуан адамдар тағдыры мен заман шындығын көлемді, желілі эпикалық не лирикалық сипаттағы өлеңмен суреттейтін жанр.

Поэмалар сюжетті, сюжетсіз болып бөлінеді. Образдарын эпикалық, лирикалық, романтикалық, реалистік т.б. деп бөлуге болады.

Поэма белгілі бір оқиғаны жыр, толғау түрінде өлеңмен баяндайды. Поэмада оқиға желісі ширақ өрістеп, кейіпкерлердің образдары олардың іс-әрекеті, ішкі сезімі, жан дүниесі арқылы ашылады. Қазақ әдебиетіндегі поэманың алғашқы нұсқаларына батырлар жыры жатады.

Прототип

Прототип (гр. түп, төркін, негізгі бейне) – әдеби шығарма кейіпкерінің бейнесін жасауға тірек, негіз болатын өмірде бар адам, яғни түпкі тұлға. Мысалы, Ж.Аймауытұлының «Әнші» әңгімесіндегі Әмірқанның прототипі – әнші Әміре Қашаубаев.

Көркем шығармада тарихта болған адам есімі сол күйінде емес, өзгертіле алынады, сол сияқты ел, жер аты да басқа атаулармен алмастырылады.

Роман

Роман – күрделі және дамыған сюжетті, көбінесе, қара сөзбен кейде өлеңмен жазылған көлемді эпикалық әдеби шығарма.

Роман-дилогия (гр. *di* – екі және *logos* – сөз) – бір-бірімен жалғастырылып, бір идеялық ой-тұжырымдар негізінде жазылған, басты кейіпкерлері ортақ, бірақ композициялық тұрғыдан дербес екі шығармадан құралған көркем туынды.

Роман-трилогия (гр. *tri* – үш, *logos* – сөз) – мазмұн-мағынасы, сюжеті жағынан бір-бірімен тығыз байланыста, негізгі кейіпкерлері ортақ келетін, өзара жалғасқан, тұтас үш бөлімді туынды.

Дилогияны да, трилогияны да құрайтын әр шығармада баяндалатын оқиғатиянақталып, көбінесе, негізгі кейіпкердің өміріндегі белгілі бір кезеңді қамтиды. Сондықтан бұл шығармалардың әрқайсысы өзінше аталып, жеке кітап болып та басыла береді. Әр бөлімнің жеке аттары болғанымен, оның сюжеттік желісінде, композициялық құрылымында тұтастық болады. Алғашқы бөлімдегі кейіпкерлер кейінгілерінде де әрекет жасап, авторлық идеяны ашуға қызмет етеді.

Роман-эпопея – бір немесе бірнеше тарихи дәуірдің типтік оқиғаларын кең көлемде суреттейтін, бірнеше ұрпақ өкілдерінің іс-әрекеттерін көркемдік тұтастықта баяндайтын поэзиялық не прозалық кесек туынды. Мәселен, М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы қазақ әдебиетінің биік идеялық-көркемдік жетістігі саналады.

Роман-хамса (хамса – бес, бестік) – Шығыс әдебиетінде, соның ішінде түркі тілдес халық әдебиетінде ертеден орныққан дәстүр бойынша бір-бірімен жалғас, сабақтас жазылатын бес туынды. Мәселен, Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романы роман-хамсаға жатады.

Риторикалық айшықтау

Айшықтау – «сөз тіркестерін дағдылы синтаксистік қалыптан гөрі өзгешелеу ораммен, айрықша айшықпен құру. Мұндағы мақсат біреу – сөздерге ерекше леп, екпін, тыныс беру, сөйтіп, олардың оқырманға әсерін күшейту». Сөз айшықтары – сөйлеудің әсемдігін, мәнерлілігін, экспрессивтік мәнін

күшейтетін синтаксистік құрылымдардың формалары, ұзақ уақыт бойы қалыптасқан, жиі қолданылатын амал-тәсілдер. Оларға: шендестіру, қайталау, параллелизм, риторикалық сұрақ-жауап, дауыс ырғағы т.б. жатады. Сөз айшықтары адамның сөйлеу шеберлігін, зерделілігін, тіл байлығын көрсетеді.

Айшықтаудың бір түрі – **риторикалық айшықтар**. Мұнда қойылған сұрақтардан автор жауап күтпейді, өйткені олар ешқандай жауапсыз-ақ түсінікті, өзінен-өзі айқын болады. Мысалы, «Қыз Жібек» жырындағы Жібектің зарын риторикалық айшықтау түріне жатқызуға болады:

Әуелі бас қосқаным – Жағалбайлы,
Жылқысын көптігінен баға алмайды.
Өлгені Төлегеннің рас болса,
Құдайым Қыз Жібекті неге алмайды?!

Стиль

Стиль (*gr. stylos* – стиль) деген терминнің мағынасы әртүрлі: көне римдіктер сырлы тақтаға сөз жазатын бір ұшы қалақша, бір ұшы сүйір таяқшаны стиль деген болса, кейін әркімнің қолтаңбасы, жазу өрнегі, бертін келе сөз мәнері, сөйлеу машығы, әр суреткерге тән өнер ерекшелігі стиль атанған.

Суреткер қиялы

Талантты адамдар әрқашан халықтың құрметіне, сүйіспеншілігіне бөленген. Дарынды суреткер болу үшін адамға тума қабілет, табиғи дарын керек. Шығармасы тартымды, қызықты болуы үшін қаламгер кейбір кейіпкерлерді, оқиғаларды ойдан қосады. Оны біз шығармашылық фантазия деп атаймыз. Академик З.Қабдолов «Ойдан шығару жоқ болған жерде, жалпы әдеби шығарма болуы мүмкін емес» дейді. Қиял барлық шығармашылық өнерге тән сипат.

Сөздің көп мағыналылығы

Көп мағыналылық – сөздің екі немесе одан да көп мағынаға ие болуы. Тілдің байлығы мен даму дәрежесі сөздік құрамдағы сөздердің саны көп болуымен ғана өлшеніп қоймайды, сонымен бірге ондағы сөздердің көп мағыналы байлығымен де ерекшеленеді. Сөздердің сапа жағынан дамығандығын көрсететін бірден-бір белгі – оның көп мағыналылығы. Бұл – сөздік қордағы сөздерге тән қасиет. Сөздік қордағы сөздер ең алғашқы пайда болған кезде аз мағыналы болғандығы байқалады. Кейін олар бұрынғы мағынасының үстіне жаңадан тағы бір немесе бірнеше қосымша туынды мағыналарға ие болған. Адам санасындағы белгілі бір зат туралы түсінік басқа бір затпен де ұқсастырылып, байланысып тұрады. Соның нәтижесінде екі заттың екі сапасында, яки атқаратын қызметінде жалпы ұқсастық пайда болады. Сол ұқсастықтың негізінде адамдар ұқсас келген екі, не бірнеше затты бір атаумен айтатын болған. Мысалы: «судың асты» мағынасындағы «түп» сөзінің қазіргі қазақ тілінде мынадай мағыналары бар: 1. Бір заттың төменгі, ішкі қабаты (ыдыстың түбі). 2. Өсімдіктің жер астындағы бөлігі (томардың түбін қопардық). 3. Өсіп тұрған немесе қазып алынған өсімдік (бес түп отырғыздық). 4. Түкпірдегі, шеткі (түпкі бөлмеде отыр). 5. Адамның шыққан тегі, арғы заты («Мен сол керей ішіне сіңген аз атаның баласы едім, түбім қызай».

М.Әуезов). 6. Бір нәрсенің жаны, қасы (Мәскеу түбінде фашистер талқан болды). Сөздердің семантикалық құрылысы неғұрлым күрделі әрі бай болса, соғұрлым олардың тілдегі атқаратын қызметі де күшейе бермек. Әсіресе көп мағыналы сөздер сөздік құрамындағы синонимдердің көбеюіне үлкен ықпал етеді.

Силлабикалық өлең жүйесі

Силлабикалық (гр. *sillabe* – буын) өлең жүйесінде буын шешуші рөл атқарады. Ырғақ пен шумақ, тармақ пен бунақ бәрі де буынға негізделеді. Силлабикалық өлең жүйесі буын санының мөлшерін тұрақты санайды. Бұл өлең жүйесі чех, француз, итальян және барлық түркітілдес халықтардың поэзиясында кездеседі. Бұл өлең құрылысының басты сипаттарын қазақ өлеңдерінің құрылымынан табуға болады. Өлең құрылысының ұлттық сипат белгілері халықтың ұлттық тілімен тамырласып жатады. Қазақ өлеңі, алдымен буынға негізделіп, ырғақ пен тармақ та, ұйқас пен шумақ та буынға бағынады.

Сюжет және композиция

Көркем шығарма біртұтас жүйені құрайды. Жүйелілік пен тұтастық белгілі бір заңдылықтарға бағынады. Ол – сюжет. Сюжет (*фр.* – «зат») – өзара жалғасқан оқиғалар тізбегі, біртұтас желісі. Оқиға дегеніміз – адамдардың басынан кешкен жағдайы, бірнеше адамның қарым-қатынасының көрінісі. Сюжеттің негізі – өмірлік тартыс, кейіпкерлердің қарым-қатынасындағы қақтығыс. Сюжет пен кейіпкерлер іс-әрекетінде тығыз байланыс, сабақтастық бар. **Сюжет** – көркем шығарманың мазмұнын ашып, мазмұнды пішінге көшірудің негізгі түрі, жолы, тәсілі. **Көркем шығармадағы оқиғалардың рет-ретімен баяндалып, бір-бірімен байланысып, біртұтас желі құруын сюжет дейміз.** Сюжет болмаса, шығарма да болмайды. Кез келген шығарманы алатын болсақ, онда суреттелетін оқиғаның **басталуы, дамуы, аяқталуы** бар. Оқиғаға қатысты адамдар да үйлесімді әрекеттерге түседі.

Сюжеттің басталуы оның кіріспесі тәрізді: мұнда әдеби қаһармандар өзара қарым-қатынасқа көшпес бұрын хал-жағдай, тіршілік, қоғамдық орта, болашақ оқиғалар орны суреттеледі. Бұл – **экспозиция** деп аталады.

Сюжеттік байланыс – адамдар арасындағы әрекеттің басы, шығарма арқауындағы негізгі оқиғаның туындау себебі. Сюжеттік дамудың ең жоғары сатысы – **шығарманың шарықтау шегі**. Мұнда адамдар арасындағы қимыл-әрекет күшейіп, барлық оқиғалар мен құбылыстар шоғырланады. Шығарма сюжетінің шешуші кезеңі – **шешім**. Бұл – суреткердің өзі суреттеп отырған өмір шындығына шығарған «үкімі», түрлі тартыстан туған нақты нәтиже.

Көркем шығармадағы оқиғаның басталуы, олардың байланысы, шарықтау шегі, шешімі **шығарманың құрылысы** немесе **композициясы** болып табылады.

Композиция – (құрастыру) сюжеттік дамудың кезең-кезеңдерін бір жүйеге келтіріп, реттеп, қиыстырып тұратын нәрсе. Композиция сюжетпен тығыз байланыста болғанымен, одан бірқатар айырмашылықтары бар. Сюжет барлық шығармаларда бола бермейді, ал композиция барлығында кездеседі. Композиция сюжеттің даму кезеңдерін жүйеге түсіріп қана қоймайды, сюжеттен тыс нәрселерді де өзара қиюластырып, белгілі бір арнаға түсіреді. Солардың бірі – **пролог** (алғы сөз) – көркем шығармадағы кіріспенің бір түрі. **Эпилог** (соңғы сөз) – көркем шығарманы қорытудың бір түрі.

Әр суреткер өз шығармасының сюжетін өз қалауынша құрайтыны сияқты, композиция әр авторда әртүрлі болуы мүмкін. Композиция көбінесе, классикалық үлгіде экспозициядан басталса, енді бірде шығарманың шарықтау шегінен, прологтен, авторлық шегіністерден басталады. **Композиция** – құрамдас бөліктері бірлікке ұштастырылған, бір-біріне және жалпы мүддеге бағындырылған мақсатты көркем құрылым.

Тарихи роман

Тарихи роман – белгілі бір тарихи оқиғаға байланысты туған шығарма. Тарихи шығармаларда оқиғаның дәлдігі сақтала бермейді, әр кезеңнің тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-саяси бет-бедері көркемдік тұрғыдан қорытылып бейнеленеді. Бұл жанрда жалпыхалықтық мемлекеттік мүдделер басты сипат алады. Тарихи роман негізін тарихта болған оқиға желісі құрайды. Тарихи роман кейіпкерлері де өмірде болған адамдар.

Теңеу

Көркем шығармаларда ақын-жазушылар оқиғаның, көріністің дәл сипатын беру үшін әртүрлі сөз өрнектерін қолданған. Солардың қатарына **теңеу** мен **эпитет** жатады.

Теңеу дегеніміз – көркемдеп суреттеуде затты, құбылысты екінші бір затпен, құбылыспен салыстырып бейнелеу. Мұнда суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді.

Теңеу салыстырмалық мәнге ие болып, теңеудің көпшілігі зат есімге, есімше етістікке жалғанған *-тай (-тей), -дай (-дей), -ша (-ше) және -дайын (-дейін)* жұрнақтары арқылы жасалады.

Мысалы, төрт түлікке арналған өлеңдерде Шопан ата: *«Ай мүйізді шоқпақтай, Шүйделері тоқпақтай»* болса, Ойсыл қара: *«Көзі жарық жүлдыздай, Мойыны піл қозыдай, Құйрығы бар қамшыдай, Шудасы бар жамшыдай»*, – деп суреттеледі.

Терме

Терме – лирикалық өлеңдердің үлгі-өнеге, ақыл-кеңес, өнеге-насихат ретінде келіп, белгілі бір ырғақпен орындалатын түрі.

Типтік бейне

Көркем шығармада адамның өмірі, басқа адамдармен өзара қарым-қатынасы, наным-сенімдері, ойы мен сезімдері, мінез-құлықтары жинақтала суреттеледі. Жазушы өз шығармасында бір адамның ғана сипатын көрсетіп қоймай, сол адамның өмір сүрген ортасына, оны қоршаған адамдарға тән сипаттармен толықтырып, жинақтайды. Көркем әдебиеттегі жинақталған адам образы – **типтік бейне** деп аталады. Көркем туындыдағы типтік образ қаламгер суреттеп отырған қоғам мен дәуір туралы да түсінік береді. Мысалы, М.Мағауиннің «Бір атаның балалары» деген шығармасындағы Ахмет шалды типтік образға жатқыза аламыз. Ол соғыс кезінде жетім қалған балаларға қамқор болған адамдардың жиынтық бейнесін береді және соғыс кезіндегі қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігіне тән ерекшеліктерді де көрсетеді.

Ұйқас. Абай енгізген ұйқастар

Ұйқас – тармақтың соңғы сөздеріндегі үндестік. Қазақ өлеңдеріндегі ұйқас түрлері: *қара өлең ұйқасы, ерікті ұйқас, шұбыртпалы ұйқас, кезектес ұйқас, шалыс ұйқас, аралас ұйқас, егіз ұйқас, осы күнгі ерікті ұйқас.*

Қара өлең ұйқасы – бұрыннан келе жатқан ұйқастың бір түрі. Қазақ халқының фольклорындағы тақпақ, бір ауыз өлеңдерінің көбі осы ұйқаспен құрылған. Бұл ұйқасты күні бүгінге дейін көп жайылған ұйқас деп айтуға болады. Қара өлең ұйқасының ерекшелігі 1, 2, 4-жолдары ұйқасады да, 3-жолы ылғи ұйқассыз, бос қалып отырады. Мысалы:

Оқыған білер әр сөзді,
Надандай болмас ақ көзді.
Надан жөндіге жөн келмес,
Білер қайдағы шәргезді.

(Абай)

Шұбыртпалы ұйқаста өлеңнің барлық жолдары да ұйқасып отырады. Ұйқаспайтын жол не бір, не екі, онда да, ой бітер жердегі аяққы жолы ғана ұйқастан тыс қалады. Бір шумақтағы жолдардың бәрі бір ұйқаспен келеді.

Ой толқынына қарап, керекті жерінде ұйқастыра салушылықты **ерікті ұйқас** дейді. Кейбір өлеңдерде шумақтың бір жолы ұйқаспай, екінші жолы ұйқасып келсе, ондай ұйқасты **кезекті ұйқас** дейміз.

Сәулең болса кеудеңде,
Мына сөзге көңіл бөл!
Егер сәулең болмаса,
Мейлің тіріл, мейлің өл!
Танымассың, көрмессің,
Қаптаған соң көзді шел.
Имамсыздық намазда
Қызылбастың салған жол т.б.

(Абай)

Кезекті ұйқас өлеңнің шумағына қарай осы ретпен келе береді. Егер өлеңнің бір шумағы 4 жолдан тұрса, онда 1, 3-жолдары бос қалады, ұйқасатын 2, 4-жолдары болады. Ал шумақ бірнеше жолдан тұрса, үнемі тақ жолдары ұйқассыз қалып, жұп жолдары ұйқасып отырады.

Шалыс ұйқас түрінде 1-жол мен 3-жол, 2-жол мен 4-жол ұйқасады. Өлеңнің шумағы төрт жолдан аспайды. Мысалы:

Шаң шығармас жол дағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен дағы,
Сабыр қылсаң азырақ.

(Абай)

Абайдың көп өлеңдерінде ұйқастың жаңа түрін, жоғарыда келтірген өлең ұйқастарынан өзгеше түрлерін кездестіреміз. Мысалы:

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған;
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған –
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең, өзің біл.

Бұл – Абайдың «Сегізаяқ» атты өлеңі. Бір шумағы 8 жолдан құралады. 1, 2-жол: «сермеп-тербеп» болып ұйқасады да, 3-жолдан ой аяқталмай: «шымырлап бойға жайылған» болып, ашық қала тұрады. 4, 5-жол «шауып-тауып» болып, бір ұйқасады. Ой бітпей, уақытша ашық қалған 3-жол 6-жолмен ұйқасады. 7-жол 8-жолмен ұйқасады да, ой бітеді. Келтірген үзіндінің айтылып өткен шалыс ұйқастан өзгешелігі: 1, 3-жолмен, 2, 4-жолмен ұйқаспайды, ұйқастары үздіксіз жұп-жұп болып келеді. Және шумағы не сегіз, не алты жолдан құрылады. 6 жолдан тұратын шумақ төмендегі тәрізділер:

Бойы бұлғаң,
Сөзі жылмаң,
Кімді көрсем, мен сонан –
Бетті бастым,
Қатты састым,
Тұра қаштым жалма-жан.

(Абай)

Ұйқастың бұл түрін *егіз ұйқас* дейміз.

Бір шумақтың бірнеше тармағы шалыс ұйқастан, бірнеше тармағы шұбыртпалы ұйқастан, не егіз ұйқас, не басқа ұйқастардан құралады. Сөйтіп, бір шумақтың өзінің ішінде басқа ұйқастың тармақтары қосылып кеп, жаңаша бір ұйқас туғызады. Осындай ұйқастарды *аралас келетін ұйқас* деп атайды. Мысалы:

Ата-анаға көз қуаныш –
Алдына алған еркесі.
Көкірегіне көп жұбаныш,
Гүлденіп ой өлкесі.
Еркелік кетті,
Ержетті,
Не бітті?

(Абай)

Өлеңге жалпы түр кіргізуші Абай ұйқас жағынан да көп өзгешелік енгізді. Абайдан түрлі ұйқастар табылады. Абай қазақ өлеңдерінің буын, бунақтарын

түрлі жолдармен, әртүрлі етіп иіп келтірсе де, бір өлшемге бағынып отыратыны сияқты, ұйқастары да белгілі бір тәртіптен тыс шықпайды. Көбі әнге бағынады. Әнге бағынбайтын өлеңі сирек. Сондықтан буын, бунақ ұйқастары да сонымен тығыз байланысты.

Шағын көлемді эпикалық жанрлар

Шағын көлемді эпикалық жанрларға жататын әдеби туындыларда, негізінен, өмір шындығы бір немесе бірнеше ықшамды эпизодты қамтиды. Оқиға жинақы, шағын суреттеледі. Адам мінезі шағын көлемді шығармаларда көбіне қалыптасқан, дайын қалпында көрінеді. Шығарманың сюжеттік арқауы ұзақ желілі емес, қысқа қайырылған суреттер түрінде беріледі; композициясы да жинақы, ширақ келеді. Шағын көлемді эпикалық шығармаларға миф, әңгіме, аңыз, ертегі, мысал, новелла, әңгіме, очерк, фельетон, памфлет, эссе жатады.

Шендестіру, баяндау, суреттеу

Шендестіру немесе *антитеза* – бір-біріне кереғар құбылыстарды, мән-мағынасы әр тарап ұғымдарды, түр-түсі әр бөлек нәрселерді өзара бетпе-бет қою арқылы бұлардан мүлде басқа бір құбылыстың, ұғымның, нәрсенің суретін, сыр-сипатын, кескін-кейпін анықтау, аңғару, елестету. Мысалы, «Ер Тарғын» жырындағы Ақжүністің Қартқожаққа:

Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де, етім көр.
Қар үстіне қан тамар,
Қанды көр де, бетім көр, –

деген жауабы шендестіруге мысал болады.

Әдеби тілдегі құбылтудың бір түрі – *үлғайту немесе гипербола*. Ұлғайту ауыз әдебиетінде, әсіресе батырлар жырында көп кездеседі.

«Қобыланды батыр» жырындағы Тайбурылдың шабысы:

Жоғарғы ерні көк тіреп,
Төменгі ерні жер тіреп...
Жауатын күндей күркіреп,
Жаңбырдай тері сіркіреп,
Құбылып ойнап жер басты,
Жалғаса ұшқан қоңыр қаз
Тозаңынан адасты,
Аттың жолы қазылды,
Ұмтылғанда қысылып,
Бес жүз құлаш жазылды, – деп суреттеледі.

Әдебиетте *баяндау да, суреттеу* де бар. Баяндау шындықты хабарлап, ауызекі айтып қана тынса, суреттеу құбылысты көзге елестетеді, сөзден өрнек төгеді.

Айдап салдым жылқымды тепсең жерге,
Сендей адам табылмас ексем жерге.

Екінді мен ақшамның арасында
Асыққаннан тимейді өкшем жерге.

(«Жеңеше»)

Екінді мен ақшамның арасы бұл өлеңде жай хабар ғана, ауызекі айтылып, баяндалып отыр, көзге елестейтін көрініс емес. Ал суреттеуде:

Ақ сәулесі көк шатырын өрнектеп,
Күн еңкейді. Алтын арай сәнді ептеп.
Сай-салада бұғып жатқан көлеңке
Дөң басына бара жатыр еңбектеп.

(Қ.Жұмалиев)

Мұнда екінді мен ақшамның арасындағы табиғат құр баяндалмай, сөз өрнегін төге кестелеп, құбылта, құлпырта суреттеп отыр.

(З.Қабдолов)

Шығарма тақырыбы мен идеясы

Шығарманың тақырыбын оның идеясынан бөліп қарауға болмайды. Жазушының шындық болмыстан таңдап, толғап алып, өзінің көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбылыстарының түйіні – **тақырып**.

Жазушы шығармашылық үрдістің алғашқы кезеңінде өмірдің әр алуан құбылыстарын зерттейді, тексереді. Әрине, бұл құбылыстардың ішінде ірісі де, ұсағы да, маңыздысы да, маңызсызы да, күрделісі де, кездейсоғы да – бәрі де бар. Осының бәрі – болашақ шығарманың материалы. Бірақ жазушыны өмірде болатын кез келген құбылыс жаппай қызықтыра бермейді. Ол өз мақсатына керек құбылысқа ғана қызығады. Болашақ көркем шығармаға негіз болатыны – суреткер қызыққан құбылыс. Мысалы, М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінің тақырыбын таңдап алуының бір себебін жазушының жұбайы Валентина Әуезова былай деп еске алады: «Бірде мен қабырға күнтізбесін (1929 жылдың) сатып алдым. Сол күнтізбе Мұхтардың жазу үстелінің тұсында ілулі тұратын еді. Сонда белгілі суретшінің салған суреті бар болатын – қысқы түн, қар жамылған меңіреу дала, сонау алыста көз ұшында қар басқан кішкентай деревняның оттары көрінеді. Ең алдыңғы қатарда түнде жортқан қасқыр тұр. Міне, сол сурет Мұхтар Әуезовтің сонау жас бала кезінде кәнігі аңшылардан естіген әңгімелерін есіне түсірген болу керек, осылайша күн сайын көз алдынан осы суреттегі көрініс кетпеген Мұхтар өзінің «Көксерек» әңгімесін жазған болатын». Бұл – жазушының таңдаған тақырыбы.

Қандай шығарма болсын, белгілі пікірді – **идеяны** үндейді. Идеясыз көркем шығарма болмайды. Тақырып, оқиға және оның құрылысы, шығармаға қатысушылардың араларындағы тартыс, оларды суреттеу әдістері жазушының сол шығармадағы айтайын деген идеясына бағынады. Тақырып жазушы суреттеп отырған өмір құбылысы болса, идея – жазушының сол өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, сол өмір құбылысына берген бағасы.

Фольклор, миф туралы түсінік

Фольклор – халық шығармашылығының жемісі, оған мақал-мәтел, қисса-дастан, жұмбақ, жаңылтпаш, аңыз бен миф т.б. жатады. Кез келген халықтың әдебиеті халық ауыз әдебиетінен бастау алады. Фольклорлық шығармалар ауызша шығарылып, ауызша тарайды. 1846 жылы дат ғалымы Вильям Томсен ауыз әдебиетінің ғылыми атауына «фольклор» терминін ұсынды. Содан бері ауыз әдебиетін зерттейтін ғылым «фольклортану» деп аталады.

Миф – көне аңыз, әңгіме. Миф табиғат құбылыстарын, адам не қоғам өмірінің сан алуан сырын қиял-ғажайып оқиғаға айналдыра бейнелейді. Мифтік шығармалардың негізінде алғашқы қауым адамдарының дүниені, жаратылысты қабылдау ерекшеліктері жатыр. Миф халықтардың бәрінде бар, бірақ ең алғаш Грекия мен Римде пайда болған. Түркі халықтарында Көк бөрі, Ұмай ана, Келіншектау, Қорқыт ата, Қожанасыр, Алдар көсе т.б. туралы мифтер бар.

Эпизод

Эпизод (гр. «кірістіру») – әдеби шығарма сюжетіндегі өз мәні бар жеке оқиға немесе шығарманың бас-аяғы тиянақты бір бөлшегі.

Эпитет

Эпитет – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын айқындайтын, анықтайтын суретті сөз. Эпитет болатын сөз көбіне сын есім, кейде зат есімдер мен есімше, көсемше етістіктер арқылы затты анықтайтын сөздер. Тұрақты эпитеттермен қатар, қазақ поэзиясында күрделі эпитеттер де қолданылады.

Өздеріңе таныс Абайдың «Күз» деген өлеңінде ақын мезгілді:

*Сұр бұлт, түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып дымқыл тұман жерді басқан, –* деп сипаттайды.

Ал жазушы Қ.Ысқақ күзді: «*Қоңыр күз болатын. Ақ жауын себелеп тұр. Жол лайсаң. Алтай өңірінің ең бір жудең шағы, көңілсіз шағы*», – деп суреттейді.

Эпос

Эпос (гр. баяндау, әңгімелеу) – көркем әдебиеттің байырғы, негізгі тектерінің бірі, дәлірек айтқанда өмір шындығын мейлінше мол қамтып, кең суреттейтін, адам мінезін мүмкіндігінше терең ашып, жан-жақты танытатын іргелі, күрделі жанр.

Эссе

Эссе – тұрақтанған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, көне соқпақтардан бөлек, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын философияның, эстетиканың, әдеби сынның, көсемсөздің, көркем әдебиеттің жанры.

Эссеге батыл болжамдар, өткір ұсыныстар, талас тудыратын пікірлер, ойлар, қозғау саларлық байламдар тән. Эссенің басқа әдеби жанрлардан

ерекшелігі – оның ерекше пікірлерге көбірек мән беріп, оқырманды ойландырып, толғанысқа сүйрейтін, тың, тосын, өзінше ойлау-сезіну қажеттілігін туғызатындығында.

Эссе (*фр. essai* – «тәжірибе», *лат. exagium* – «құрау») – философиялық, әдеби, тарихи, публицистикалық, әлеуметтанулық, саяси және тағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық мәтін. Жанр ретінде енгізген XVI ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген француз философы 1580 жылы Мишель Монтень болатын, ал «эссе» сөзін бірінші рет қолданып, осы жанрда 1597 жылы Фрэнсис Бэкон кітаптарын жазып шығарды. Орыс әдебиетінде эссе үлгісін қалыптастырған – Ф.Достоевский.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. (Ибраһим Құнанбайұлының ғұмырнамасы). Оқу құралы. (Құр., алғы сөзін жазған М.Мырзахметұлы). – Алматы: Санат, 1997. – 416 б.
2. Мырзахметұлы М., Шойынбет Ж., Әліпхан М. Абай мұрасының өзекті мәселелері. Оқу құралы. – Алматы, 2010. – 140 б.
3. Абайтану. (Қазақ және орыс тілдерінде библиографиялық көрсеткіш). Құрастырған: М.Мырзахметұлы. – Алматы: Мектеп, 1988.
4. Зайкенова З. Абайтану. Жалпы білім беретін мектептің 9-сынып оқушыларына арналған оқулық. – Астана: Арман-ПВ. 2016.
5. Сәрсек М. Қаныш Сәтбаев: Роман-эссе. / М.Сәрсек. – Астана: Фолиант, 2008.
6. Кемелбаева А. Мұнара: роман / А.Кемелбаева. – Алматы, 2003.
7. Кемелбаева А. Сөз хикмет: эсселер, мақалалар, сұхбаттар / А.Кемелбаева. – Алматы: Дәстүр, 2016.
8. Сұлтанбеков Т. Шахмат ойнай білесің бе? / Т.Сұлтанбеков. – Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1959.
9. Сұлтанбеков Т. Лұхман Хакім: ғылыми-фантастикалық әңгімелер / Т. Сұлтанбеков. – Алматы: Жазушы, 1966.
10. Асқар О. Тұңғыш. Өлеңдер. – Алматы: ҚМКӘБ. 1964.
11. Асқар О. Мейірім. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1975.
12. Қазақстан Республикасында кімнің кім екені. Екі томдық анықтамалық. – Алматы, 2011.
13. Бөдеш Ж. Көкше құрақ. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жалын, 1979.
14. Бөдеш Ж. Қос қанат. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1982.
15. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: 2002.
16. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы: 2009.
17. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. – Қарағанды: 2001.

Электрондық қорлар

abai.kz/post/6

www.abay.nabrk.kz/index.php?page=content&id

adebiportal.kz/kz/authors/view/

<http://imena.pushkinlibrary.kz/kz/pisateli-i-poetykz/791-.html>

<https://kitap.kz/>

kazneb.kz/wps/portal/kazneb/brSearch

www.minber.kz/tag/жәркен-бөдеш/

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	4
I ТАРАУ. ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ	5
Абай Құнанбайұлы	6
«Сегізаяқ» өлеңі	11
«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңі	16
«Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңі	20
Абайдың қарасөздері. Он жетінші сөз	24
Отыз екінші сөз	27
«Масғұт» поэмасы	31
«Қалың елім, қазағым» бөлімі бойынша жиынтық бағалауға дайындық тапсырмалары	37
II ТАРАУ. ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШЫ	41
Медеу Сәрсекі	42
«Қаныш Сәтбаев» роман-эссесі	44
«Қазақтың Қанышы» бөлімі бойынша жиынтық бағалауға дайындық тапсырмалары	51
III ТАРАУ. ПАРАСАТ ПАЙЫМЫ	55
Айгүл Кемелбаева	56
«Шапты» әңгімесі	59
Талап Сұлтанбеков	63
«Көшпелі алтын» ғылыми-фантастикалық әңгімесі	66
Оразақын Асқар	72
«Шетте жүрген бауырластарға» өлеңі	75
«Парасат пайымы» бөлімі бойынша жиынтық бағалауға дайындық тапсырмалары	79
IV ТАРАУ. ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ	83
Шерхан Мұртаза	84
«Бесеудің хаты» драмасы	87
Жәркен Бөдешұлы	95
«Жалғыз» поэмасы	98
«Тарих тағылымы» бөлімі бойынша жиынтық бағалауға дайындық тапсырмалары	103
Әдебиет теориясы	107
Пайдаланылған әдебиеттер	125

Оқулық басылым

Руда Зайкенова
Лаура Нұрланқызы Нұрланова

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбының
жаратылыстану-математикалық бағытына арналған оқулық

Оқулыққа Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайынан алынған
суреттер қойылған

Суретшілері	А.Айтжанов, С.Пернебаева
Бас редакторы	Қ.Қараева
Редакторы	А.Ізет
Техникалық редакторы	В.Бондарев
Көркемдеуші редакторы	Е.Мельникова
Бильд редакторы	Ш.Есенкулова
Суретші-безендіруші	О.Подопригора
Мұқабаның дизайны	В.Бондарев, О.Подопригора
Беттегендер	Г.Илишева, Т.Макарова



Назар аудар

Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда, қосымшаны *arman-pv.kz* сайтынан тауып, өз компьютеріңе жүктеп алуыңа болады

Сатып алу үшін мына мекенжайларға хабарласыңыздар:

Нұр-Сұлтан қ., 4 м/а, 2 үй, 55 пәтер.

Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел.: 8 (727) 316-06-30, 316-06-31. E-mail: info@arman-pv.kz

«Арман-ПВ» кітап дүкені

Алматы қ., Алтынсарин к/сі, 87 үй. Тел.: 8 (727) 303-94-43.

Теруге 15.05.18 берілді. Басуға 11.05.19 қол қойылды. Пішімі 70x100 ¹/₁₆.

Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «ММ Мектептік». Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 10,32. Таралымы 46000 дана.

Артикул 810-002-002к-19